

ПАЁЗ МҰСАЕВ, ЖАҢАНГИР МҰСАЕВ

GEOGRAFIYA

ӨЗБЕКСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ГЕОГРАФИЯСЫ

Жалпы орта білім беретін мектептердің
8-сыныбына арналған оқулық
Толықтырылған алтыншы басылым



Өзбекстан Республикасы
Халықта білім беру министрлігі бекіткен

«SHARQ» БАСПА-ПОЛИГРАФИЯ
АКЦИОНЕРЛІК КОМПАНИЯСЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫ
ТАШКЕНТ – 2019

УО·К: 91(575.1)(075)

КВК 65.04ya721

М – 97

П і к ір жазғандар:

Н.САФАРОВА, Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университетінің «География және оны оқыту методикасы» кафедрасының доценті, география ғылымдарының кандидаты;

А. ЖАББОРОВ, Мұқими атындағы Қоқан мемлекеттік педагогика институтының «География оқыту методикасы» кафедрасының доценті.

Ш.ХОЛМУРОДОВ, Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университетінің «География және оны оқыту методикасы» кафедрасының аға оқытушысы;

С.БЕРДИЕВА, Ташкент қаласы Мірабад ауданы 213-санды жалпы білім беретін мектептің география пәні оқытушысы.

М – 97

Мұсаев, Паөз.

Өзбекстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы: жалпы орта білім беретін мектептердің 8-сыныбына арналған оқулық/ Авторлар: П.Ф.Мұсаев, Ж.П.Мұсаев. – Т.: «SHARQ», 2019. – 176 б.



Оқулықтың тақырыптарына жайғастырылған бұл QR – код белгілерін сканер жасау арқылы тақырыптарға тиісті интернет мәліметтерінен пайдалануыңа болады.

УО·К: 91(575.1)(075)

КВК 65.04ya721

Республика мақсатты кітап қоры қаржылары есебінен жалға беру үшін басылды.

ISBN 978-9943-26-917-0

© П.Мұсаев, Ж.Мұсаев, 2004, 2014, 2019.

© «Шарқ» БПАК Бас редакциясы, 2004, 2014, 2019.

I БӨЛІМ. ӨЗБЕКСТАННЫҚ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРНЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



1-сабак



KIPIСПЕ

Өзбекстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы нені зерттейді?

Сен енді өткен сыйыптарда алған білімдерің негізінде Жер жүзі, соның ішінде, мемлекетіміздің табиғаты туралы басқаларға да мәлімет берे аласың. Олардан тыс, басқа да ғылымдар бар, яғни олар адамдардың қызметі, тұрмыс салты және өндірістің аумақтық өзгешелігі сияқты адамзат, қоғам өмірімен тікелей байланысты. Міне, осы білімдерді зерттейтін ғылым **экономикалық және әлеуметтік география** деп жүргізіледі. Ол тұрғындар қызметінің аумақтық құрылымын байланысты экономикалық және әлеуметтік мәселелерді белгілі бір мемлекет бойынша да, бүкіл дүние жүзі бойынша да зерттейді. Бұл оку жылында сүйікті Отанымыз – **Өзбекстанның экономикалық және әлеуметтік географиясын** үйренесің.

Шынында да, зауыт, фабрика, фирма, емхана, білім беру орны яки тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары мұқият ойланбай кез келген жерге құрылса, кісілерді әуреге, еңбек пен қарожатты бекер жұмсауға мәжбүр етеді. Нәтижеде, бұл әлеуметтік еңбек өнімділігінің артуына көрі әсер етеді.



Әлеуметтік еңбек өнімділігі – материалдық өндірісте жұмыс істейтін әрбір жұмысшының есебінен пайда болған ұлттық табыс мөлшері.

Еңбек өнімділігі өндірістің машиналар, тәжірибелі жұмысшылар, электр энергиясы, табиғи байлықтармен қамтамасыз етілгеніне, кәсіпорын мен тұрғындар мекенжайларының адамдарға қолайлы, әрі табиғи ортаның бұзылмайтын жерде орналасуына, еңбекшілердің жасау жағдайларына, де- малуы мен оларға мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетілуіне де байланысты.

Егер шикізат, жанармай, энергия көздері мен жұмысшылар өзара қатар орналасса, өндірісте жоғары нәтижелілік қамтамасыз етіледі. Бірақ, мұндай қолайлы орналасу сирек кездеседі. Кейбір жерлерде шикізат жеткіліксіз болса, басқа жерде жанармай, энергияның жетіспеушілігі байқалады. Соның үшін де мемлекетті өркендетудің ұлттық бағдарламаларында халықты, өнеркәсіп орындарын орналастыру мен табиғат байлықтарын пайдалану мәселелерін аумақтық біртұтастық негізінде ұйымдастыруға жеке мән беріледі.





Өзбекстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы
мемлекетіміздің ұлттық экономикасын халық және табиғи жағдаймен өзара байланысты түрде үйреніп, оны аумақтық ұйымдастырудың жалпы қағидаттарын ғылыми түрғыдан негіздел береді.

8-сынып географиясы Сені мемлекетімізде әлеуметтік еңбек өнімділігін арттыруға, табиғи ресурстарды қорғауға және жалпы халық тұрмысының жасампаздығына көмек беретін географиялық білімдермен қаруландырады. Сондай-ақ географиялық білімінді арттыруда түрлі деректерден еркін пайдалану әдістерін құрайды.

Бұл ғылымның корытындылары үшін негіз болған мәліметтер – айғақты дәлелдер заманға сай өзгеріп отырады. Оқулықта берілген номірлі мәліметтер, сурет, карта-сызбалардағы мәліметтер және тіпті, жер аттары да ертең бүтінгіден де өзгеше болуы мүмкін. Экономикалық және әлеуметтік географияға тән бұл жағдай күнделікті оқиға мен құбылыстардан үнемі хабардар болып тұруды қажет етеді.

Елімізде базар экономикасына өту сияқты құрделі және кеңінен қамтылған үдеріс болып жатыр. Мұндай кезде мемлекетте, әрбір қала немесе ауылда анық бір ділгірліктердің пайда болуы табиғи. Оқулық сені осындағы ділгірліктермен таныстырады, әрі олардың шешімін табуға үйретеді.

Халқымыз өркениет жолында табандылықпен еңбек етуде. Мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайтуда, әсіресе, сен жастар белсенділік көрсетулерің және болашақтағы қызметтерің өнімді болуы керек. **Өйткені, еңбек өнімділігі базар қатынастарына өтуде ең маңызды және ең негізгі алғышарт болып табылады.** Өзбекстанның экономикалық және әлеуметтік географиясын үйрену бұл міндеттің қажеттілігін түсінуге, демек, өз азаматтық борышынды орындауға, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық өмірінде белсенді қатысуына көмек береді.

Қолындағы оқулық мемлекетіміздің ұлттық экономикасымен таныстырумен қатар географиялық мазмұндағы түрлі әдебиеттерден, алғашқы деректерден пайдалануға мүмкіндік беретін дағды және тәжірибелермен қаруландырады. Сен бұл оқулықтан экономикалық географиялық объект, құбылыс пен үдерістерді суреттеу, баяндау әдістерін де үйреніп аласың.

1. Оқулық мұқабасының екінші бетінде берілген экономикалық және әлеуметтік ұғым мен терминдердің кемінде екеуіне түсінік беруге әрекет жаса.
2. Сенің пікіріңше, өндіріс орындарын орналастыруда кайсы алғышарттар қажетті болып табылады? Жауабынды дәлелдей беруге әрекет жаса.





Географиялық орын дегенде нені түсінуге болады?

Белгілі бір мемлекет, аумақ, облыс, қала, аудан, махалла, тіпті ауланың өзіне тәндіктерінің бірі – олардың Жер жүзіндегі қайталаңбас орны. Бұлар географиялық орын деп аталады. Географиялық орын маңызына қарай **табиғи географиялық орын, экономикалық географиялық орын және саяси географиялық орын** болып топтарға бөлінеді.



Табиғи географиялық орын, негізінен, мұхит, теңіз, өзен, тау, шөл, орман, адыр сияқты ірі табиғи объектілерге қатысты орналасқан орнына қарай белгіленсе, **экономикалық географиялық орын** дүниенің еркін экономикалық аймактары, дүние сауда жолдары, ірі сауда-өнеркәсіп орталықтары және табиғи байлықтардан пайдалану мүмкіндіктерімен белгіленеді. Ал **саяси географиялық орын** белгілі бір дәуірде жеке бір мемлекеттің әскери келіспеушіліктер болып жатқан яки болуы ықтимал аумақ пен мемлекеттерге қатысты қаншалықты байланыстылығына қарай бағаланады.

Географиялық объектілер өзара байланысты болады. Міне, сол байланыстылықтың көлеміне сәйкес географиялық орын микро, мезо, макро шеңберінде көрініс табады. Енді Отанымыз Өзбекстанның географиялық орнындағы өзіне тән жақтары, оны айқындаушы алғышарттарды қарастырайық.

Табиғи географиялық орын. Өлкеміздің ауа райы жылдың көптеген бөлігінде ашық және құрғақ болады. Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік әнұраныда «*Serquyosh hur o'lkam...*» деп басталады. Табиғи географиялық орын арқылы күншуақты және ыстық күндердің көпкө созылуы мемлекетіміздің ауыл шаруашылығы, транспорт және тұрмыста еңбек пен қаржылардың үнемделуіне мүмкіндік береді. Бұлтыз аспанымыз астрономиялық зерттеулерде де қолайлы келеді. Әбу Райхан Беруни, Ахмет әл-Ферғани, Мырза Ұлықбек сияқты ғарыш білімпаздары біздің елімізден шыққаны көздейсоқ емес.

Экономикалық географиялық орын. Кез келген мемлекеттің дамуын сыртқы экономикалық байланыстарсыз елеестетуге болмайды. Ал сыртқы экономикалық байланыстың деңгейі халықаралық еңбек бөлінісі, экономикалық географиялық орынның мүмкіндіктеріне байланысты. Адамзат дамуының белгілі басқыштарында ірі халықаралық сауда жолдары маңызды алғышарт болған.

Экономикалық географиялық орынның мүмкіндіктері дәуірдің өтуімен



өзгеруі мүмкін. Бұған саяси оқиғалар, ірі табиғи байлық қорларының табылуы мен өндірілуі, транспорт құралдарының жетілдірілуі себеп болады. Мұны еліміздің экономикалық географиялық орнында болған өзгерістер мысалында қарастырамыз.

Біздің әрамызыңға дейінгі II ғасырдан XVI ғасырға дейінгі Шығысты (Үндістан, Қытай) Батыспен (Еуропа мемлекеттері) байланыстырып тұрған негізгі сауда жолы – «Ұлы Жібек жолы» Орталық Азия арқылы өткені белгілі. Нәтижеде, Орталық Азия базарларында тауар айырбастау үде, ол қолөнершілік пен диқаншылықтың өркендеуіне, қалалардың, ғылымның, мәдениеттің дамуына түрткі болған. Кейіннен Шығыс пен Батыс арасындағы сауда жолдары құрлықтан теңіз-мұхиттарға көшкен соң, Орталық Азия экономикалық географиялық орнындағы қолайлылық жойылған.

XIX ғасырдың соңында Орталық Азияда теміржол құрылды. Нәтижеде Самарқант, Ташкент сияқты ірі қалалар теміржол арқылы Ресейдің орталық аудандарымен байланысып, Өзбекстан аумағының экономикалық географиялық одан әрі қолайлық тудыра бастады. Бірақ Кеңес дәүірінде экономикалық географиялық орынның қолайлықтарынан негізінен бұрынғы Одақ мұдделі еді. Өзбекстан ашық теңізге (мұхит) тікелей шығу мүмкіндігіне ие болмаған, дүниежүзі мұхитына шығу үшін кемінде екі мемлекеттік аумағын кесіп өту қажет болған дүниедегі екі мемлекеттің бірі болып саналатындығы белгілі. Екіншісі Лихтенштейн мемлекеті. Сол үшін Өзбекстан транспорт құрылымын жетілдіріп, дүниежүзі мұхитына шығудың ең тиімді және сенімді бағаттарын таңдау барысында шаралар өткізді.


Тәуелсіздіктің арқасында Өзбекстан шет мемлекеттермен еркін байланыс орнату құқығына қол жеткізді. Тарихи қысқа мерзімде оны ежелгі оңтүстік көршілері Ауғанстан, Пәкістан, Иран және батыстан Түркия, шығыстан Қытай және басқа мемлекеттермен байланыстыратын құрлық және әуе жолдары ашылып, Өзбекстан экономикалық географиялық орнын жақсартып алды.



Әсіресе, Өзбекстанның «Бір белдеу, бір бағыт» жобасында қатысуы нәтижесінде көне Жібек жолының жағдайын қайта тіктеу, өніраалық экономикалық ынтымақтастықты дамыту, мемлекеттердің транспорт инфрақұрылымын біріктіру мүмкіндігі күшейді.

Кейде көрші мемлекеттердің аумағындағы мүмкіндіктер де мемлекеттің экономикалық географиялық орнына әсер етуі мүмкін. Мәселен, Түркіменстан мен Иранды байланыстыратын теміржол құрылғаннан кейін, одан Өзбекстан сыртқы байланыстарда пайдалана бастады.

Демек, кез келген аумактың экономикалық географиялық орнын бағалауда



I-сурет. Өзбекстанның макрogeографиялық орны.

оның ірі көлік тораптарына, соның ішінде, теңіз жолдарына қарай қалай орналасқандығы ескеріледі еken. Сол түрғыдан Өзбекстанның экономикалық географиялық орны барған сайын қолайлыш болуда.

Экономикалық және әлеуметтік өмірде мемлекеттің **саяси географиялық орны** да маңызды алғышарт болып саналады. Өзбекстан суверенитетін дүниежүзі қауымдастыры тән алғып, онымен 130-дан астам мемлекет дипломатиялық байланыстар орнатқан, көшпілігі елшіліктер ашқан. Сонымен қатар көптеген мемлекеттерде Өзбекстан елшіліктері қызмет етуде. Өзбекстанның түрлі халықаралық ұйымдарға, атап айтқанда, Еуропада қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүшелігі, Өзбекстанмен шекаралас, тарихында ортақтық байланыстары үстем болған Қазақстан, Қырғызстан мен Тәжікстанның да дәл осы халықаралық ұйымдарға мүшелігі мемлекеттің саяси географиялық орнын белгілейтін онтайлы алғышарт болып табылады.

1. Сеніңше, мемлекеттің облыстарының қайсы бірінің экономикалық географиялық орны ең қолайлыш? Жауабынды негізден бер.
2. Мектебің орналасқан ауданның экономикалық географиялық орнын төмендегі жоспар негізінде сипаттап жаз:
 - а) аудан шекарасының ерекшеліктері; ә) көрші аудандағы қандай алғышарттар аудан шаруашылығының кетерілуіне үлес қосып жатқандығы; б) ауданың көліктің қай түрі арқылы басқа аудандармен байланыста болып жатқандығы.
3. Мемлекеттің мұхиттардан қанша алыс екендігін 8-сыныптың оку атласынан анықта.



ӨЗБЕКСТАННЫҢ ӘКІМШІЛК-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Өзбекстанның әкімшілік-территориялық құрылымы, аумақ шекараларының бейнесі оны басқару және жетілдіруде маңызды рөл атқарады. Өзбекстан Республикасының аумағы 448,9 мың кв.км болып, дүниенің ең дамыған мемлекеттері саналған Жапония, Германия, Ұлыбритания, Италия сияқты мемлекеттердің аумағынан үлкен (2-сурет). Астанасы Ташкент қаласы.

Өзбекстанның әкімшілік-аумақтық құрылымы 3 сатыдан құралған. Бірінші сатыда Қарақалпақстан Республикасы, 12 облыс және Ташкент қаласы орналасқан. Өз кезінде Қарақалпақстан Республикасы мен облыстар олардың қарамағындағы аудан мен қалалардан құралған. Ташкент қаласы қаланың ішіндегі аудандардан құралған.

Қарақалпақстан Республикасы мен облыстардың аудандары оның қарамағындағы қалалар, қалашықтар, ауылдық азаматтар жиынынан тұрады (3-сурет).

Мемлекетіміздегі облыстар Әндижан, Бұхара, Жызак, Науайы, Наманган, Самарқант, Сырдария, Сұрхандария, Ташкент, Ферғана, Қашқадария және Хорезм деп аталуынан хабарың бар. Облыстардың аумағы мен халық саны бойынша бір-бірінен үлкен айырмашылық етеді. Тәуелсіздік жылдарында облыстардың саны мен аталуында өзгерістер болмады. Аудан, қала, қалашық, қыстақ пен ауылдардың саны мен аталуы аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық дамуына сай түрде әрдайым өзгеріп барды.

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МАЙДАНЫ САНДАРДА



2-сурет. Өзбекстан Республикасының майданы (2018-жыл бойынша).





3-сүрет. Озбекстан Республикасының әкімшілік-аймақтық кұрылымы.

Озбекстанда облыс, аудан, қала, қалашық, қыстақ, ауылдарды құру, аяқтау, олардың шекараларын өзгерту, әкімшілік орталықтарын көшіру және халық пункттерін қала, қалашықтары қатарына өткізу Заң негізінде тәртіпке салынады.

Облыс пен аудандарды құру және аяқтау, олардың шекараларын өзгерту тіру Озбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ұсынысына сәйкес Олий Мәжіліс тарапынан жүзеге асырылады.

Қарақалпақстан Республикасының шекарасы тек қана оның разылышымен Жоғарғы Кеңес қаулысына сәйкес Олий Мәжіліс тарапынан өзгертуі мүмкін. Қарақалпақстан Республикасындағы аудандарды құру және аяқтау Қарақалпақстан Республикасы үкіметінің ұсынысына сәйкес Жоғарғы Кеңес тарапынан Озбекстан Республикасы Олий Мәжілісінің ризалығымен жүзеге асырылады (Озбекстан Республикасы Конституциясының 69-бабы).

Қыстактар, ауылдарды құру және аяқтау, шекарасын өзгерту тиісті аудан әкімдерінің өтініміне сәйкес халық депутаттары облыс кеңестері тарапынан, ал Қарақалпақстан Республикасында – Жоғарғы Кеңес тарапынан жүзеге асырылады.

Мемлекетіміздегі қалалар да бойсұнуына қарай 3 топқа:

1. Озбекстан Республикасы қарамағындағы;
2. Қарақалпақстан Республикасы және облыстар қарамағындағы;

3. Аудан қарамағындағы қалаларға бөлінеді.

Мемлекетіміз астанасы – Ташкент қаласы Өзбекстан Республикасы қарамағындағы жалғыз қала болып саналады.



Қарақалпақстан Республикасы мен облыстар қарамағындағы қалалардың қатарына, ереже бойынша кемінде 30 мың халқы болған, маңызды әкімшілік мәнге ие, болашақты экономикалық және мәдени орталықтар деп саналған қалалар енгізілуі мүмкін.

Хиуа мен Шахрисабз қалалары облыс қарамағына өткізілген ең жаңа қалалар болып саналады (2017-жыл). Бұл шаралар Өзбекстан аумағында орналасқан бұл көне қалаларға туристер ағымын айтартылғатай арттыру мүмкіндігін береді.



Аудан қарамағындағы қалалардың қатарына, ереже ретінде, кемінде 7 мың халқы болған, өнеркәсіп кесіпорындары мен дамыған инфраструктурасы бар халық пункттері енгізілуі мүмкін.

Қалашықтарды, халық пункттерін аудан қарамағындағы қалалар қатарына енгізу, оларды қайта құру тиісті облыс әкімдерінің өтінішіне негізделе Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ұсынысына сәйкес Олий Мажлис тарапынан, ал Қарақалпақстан Республикасында – тиісті аудан әкімдерінің өтінішіне негізделе Қарақалпақстан Республикасы үкіметінің ұсынысына сәйкес Жоғарғы Кеңес тарапынан жүзеге асырылады.

Қалашықтар қатарына өнеркәсіп кесіпорындары, құрылыштар, темір жол станциялары мен басқа қажетті нысандарға жақын жерде орналасқан және ереже бойынша кемінде 2 мың халқы болған халық пункттері енгізілуі мүмкін.



1. Қосымшада әдебиеттерден пайдалана отырып майданы бойынша Өзбекстаннан үлкен және кіші болған мемлекеттерді мүмкіндігінше көбірек тауып, дәптеріңе жаз.
2. Өзбекстан облыстарының қайсысында халық ең көп және ең аз, қайсысының майданы ең үлкен және қайсысынің ең кіші екендігін оқулық қосымшасындағы 1-кестеден анықта.
3. 8-сынып контурлы картасында әкімшілік-аумағы құрылымы картасын боя. Өзбекстан Республикасы, Қарақалпақстан Республикасы астаналары мен облыстар орталықтары болған қалаларды белгіле.






Сен 5-7 сынып табиғи география сынныптарында түрлі табиғи географиялық карталармен істедің. Енді 8-сыныпта халық пен экономикаға сай білімдерді үйренуде әлеуметтік-экономикалық географиялық карталардан пайдаланасың. Бұл карталарда халық пункттері, пайдалы қазба көндерді, өнеркәсіп орталықтары, ауыл шаруашылығы мен байланыс жолдарының аумақтық орналасуы көрсетіледі. Оларды карталарда бейнелеу үшін нұктелер, картодиаграмма, картограмма сияқты өзіне тән әдістерден пайдаланылады.

Әлеуметтік-экономикалық карталар – әлеуметтік, шаруашылық, оқиға мен үдерістерді көрсетеді. Мұндай карталардың тақырыптары әр түрлі болып, олар тарихи, халық, шаруашылық және оның салалары, қызмет көрсету саласы, ғылым және мәдениет, рекреациялы, транспорт, сыртқы экономикалық байланыстар мен басқаларға ажыратылады (4-сурет).

Мұндай карталардың ең ірі топтарының бірі бұл **өнеркәсіп карталары**



4-сурет. Теміржолдың ұзындығы және тығыздығы (2018 жыл).

болып табылады. Себебі олар бір жақтан әрбір өнеркәсіп түрлері туралы мәлімет берсе, екінші жақтан жеке бір аумақ, мемлекет яки дүниенің өнеркәсіп өндірісі жөнінде мәлімет береді. Сондай-ақ мұндай карталар өнеркәсіптің даму тарихы мен басқыштарын да көрсете алады.

Аударуашылық карталары аталмыш саланың географиялық орналасуы, оның даму жағдайларын, қоршаған ортамен өзара әсерін көрсетеді. Бұл салада диқаншылық, мал шаруашылығы мен комплекс карталарды жеке үйренуге болады. Мұндай карталарда аударуашылық өнімдері егілген жерлердің майданы, егіндердің өнімділігі, мал шаруашылығының түрлері мен олардың өнімділігі, аударуашылығын жүргізу жағдайлары көрінеді. Сондай-ақ мұндай карталарда жетістірілген аударуашылығы өнімдерін қайта өндеду бағыттары мен бұл саланың аудандастыру мәселелерін үйренуге болады.



Халық карталары негізінен халық сына, динамикасы, географиялық орналасуы, тығыздығы, халықтың жынысы мен жас құрамы, демографиялық үдерістер (туылу, өлім, неке және басқ.), халық миграциясы, оның кәсіби белсенділігі мен түрлі салаларда қызмет етуі, халықтың үлттық құрамы сияқты мәліметтерді өз ішіне алады.

Қазіргі күнде әлеуметтік-экономикалық карталардың қолдану шеңбері жедел шақтарда кеңейіп, экономикалық карталарға қарағанда әлеуметтік карталар көбейіп баруда. Мәселен, бүгінгі күнге келіп электорал (яғни сайлау және дауыс беру) мәселелерін көрсететін, сондай-ақ қылмыс көбірек қайсы аумақта болып жатқандығын көрсететін карталар жаратылуда.

XXI ғасыр технологиялар ғасыры болып, ежелден қолданылып келінген баспа карталардың орнын электрон карталар жедел иелеп келуде. Бүгінгі күнде халық арасында кеңінен танымал болып, пайдалану дәрежесі артып бара жатқан Google map, GPS бағдарламалары солардың қатарынан. Мұндай электрон карталар арқылы әлеуметтік-экономикалық нысандарды (қала, өнеркәсіп кәсіпорны, ресторан, шаштараз және басқалар) орналасқан орнын анықтау, олардың біржолата фотосуреттерін көру, оған алып баратын ең қысқа жолдарды анықтау мүмкіндігі бар.

1. 8-сынып окуатасында «суармалы жер», «халқы 100 мыңдан астам қала» және «газ құбырлары» қандай белгілерде көрсетілгенін дәптеріңе жаз.
2. Окуатасының көмегімен 8-сынып контурлы картасының бірер такырыпты картасын боя. Шартты белгілердің койылуына мән бер.
3. Картадан мемлекеттің апта күндерімен аталатын жерлерді тап. Олар қайсы облыстарда орналасқандығын география дәптеріңе жаз.



II ТАРАУ. ӨЗБЕКСТАННЫҢ ТАБИГИ БАЙЛЫҚТАРЫ, ХАЛҚЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫ



5-сабак



ӨЗБЕКСТАННЫҢ ТАБИГИ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ТАБИГИ БАЙЛЫҚТАРЫ

Табиғи жағдай табиғи байлықтардан несімен өзгешеленеді?

Өзбекстанның жерүсті құрылымы сан алуан. Соған орай табиғаты да, байлықтары да әр түрлі болады.



Қолайлыштық **табиғи жағдай** өндіріс жемістілігінің маңызды табиғи алғышартты.

Табиғи жағдай, әсіресе, **ауыл шаруашылығында, пайдалы қазбаларды** қазып алу және **көлік қатынасында** айқын байқалады. Тау рельефі, сортанды жерлер, шөлдер, тақырлар, жартастар аумақты шаруашылық тұрғыдан игеруді қыындастырады. Құрғакшылық жылдарда өзен сулары азайып, егіндерді сүмен қамтамасыз ету қыындаиды. Бірақ, ғылым мен техниканың өркендеуінен өндірістің табиғи жағдайға байланыстылығы жеңіп келуде. Бұл күнде адамзаттың табиғатқа әсері қүшейіп, кері салдарға да алып келуде.



Табиғи байлықтар табиғи жағдайдан өзгешеленіп, өндіріске тікелей байланысты, яғни оның шикізаттық және энергетикалық базасын құрайды.

Ең маңызды табиғи байлықтардың бірі – бұл **жерасты байлықтары (минерал ресурстар)**. Олардан өнеркәсіпте, тұрмыстық қажеттіліктерде кең көлемде пайдаланылады (5-сурет).


Өзбекстан – үлкен жерасты байлықтарына ие болған мемлекет. Бірақ мемлекет экономикасының шикізатқа және жанаармайға болған қажеттілігі тоқтаусыз артып баруда. Қазір табиғи байлықтардың жартысына жуығынан пайдаланылуда. Солай болса да, табиғи байлықтар қорынан үнемдеп пайдалануымыз қажет. Өйткені жерасты байлықтары таусылатын және қалпына келмейтін байлық болып табылады.

Қалпына келмейтін байлықтардан тиімді пайдаланудың негізгі шарттары:

- ◆ кендерден қазбаларды толық қазып алу;
- ◆ қоршаған ортаның бұзылудына жол бермеу;
- ◆ барлық бағалы заттардан кешенді-жетік пайдалану;
- ◆ геологиялық барлау жұмыстарын кезеңдік жалғастыру;



ТАБИГИ БАЙЛЫҚ ҚАНДАЙ МАҚСАТТА ҚОЛДАНЫЛУЫ



5-сурет. Табиғи байлықтардың қолданылуы мен түрлері.

- ♦ өнім бірлігіне жұмысалатын шикізат пен жанармайды үнемдейтін техника мен технологияны қолдану.

Қалпына келмейтін байлықтардан тиімді пайдалану керек. Болашақ үрпақ та ғұл байлықтардан пайдалансын.

Ең маңызды табиғи байлықтардың тағы бірі – **су**. Ауыл шаруашылығында су көп мөлшерде жұмысалады. Өнеркәсіп кәсіпорындары үшін де су көп талап етіледі. Кәсіпорындар ең үлкен қалалардың халқы пайдаланатын судан көбірек суды «ішіп» қоюда. Су – қалпына келтірілетін табиғи байлық.

Ауыл шаруашылығында пайдаланылатын **құнарлы топырақ (жер)**, халық қажеттілігі үшін зәру **есімдік** пен **жануарлар** өлемі (балық, жабайы хайуандар), адам өмірі үшін қажет болған **ая** да таусылатын және қалпына келтірілетін табиғи байлыққа тән. Ташкент, Фергана, Науай сияқты қалалар, кейбір өнеркәсіптік аудандар аумағында ауыл құрамындағы оттегі халық қажетін өтей алмай жатыр. Өйткені, оттегі қоры болған өсімдіктер ондаған жылдар барысында қалпына келтіріледі. Құнарлы топырақ одан да баяу қалпына келеді. Өлкеміздің аумағы ауыл шаруашылығы өнімдерін өсіру үшін қолайлыш ауа райы жағдайына ие. Ғұл **агроклиматтық** байлығы таусылмайтын табиғи байлық болып табылады.

Мемлекетіміздің аумағы таусылмас **күн энергиясы** байлығына ие. Күн энергиясы таусылмайтын табиғи байлық болып саналады. Күннен келетін ыстықты электр энергиясына айналдырудың болашағы өте үлкен.





1. Табиғи жағдай мен байлықтар ұлттық экономиканы дамытуда қандай мәнге ие?
2. Табиғи байлықтардың қандай түрлерін білесің?
3. Табиғи байлықтардың маңызы қалай бағаланады?
4. Мемлекетіміз табиғи байлықтарын игеруге кай жерлерде жағдай қолайлы екенін картадан анықта.



ТАБИҒИ ЖАҒДАЙ МЕН ТАБИҒИ БАЙЛЫҚТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАДАҒЫ МАҢЫЗЫ

1. Өзбекстан аумағында қандай табигат аймақтары бар?
2. Өзбекстандағы пайдалы қазбалар туралы нелерді білесің?

Мемлекетіміз аумағын табиғи жағдайы мен шаруашылықтағы маңызына қарай шөл, адыр, тау, жайлауларға бөлуге болады.



Өзбекстанда теңіз деңгейінен 400 метр биіктікке дейін болған жерлер **шөл аймағы** болып саналады.


Бұл жерлерден жайлау ретінде пайдаланылады, бірақ шөлдің азықтық байлығы өте аз. Бір қойды бағу үшін 2-3 гектар жайылым талап етіледі. Осы есептен Өзбекстан шөлдерінде 10 млн-ға дейін қой бағуға болады. Бірақ, шөлдердің тиімділігі әр гектар есебімен суарылатын жерлердегіге қарағанда 100 есе аз.

Шөл аймағында мұнай, газ, күкірт, алтын сияқты минерал байлықтардың корлары анықталған (6-сурет). Соның ішінде, газдың қоры 2 триллион куб метрден асады. Сұрхандария алқабында және Қызылқұмда фосфорит кендері бар. Күкірт, натрий және магний тұз кендері химия өнеркәсібінің маңызды шикізаты болып табылады. Шағыл, құм сияқты құрылыш шикізаты да өте көп кездеседі.



Республикамызда теңіз деңгейінен 400-1200 метрге дейін жоғары болған бөлігі **адыр аймағын** құрайды.

Адырдың ауа райы шөл ауа райына қарағанда бірқалыпты болады. Өсімдік түрі көп және тығыз. Топырағы қараашірікке бай. Бұл жерлерден, негізінен, суармалы, теңіз деңгейінен 1000 метрден жоғары жерлерде суарылмайтын егін шаруашылығы жүргізіледі. Адырлар егіншілік үшін ең қолайлы жер болғандықтан адамдар ежелден сол жерлерде ауыл шаруашылығымен айналыса беріп, оның жер қыртысын, өсімдік пен жануарлар әлемін өзгертуіріп жіберді.



6-сурет. Өзбекстан аумағындағы пайдалы қазбалар.



Tay аймағы Өзбекстанда адырдан биік жерлерде, яғни теңіз деңгейінен 1200 метрден биік болған жерлерге тұра келеді.

Тауларда жаз біршама қысқа, жауын-шашын көп болады. Топырағы өте қараашірікке бай. Тауларда бетеге, рауаш, зіре, тау жалбызы, жогарырақта итмұрын, жидек, ұршық шөп сияқты бұталар, одан да жоғарыда бадам, пісте, долана, үйеңкі, алма, жаңғақ, алмұрт, алша сияқты жеміс ағаштардың жабайы түрлері өседі. Рауаш, тау жалбызы, бөріқарақат сияқты жидектер тамаққа істетіледі. Бадам мен пісте теріп алынады. Жабайы жемісті ағаштарға мәдени жемістерді сұрыптау нәтижесінде таулардың шаруашылықтағы маңызы барған сайын артып баруда.

Тау аймағының шипалы ауа райы және шексіз әсем табигатынан демалу үшін пайдаланылады.

Таулардан көптеген пайдалы қазбалар табылған. Ахангаран алқабының айналасындағы тауларда отқа төзімді лай, тасқөмір, мыс рудасы, алтын кендері анықталған. Нұратта тауларында мәрмәр (Гозгон мәрмәрі), вольфрам кендері бар.



Биік таулардың баурайларында, аласа таулардың жоғары бөлігінде **жайлау аймагы** бар.

Жайлау аумағында жылдың көп бөлігінде ауа салқын, жердің бетін қаралып жатады. Жазы қысқа болып, жауын-шашын көп жауады. Жайлаудың қолайлы жерлерінен мал шаруашылығында пайдаланылады.

Су байлықтары. Өзбекстанның ауыл шаруашылығын, өнеркәсібі мен халқын сумен қамтамасыз етуде таулардағы қарлар негізгі су қоры қызметін өтейді. Өлкеміздегі өзендердің дерлік баршасы таулардан басталады.



Өзендердегі жылдық судың 70-95 пайызы 3-4 айдың барысында көктем айларына және жаздың басына тұра келеді. Өзен сулары құрылған **су қоймаларына** жиналып, жыл барысында үнемдел жұмсалады.

Ағын суларды ластамау үшін өнеркәсіпте және тұрмыстық-коммуналдық шаруашылықта пайдаланылатын сулар тазалап шығарылады. Өзбекстанда су табиғи байлық қана емес, бәлкім ұлттық құндылық болып та саналады.

Өзендеріміздің суарудан тыс, электр энергияның қайнар көзі ретінде үлкен маңызға ие. Қазіргі кезде өзендерге құрылған ГЭС-терден жылына орташа 5 млрд кВт сағат электр энергия алынуда. Өзбекстан жағдайында жасанды су қоймасын құру мақсатында өзенді тоғанмен тосу арқылы біржола ГЭС құру мүмкіндігінен пайдаланылып жатыр.

Жер байлықтары. Өзбекстанның жалпы жер ауданы 44,4 млн. гектарды құрайды. Мұның дерлік жартысы ауыл шаруашылығына тиісті жер майдандары болып табылады.

Өлкеміз үлкен жер байлығына ие болса да, одан да тиімді пайдалану керек. Кері жағдайда жерлер сор жерге, жарға және шөлге айналуы мүмкін. Көрізді арықтар қазып, жер асты суларын қашыру, мезгілімен топырақты жиі жуып тұру, ауыспалы егіс тәртібін сактау сияқты мелиорация және агротехника шаралары жерді дұрыс пайдаланудың маңызды жолдары болып саналады.



1. Табиғи жағдайдың Өзбекстан экономикасындағы маңызын түсіндір.
2. Өлкеміз аумағындағы пайдалы қазбалар көндерін контурлы картага белгіле.
3. Мектебің орналасқан ауданға төмендегі жоспар негізінде географиялық сипаттама бер: а) географиялық орынның ерекшеліктері; ә) диқаншылық пен мал шаруашылығында пайдалануға болатын жерлер; б) қосымша жерлерді игеру болашақтары; в) жем-шөптердің мал шаруашылығы сұранысын қай дәрежеде қанағаттандыра алуы; г) табиғат байлықтарын қорғау және олардан дұрыс пайдалану бойынша қандай шаралар өткізіліп жатқандығы.



Өзбекстан болашақта ұлы мемлекет болуы үшін қолайлы табиғи жағдай да, сан алуан табиғи байлықтар да жеткілікті. Бірақ бұл байлықтар адамдардың санасы мен деңе еңбегінің арқасында ғана адамдардың игілігіне, қоғам дамуына қызмет етуі мүмкін. Миллиондаған адамның еңбегін тиімді ұйымдастыру үшін халық саны, құрамы мен мемлекет аумағында орналасуы есепке алынуы қажет.

Өзбекстан халқы мен адам алғышартын (еңбек ресурстарын) қайта өндіретін мемлекеттердің бірі болып саналады. Өзбекстан Республикасының халқы 2019 жылы 33,2 млн адамнан асқан (7-сурет).


Біріккен Ұлттар Ұйымының халықтанушы қорының мәліметтеріне сәйкес (2018 ж.) Өзбекстан халқының саны бойынша дүние жүзінде 44-орында тұрады. Халықтың өлім көрсеткішіне қарағанда туылу көрсеткішінің артықтығы есебінен әрқашан көбейіп отырады. Мұндай көбею халықтың табиғи көбеюі делінеді. Халық миграция есебінен де көбейеді. Мұны халықтың механикалық көбеюі деп атайды (8-сурет).



Миграция – көшу деген мағынаны білдіреді. Миграция ішкі миграция және сыртқы миграцияға бөлінеді. Ишкі миграция – халықтың мемлекет ішіндегі, оның аудандары арасында немесе ауылдық жерлерден қалаларға көшіп өтуі. Сыртқы миграция – мемлекеттен көшіп кету (эмиграция) яки мемлекетке көшіп келу (иммиграция).




7-сурет. Өзбекстан халқының көбеюі (млн адам есебінде).



8-сурет. Халықтың табиғи және механикалық көбеюі (2018 жыл, мың адам есебінде).





9-сурет. Өзбекстан халқының өмір үзақтығы корсеткіші (жас).

Тәуелсіздік жылдарында мемлекеттің халықтың туылуы мен өлім көрсеткіштерінде де өзгерістер болды. 1991 жылы республикада 723,4 мың шақты бала туылған болса, кейінгі жылдарда түу саны азайып, 2001 жылда түу 513 мың шақтысын құрады. Кейіннен халық санының артуы, оның түрмис жағдайының көтерілуімен түу саны да көбейді және 2017-жылға келіп 716 мыңдан астам бала дүниеге келді. Қазіргі кезде Өзбекстан халқы жылына жарты миллионнан астам адамға көбейіп баруда.

Жоғарыдағыдан мынадай қорытынды жасауға болады, тәуелсіздіктің алғашқы 10 жылдығында туылғандардың саны азаю тенденциясына ие болса, екінші онжылдық пен одан кейінгі дәуірде туулар саны көбейген.

Халықтың табиғи көбеюінің жоғары қарқындары халықтың тығыздығының (1 кв.км аумаққа тұра келетін халық санының) артуында да өз шешімін табуда. Мұнан 1 ғасыр алдын мемлекеттің бойынша халықтың тығыздығы әрбір квадрат километрге 10-11 адамды құраған болса, енді бұл көрсеткіш 70 адамнан асып кетті.

Халықтың жасау сапасы көрсеткіштерінің бірі бұл бала тууда күтілген өмір үзақтығы есептеледі. Мемлекеттің 2016 жыл аталмыш көрсеткіш 73,8 жасты құраған (9-сурет).

Тууда күтілген өмір үзақтығы көрсеткіші соңғы жылдарда өсу тенденциясына ие болып, соның ішінде, 1991 жылы бұл көрсеткіш 66,4 жасты құрған болса, 2000 жылы 70,8 жаста, 2010 жылы 73,0 жасты құрады.

Мемлекеттің тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап салалар сияқты медицина саласында да байыпты реформалар алғып бару жүмыстары басталды. Медицина саласында мемлекеттің тарапынан көптеген заң, қаулы, қарар және бағдарламмалар шығарылып өмірге

ұсыныла бастады. Аталмыш шаралардың нәтижесінде республикада өлім дәрежесі, соның ішінде, балалар мен аналар өлімі көрсеткіштері төмендеді және бұл өз кезінде республика халқы арасында өмір ұзақтығы көрсеткішінің өсуіне әсерін тигізді.



1. Оқулық қосымшасындағы 1-кестеден пайдаланып халық қайсы облыста тығыз және қайсысында сирек орналасқандығын анықта және себебін түсіндір.
2. Адамзат алғышарты не? Оның экономиканың дамуы мен орналасуына ықпалы нелерде көрінеді?
3. Экономиканың адамзат алғышартына болған қажеттілігі қалай толтырылады?



8-сабак



ӨЗБЕКСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ҚУРАМЫ

Еңбек ресурстары. Халықтың баршасын еңбекке жарамды деуге болмайды. Ерлердің 16 жастан 60 жасқа дейінгі, әйелдердің 16 жастан 55 жасқа дейінгі болғандары ғана еңбекке жарамды есептеледі. Өндірістің кейбір салаларында 50 жас, тіпті 40 жастан зейнетке шығылады. Қазіргі кезде зейнет жасындағылар өз қалауымен жұмыс істесе де болады. Сондай-ақ 15 жасқа толған оқушыларға оқудан бос уақыттарында жұмыс істеуге рұқсат берілген.

Еңбекке жарамдылар мемлекеттің жалпы халқының жартысынан астамын қамтиды. Еңбекке жарамдылардың негізгі бөлігі өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, құрылыста еңбек етеді. Олар пайдалы қазбалар, машиналар, азық-түлік және өнеркәсіп өнімдерін өндіреді, мақта, астық, картоп, жұзім жетілдіреді, ғимараттарды құрады, яғни материалдық байлық жасайды. Білім, ғылым, мәдениет, медицина қызметкерлерінің еңбек нәтижелері өзгеше. Олардың еңбек нәтижелері де пайдалы және қажетті болып табылады (10-сурет).



Адамдардың еңбек етуи екі салаға — материалдық өнім өндіретін және материалдық өнім өндірмейтін салаларға бөлінеді.

Ғылым мен техниканың дамуымен материалдық өнім өндірмейтін саланың рөлі мен бұл салада істейтіндердің саны артады. Мұның үшін алдымен өндіруші салада еңбек өнімділігі артуы керек. Сонда ғана өндіруші саладағы еңбекке жарамды халықтың бір бөлігі өндірмейтін салаларға өтуі мүмкін. Еңбекке жарамдылардың саны және тәжірибесімен бірге рухани жетілуінің де маңызы бар.



ЖУМЫС АДАМНЫҢ ЭКОНОМИКА ТАРМАҚТАРЫ БОЙЫНША БӨЛІNUІ




10-сурет. Еңбекте жұмыс істейтін халықтың экономика тармақтары бойынша бөлінуі (2017 жыл)..

Халықтың жыныстық құрамы. Халықтың құрамына жынысы және жас ерекшелігімен жанасу үлкен маңызға ие (11-сурет). Өйткені, халықты және адам алғышартын қайта дайындау сол ерекшеліктерге байланысты.

Екінші дүниежүзілік соғыстың салдарынан 1945-1960 жылдарды Өзбекстан халқының құрамында ерлердің саны әйелдер санынан анағұрлым аз еді. Жылдардың өтуімен бұл айырма қысқарды. 1959 жылға келіп әйелдер 52 пайызды, ерлер 48 пайызды құрады. Қазіргі кезде халық құрамында ерлер мен әйелдер саны дерлік өзара тең болды.

Халықтың ұлттық құрамында да соңғы онжылдықтарда әр түрлі ұлт өкілдерінде туудың түрліше мөлшерде екендігі және миграция



11-сурет. Халықтың жас және жыныстық құрамы (млн адам есебінде).



12-сурет. Халықтың ұлттық құрамы (пайыз есебінде).

есебіне елеулі өзгерістер болды (12-сурет). Өзбектердің салмағы 1989 жылы 71,5 пайызды құраған болса, 2017 жылға келіп 84 пайызға жетті. Сондай-ақ мемлекетте қарақалпақ пен тәжіктердің салмағы да артты.

Халықтың ұлттық құрамына сай **діни құрамы** да сан алуан. Оның негізгі бөлігін мұсылмандар құрайды.

1. Өндіруші саладағы адамдар қызметінің өндірмейтін саладағы адамдар қызметінен қандай айырмашылығы бар?
2. 12-суреттен халықтың ұлттық құрамын талқыла. Әр түрлі ұлт өкілдерінің салмағында қандай өзгеріс болып жатқанын анықта.
3. Халықтың жасы мен жынысының пирамидасына талдау жаса. Онда бастапқыда ерлер, ал 25 жастан асқан халықта әйелдер салмағының артық себептерін түсіндір.



9-сабак



ХАЛЫҚ МЕКЕН ЖАЙЛАРЫ

Табиғи жағдай, адамдар жаттығуы және түрлі әлеуметтік-экономикалық, тарихи алғышарттардың ықпалында қала, қалашық, қыстак, ауыл көрінісіндегі халық мекенжайлары құрылған.



Мемлекетімізде **119 қала, 1071 қалашық** және **11 мыңдан астам қыстак** пен ауыл бар (2019 жыл).

Қала түріндегі Самарқант, Қоқан, Бұхара, Хиуа, Ташкент сияқты халық мекенжайлары қолөнершілік пен сауда пайда болғаннан кейін пайда болған. Олар дүниедегі ең көне қалалар болып саналады.


ХХ ғасырдың бас кездерінде Өзбекстан аумағында 20-ға жуық қала болған, олар өзен және сай бойында немесе керуен жолдарында




құрылған. Дүниені кезген араб саяхатшысы Ибн Баттута орта ғасырдағы қалаларымыздың әсемдігін суреттеген, одан әсер алған: «Біз сахараны кесіп өтіп Хорезмге келдік. Бұл түркілердің үлкен, қажетті, әсем және ұлы қаласы болып, ғажайып базарлары, кең көшелері өте көп, ғимараттары тартымды, көркем жерлері бар. Қалада өмір қайнайды, халқының көптігі соншалық, толқыған теңізді елестетеді». Ибн Баттута Самарқант қаласын серуендергенде, оны былайша сипаттайды: «Самарқант — өте ірі және аса көрікті қалалардың бірі. Ол Алқап әл-Қассириң өзенінің жағалауында орналасқан. Өзен жағалауында соншалықты үлкен сарайлар мен ғимараттар бой көтеріп тұрады, олар Самарқант тұргындарының озық шеберліктің иесі екендігінен дерек береді».

Қазіргі күнде көне қалаларда түрлі дәуірдің сәулеткерлік үлгілері мен көп қабатты көркем ғимараттар, түзу және кең көшелермен үйлесімділік тауып отыр.

Қалалар халық санына қарай үлкен қалалар (халқы 100 мыңнан астам), ірі қалалар (халқы 250 мыңнан астам), өте ірі қалалар (халқы 500 мыңнан артық) және «миллионер қалаларға» бөлінеді (13-14-суреттер).



13-сурет. Өзбекстан қалалары.



14-сурет. Халқы 100 мың адамнан көп болған қалалар (мың адам есебінде).

Олар бірнеше міндеттерді (функцияларды) атқарады. Мұндай қалалар **кон функциялы қалалар** деп аталады. Мәселен, Ташкент - мемлекет астанасы, өнеркәсіп қаласы, көлік торабы, тарихи-мәдени орталық. Ал, Самарқант - облыс орталығы, өнеркәсіп орталығы және тарихи-мәдени орталық.

Көп функциялы қалалар өте тез дамиды, олардың жанында **серік қалалар** пайда болып, **олар агломерацияларды** жасайды. Ташкент мемлекетімізде ең үлкен қала агломерациясы болып табылады.

Халық мекенжайының қала мақамын алу шарты түрлі мемлекеттерде түрліше болады.



Өзбекстанда халық мекенжайы **қала** мақамын алу үшін оның халқы 7 мың және одан көп болуы, жасайтын халқының 2/3 бөлігі жұмысшы мен қызметкерлер және олардың отбасыларынан құралған болуы керек.

Халық мекенжайына қала мәртебесін беруде ондағы қала тұрмыс салтының қалпы да есепке алынады (15-сурет).

Қалашықтар өнеркәсібі дамып келе жатқан, табиғи байлығы игеріліп жатқан жерлерде пайда болады. Ескендір, Кегейлі, Ұлықбек, Гозгон, Замин қалашықтары осылардың қатарынан орын алады. Мұндай қалашықтардың көпшілігінде тұрғындарының басым бөлігі белгілі салаларда ғана қызмет етеді (мұнайшылар қалашығы, кеншілер қалашығы).





15-сүрет. Қаланың тұрмыс жағдайы көрсетілген салалар.

Жаңа қалалар (Ангрен, Бекабад, Алмалық, Шыршық, Науай, Үшқұдық, Тақиятас, Зарафшан және басқалар) негізінен пайдалы қазбалар мен су байлықтары бар жерлерде құрылған. Тақшиян қалашығы (Сұрхандария облысы) көмір кені негізінде пайда болған. Жаңа жерлерді игеру, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өндейтін өнеркәсіп негізінде Жаңажол, Гүлістан, Яңғиер сияқты қалалар бой көтерді.

Халық мекенжайларын жетілдіруде төмендегілер есепке алынады:

- қалаларды жоспарлауда адамдардың жасайтын үйі мен жұмыс орнының арасы 4-5 км-ден қашық болмауы;
- көне қалаларды заманауи қолайлықтарға ие етіп қайта құру;
- ірі қалаларда халықтың көбеюі мен экологиялық жағдайдың бұзылуына себеп болатын кәсіпорындардың құрылышын шектеу және барларын көшіру.

Қыстақ халық пункттері. Халқының негізгі қызмет түрі ауыл шаруашылығын жүргізу, ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өндеу және басқа қыстақ жерлерге сай болған қызметті жүргізу есептелетін жерлер қыстақ халық пункттері деп жүргізіледі.

Қыстақ халық пункттері халқының санына қарай төмендегілерге белінеді:


Ірі халық пункттері – халқының саны 5 мың кісіден көп;

Үлкен халық пункттері – халқының саны 3 мың кісіден 5 мың кісіге дейін;

Орта халық пункттері – халқының саны 1 мың кісіден 3 мың кісіге дейін;

Шағын халық пункттері – халқының саны бір мың кісіге дейін.

Табиғи, экономикалық және тарихи себептерге қарай мемлекетімізде



16-сурет. Ауыл және қала халық салмағының өзгеруі.

қыстақтар бір-біріне жақын орналасқан және халқы көп. Мемлекетімізде халықтың есү қарқыны қыстақ халық мекен-жайларының саны мен майданының кеңеюіне алып келуде. Үлкен қыстақтарда заманауи ғимараттарға ие білім беру мекемелері, мәдени-тұрмыстық мекемелер, емханалар жедел құрылуда. Олар табиғи газ, ішімдік сұзы, электр энергиямен үздіксіз қамтамасыз етілуде. Солайша қыстақ тұрғындарының тұрмыс жағдайы қалалықтардың тұрмыс жағдайына жақындасуда.

Өз кезегінде қыстақ халық пункттерінің кеңеюі ауыл шаруашылығына жарамды жерлердің азауына алып келуде. Сол себепті қыстақ халық пункттерінің шекарасын белгілеу және өзгертуге аудан әкімшілігі органдары тарапынан олардың жоспарлануы, құрылуы және қожалық жұмысындағы жер құрылымы жобаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Ауылдық жерлерде шағын бизнес пен кәсіпкерліктің дамуы арқасында көптеген өнеркәсіптік кәсіпорындар құрылуда. Жоғарыдағы алғышарттар арқылы көптеген қыстақ халық мекенжайларына қалашық мақамы берілді, нәтижеде тәуелсіздікке дейін 60 пайыз халқы қыстакта жасаған аграрлық республикада халқының жартысынан көбі қалаларда жасауда (16-сурет).

1. Өзбекстанда қалалардың пайда болуына көбірек қандай алғышарттар ықпал жасауда?
2. Картадан пайдаланып:
 - а) пайдалы қазба кендері; ә) көлік тораптары;
 - б) ауыл шаруашылығының өндірісі негізінде қалыптасқан қалашықтардың аттарын дәптеріне жазып алындар.
3. Сен жасап жатқан немесе саған жақын болған қала қандай функцияларды (міндеттерді) атқарады?
4. Сен халық мекенжайларының қандай түрлерін білесін?
5. Халық өнімі оның географиялық таралуы және тығыздығына байланыстырылығын мысалдармен түсіндір.


III ТАРАУ. ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТҮЗІЛІСІ




ӨЗБЕКСТАН ҮЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАСЫНЫң ҚҰРЫЛЫМЫ

Әлемдік саяси картасында 1991 жыл 1 қыркүйек күні жаңа тәуелсіз мемлекет – Өзбекстан Республикасы пайда болды. Сол күннен бастап ол «өзіне тән және өзіне сай» даму жолын тандады. Бұл жолдың өзіне тәндігі мемлекет экономикасын дамытудың 5 бағытында айқын сипатталған.

Өзбекстан экономикасын дамытуудың бағыттары: 1. Экономиканың



17-сүрөт. Өзбекстан ұлттық экономикасының құрылымы.



18-сурет. Шағын бизнестің жалпы ішкі өнімдегі үлесі (жалпы ішкі өнімге қарата пайыз есебінде).

саясаттан жоғары тұруы. 2. Мемлекет – реформалардың бастаушысы. 3. Барша салаларда заның үстемдігі. 4. Күшті әлеуметтік саясатты жүзеге асыру. 5. Базар қатынастарына сатылы түрде өту.

Нарықтық экономикаға өтумен Өзбекстан экономикасының құрылымы бүтіндей өзгеруде. Отken дәуірдегі ауыл шаруашылығы жетекшілік еткен мемлекетімізде өнеркәсіптің, әсіресе, ауыр өнеркәсіптің салмағы артуда. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ мақта жеке әкімшілігін жоққа шығаруға қол жеткізілді. Ал өнеркәсіп автомобиль жасау, компьютер техникасы, мобиЛЬДІК телефондар, кең түрдегі тұрмыстық электротехникалық өнімдерін шығаратын жаңа тармақтардың есебінен көп тармақты бола бастады. Мемлекетімізде **2017–2021-жылдарда Өзбекстан Республикасын дамытудың бес үстем бағыты бойынша Әрекеттер стратегиясы** қабылданғаннан кейін ұлттық экономиканың құрамын жетілдіру жаңа басқышқа көтерілді. Соның ішінде, Әрекеттер стратегиясын «Экономиканы дамыту және либералдастыру» деп аталған үшінші үстем бағытында ұлттық экономиканың үйлесімділік пен тұрақтылығын қамтамасыз ету, оның құрамында өнеркәсіп, қызметтер көрсету саласы, шағын бизнес және жекеменшік кәсіпкерлік үлесін көбейттіру міндепті қойылған. Сол себепті мемлекетімізде өнеркәсіптің, бірінші кезекте ауыр өнеркәсіптің үлесі жедел есіп баруда. Міне, сондай өзгерістердің нәтижесінде **жалпы ішкі өнім құрамында өнеркәсіптің үлесі 30,6 пайыздан астамын құрауда** (2018-ж.). Дегенмен, бұл көрсеткіш 2000-жылда 14,2 пайыздан тұратын еді. Енді мемлекетіміз экономикасы өзара байланысты өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы,

көлік, құрылыш, байланыс, сауда, ғылым, білім, деңсаулықты сақтау сияқты тармақтарды өзінде біріктіреді (17-сурет).

Ауыр өнеркәсіп, әсіресе, машина жасаудың жедел жоғарылауы ауыл шаруашылығы, жеңіл және азық-түлік өнеркәсіп кәсіпорындары өнімдітиімді машина және механизмдермен қайта жиһаздалуына, мемлекет қорғаныс қуатының күшеюіне мүмкіндік береді. Ең маңыздысы, мемлекет техникалық тәуелділікten құтылады.

Мемлекеттің сауда қатынастарына сатылы түрде өтуінің тағы бір шарты шағын бизнес пен жекеменшік кәсіпкерлікті дамыту болып саналады. Шағын бизнесті жан-жақты қолдау табуы және одан әрі дамыту нәтижесінде оның жалпы ішкі өніміндегі үлесі үздіксіз артуда (18-сурет).

Тәуелсіздікке дейін Өзбекстан ауыл шаруашылығы, негізінен, **экстенсивтік** жолмен дамыды.



Экстенсивтік шаруашылық жүргізу — өндірісті ғылым мен техниканың жетістіктері және заманауи механизация мүмкіндіктерінің орнына табиғи байлықтарды жедел игеру есебінен өркендету әдісі.

Экстенсивтік шаруашылық жүргізу әдісінің нәтижесінде жанармай, энергия, адам алғышарты, әсіресе, су көп жұмысалды. Су шығынының көбеюі Арап қасіретінің пайда болуына себепкер болды. Ал жерден пайдаланудағы кателіктер табиғаттың ластануы мен топырақ құнарлылығының төмендеуіне алып келді.

Демек, **экстенсивтік жол** белгілі уақыттың дамуын қамтамасыз етсе де, оның күрделі кері салдары да болады. Сол себепті мемлекетіміз интенсивтік шаруашылық жүргізу әдісіне өту міндетін ілгері қоюда.



Интенсивтік шаруашылық жүргізу — ғылым мен техниканың жетістіктерін экономикаға жедел енгізуші, шикізат пен байлықтарды үнемдеп, қалдықты шығармай толық пайдалану әдісі.

Интенсивтік шаруашылық жүргізу әдісінен пайдаланып, шет мемлекеттермен ынтымақтастықта заманауи технологияға негізделген бірлескен кәсіпорындар құрылуда.

Өзбекстан ұлттық экономикасының **интенсивтік жолмен** дамуы еңбек өнімділігін, өнімнің сапасы мен өндіріс тиімділігінің дүниежүзілік дәрежеге жетуін қамтамасыз етеді.

1. Өндірісті интенсивтірді дегенде нені түсінесін?
2. Экстенсивтік жол қандай нәтижелерге алып келеді?
3. Қай салалар материалдық өнім өндірмейтін салалар болып саналады?





Тәуелсіздікке дейін еліміз негізінен мақташылық пен қаракөлшілікке ғана маманданған болса, қазір Өзбекстан экономикасы жүздеген маманданған тармақтарға ие (19-сурет).

Өнеркәсіп – үлттық экономиканың материалдық байлықтар шығаратын қажетті саласы болып табылады. Экономиканың барлық тармақтарында техниканың өркендеуі өнеркәсіпке байланысты. Өнеркәсіптің дамуымен жаңа мекенжайлар, көлік жолдары пайда болады. Ауыл шаруашылығы, құрылыш, сауданың өркендеу дәрежесі өседі, өнеркәсіптің дамуымен табигаттан пайдалану да өзгереді.

Экономиканың басқа тармақтары секілді өнеркәсіп те түрлі жерлердегі қесіпорындардан (зауыт, кен, электр станциялары сияқтылардан) құралған. Өнеркәсіп қесіпорындарының көпшілігі мемлекет меншігі болып келді және бүгінгі күнде олар жекешелендірілуде. Жекешелендірілген өнеркәсіп қесіпорындары базар қатынастарына сәйкес талап пен ұсыныс негізінде жұмыс істейді. Бұл үдеріс өнеркәсіптің даму динамикасына да белгілі



19-сурет. Маңызды өнеркәсіп тораптары.



20-сурет. Өнеркәсіп тармақтарының өнімді өндіру құрамы (пайыз есебінде).

дәрежеде әсер етеді. Қазіргі кезде Өзбекстан өнеркәсібінде газ қазып алу, түсті металлургия, машина жасау және металды өндіреу, жеңіл және азық-түлік өнеркәсіптері жетекші болып отыр (20-сурет).

Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және көліктің аумақтық орналасуына бірқатар алғышарттар әсер етеді. Солардың ең қажеттісі ғылым-техниканың ойлап табылуы: энергия мен шикізаттың жана түрлері, жаңа технологиялық үдерістер, жаңа көлік құралдарынан пайдалану арқасынан өндіруді орналастыру алғышарттары да жетіледі. Кәсіпорындар шикізат, жанаармай, энергетика, су және жұмысшы күшінен (адамзат алғышартты) пайдалану бойынша көп шикізат, көп энергия талап, көп су және көп еңбекті талап ететін сапаларда топқа бөлінеді. Олардың әрбіреуіне тән тірек кәсіпорын деңгейінде ондаған майда кәсіпорындар өндіру бойынша байланысты болады. ***Мұны өндірудің комбинат формасы*** дейді.

Кәсіпорындар әр түрлі көлемде болады. Мәселен, көптеген тігіншілік кәсіпорындары тек бір ғимаратқа орналасса, мұнайды қайта өндісу және металлургия комбинаттары сияқты кәсіпорындар орташа көлемдегі қала ауданына тең аумақты иелейді.

Техниканың өрлеу дәуірінде еңбек өнімділігін арттыруда өндірісті орталықтандырудан пайдаланылады.



Өндірістің орталықтануы – өндірістің ірі кәсіпорындарда шоғырлануы.

Бірақ өткен ғасырдың орта шенінде пайда болған өндірісті ұйымдастырудың бұл түрі қазіргі күнде әлеуметтік және экологиялық ділгірліктердің күшеюіне себеп болуда. Еліміз халқының жартысына

жуығы қыстактарда жасайтыны белгілі. Ауыл халқын жұмысспен қамтамасыз ету үшін маманданған кәсіпорындарды көбірек ауылды жерлерде ашқан жөн. Сондықтан ұлken комбинаттарға қарағанда, тар мамандандырылған орта және шағын кәсіпорындар орнатуға баса назар аударылуда. Мұның нәтижесінде **мамандану**, яғни өндірістің негізінен біркелкі өнім өндіретін құрамдық түрі пайда болады. Маманданған кәсіпорындарда жұмысшылардың еңбек тәжірибелерінен жақсырақ пайдаланылады, өнім бірлігіне жұмсалатын қаражат аз болады, нәтижеде еңбек өнімділігіне қол жеткізіледі. Мұндай мамандандырылған кәсіпорын өзіне шикізат, тетіктер, машинаның қосалқы бөлшектері және басқаларды жеткізіп беретін басқа кәсіпорындармен **кооперативтену** байланыстарын орнатады.



Кооперативтену (ынтымақтастық) — дайын өнімді даярлауда бірнеше кәсіпорын қатысадын өндіріс түрі.

Мамандану және кооперативтену әлеуметтік еңбек өнімділігін арттырады. Фылым мен техниканың жаңалықтарын өндіріске енгізу үшін ғылыми өндірістік бірлестіктер құрылады. Мұнда машиналар мен материалдардың жаңа түрлерін жасайтын ғылыми зерттеу институттары мен оларды шығаратын кәсіпорындар өзара бірігеді. Сонымен бірге түрлі тармақтардың арасында өндірістік байланыстарының күшеюі пайда болады. Өндіріс үдерісі өзара байланысқан тармақтардан тармақтарарапалық кешендер қалыптасады.



Кешен – өндірісті ұйымдастырудың экономикалық тиімділікке бағытталған маңызды түрі.

Кешенде қай тармақ маңызды, жетекші болса, тармақтарарапалық кешен сол атпен аталағы. Қазірде Өзбекстанның ұлттық экономикасында бірнеше тармақтарарапалық кешендер қалыптасқан. Кейінгі тақырыптарда оларды бірме-бір қарастырамыз.

1. Өндірістің іріленуі деп нені айтады?
2. Өндірістің мамандануы мен кооперативтенуі дегенде нені түсінесін? Маманданған кәсіпорындар қандай артықшылықтарға ие?
3. Тәуелсіздіктен кейінгі дәуірде орташа және шағын кәсіпорындардың құрылуына мән берілгенінің себебі неде?



Бұл кешенге жанармай (жанармайды қазып алу және оны өндіу) және электр энергетика өнеркәсіптері енеді (21-сурет). Электр энергияны өндіру және одан пайдалану мемлекет экономикасын нығайтудың маңызды алғышарты болып саналады. Фалымдар күн, жел, геотермал энергиясы секілді сарқылмайтын энергия көздерінен кең көлемде пайдалану жолдарын іздеуде.



21-сурет. Жанармай-энергетика кешенінің құрамы.

Энергетика байлықтарына **жанармай байлықтары** (көмір, мұнай, газ, торф, сланец, отын) және **гидроэнергия байлығы** (өзеннің жоғарыдан ағып түсетін суының энергиясы) кіреді. Жанармай байлықтары мемлекеттік экономикасының барлық тармақтары үшін энергияның негізгі қоры болады. Жанармай түрлерінің салмағын салыстыру үшін олар шартты жанармайға айналдырылады.



Шартты жанармай деп 1 кг таскөмір жанғанда пайда болатын (7 млн. калория) энергияға айтылады. Оның жылулық коэффициентінің дәрежесі 1-ге тең. Басқа жанармайлар жанғанда пайда болатын жылулық 1 кг таскөмірдің жылулық коэффициенті, яғни 1-ге салыстырылып бағаланады (22-сурет).

Жылулығы (калориясы) аз болған жанармайлар (торф, сланец, қоңыр көмір) қазып алынған жерде пайдаланғаны тиімді. Өйткені ұзақ қашықтыққа тасылмалданғанда қымбатқа түседі. Сол үшін олар жергілікті жанармай болып саналады. Жанармай байлықтарының құны

Жанармайдың түрі	1 кг жанармай жанганды шығатын жылу		Жылу коэффициенті
	Дожулда	Калорияда	
Табиги газ	$4,4 \cdot 10^7$	$10,6 \cdot 10^6$	1,5
Мұнай	$4,4 \cdot 10^7$	$10,6 \cdot 10^6$	1,5
Тасқөмір	$2,9 \cdot 10^7$	$7,0 \cdot 10^6$	1,0
Қоңыр көмір	$1,3 \cdot 10^7$	$3,1 \cdot 10^6$	0,45
Жанатын сланец	$1,8 \cdot 10^7$	$2,1 \cdot 10^6$	0,30
Торф	$1,4 \cdot 10^7$	$3,4 \cdot 10^6$	0,48
Құргақ отын	$1,0 \cdot 10^7$	$2,4 \cdot 10^6$	0,34

22-rasm. Әр түрлі жанармайлардың жану жылуы.

тек калориясына ғана байланысты емес, пайдалану мүмкіндігіне, қазып алу қаржатына да байланысты. Ең үнемді жанармай – мұнай мен газ, себебі оларды қазып алу және пайдаланылатын жерге құбырлармен жіберу арзанға түседі. Осыған байланысты әр түрлі жанармайды қазып алу және одан пайдалану көлемі кезеңіне қарай өзгеріп тұрады (23-сурет).

Әр түрлі жанармайларды қазып алу мен өндірілген энергия (кіріс) және олардан экономикада пайдалану (жұмсау) қатынасы **жанармай-энергетика балансы** деп аталады.



23-сурет. Жанармайдың жұмсалу динамикасы (1995 жылдағыға қарағанда пайыз есебінде).

1. Энергетика байлықтарының негізгі түрлерін айтып бер.
2. Жанармай-энергетика балансы дегенде нені түсінесін?
3. Өзбекстан жанармай-энергетика балансында қандай өзгерістер болып жатыр және оның себебі неде?



11-sabaq temasinan janilǵı sanaatiniń jalrı sanaat ónimindegi salmaǵın aniqlan.

Газ өнеркәсібі. Жанармай өнеркәсібінің ең жас тармағы болған газ өнеркәсібі соңғы жылдары жедел дамып келуде. Газ – жанармайдың өте арзан түрі. Газдан өнеркәсіпте де, тұрмыста да пайдаланылады. Газ бағалы химиялық шикізат болып табылады. Жанармайдың басқа түрлеріне қарағанда газ ауаны ең аз ластайды.

Мемлекетімізде көмір мен мұнайға қарағанда табиғи газ едәуір көп. Газ кендері мұнай кендерімен қатар орналасқан. Газдың аздап бөлігі (серік газ) мұнаймен бірге алынады, бірақ газдың негізгі бөлігі таза газ кендерінен алынады. Республикамызда өткен ғасырдың орта шенінде алғаш Ферғана алқабындағы мұнай кендерінде ұшырайтын серік газдан өнеркәсіпте және халықтың тұрмыстық қажеттіліктерінде пайдаланыла басталды. Сол кезде Өзбекстанда жылына орташа 9 млн. куб метр табиғи газ қазып шығарылған болса, қазіргі күнде жылына қазып алынып жатқан газ 60 млрд. куб метрге жақын болуда. Табиғи газдан пайдалану арқылы мемлекет жанармай балансында үлкен өзгеріс болды.

Мұнайды экспорт ететін мемлекеттер үйымы – ОПЕК-тің реесми мәліметтеріне қарай Өзбекстан табиғи газ қазып алатын мемлекеттер рейтингінде 14-орынды иелейді (24-сурет).

№	Мемлекет	Жылына млрд метр ³	Үлесі (%)	№	Мемлекет	Жылына млрд метр ³	Үлесі (%)
1	АҚШ	751,063	20,66	10	Түркіменстан	81,765	2,25
2	Ресей	642,242	17,66	13	ВАА	61,084	1,68
3	Иран	226,905	6,24	14	Өзбекстан	57,700	1,59
4	Қатар	182,830	5,03	15	Австралия	56,293	1,55
5	Канада	174,051	4,79	16	Нидерланды	50,543	1,39
6	Қытай	136,628	3,76	18	Ұлыбритания	43,022	1,18
8	Сауд Аравиясы	110,860	3,05	22	Мексика	41,227	1,13
Декрек: ОПЕК, 2017 ж				26	Үндістан	31,139	0,86

24-сурет. Өзбекстанның табиға газ қазып алатын мемлекеттер арасындағы орны.

Ферғана алқабынан тыс Бұхара, Сұрхандария және Қашқадария облыстары мен Қарақалпақстан Республикасы аумағынан бай табиғи газ көндөрінің табылуы нәтижесінде Өзбекстан газды экспорт жасай бастады (25-сурет).

Газ құбырлары арқылы жіберілгенде көлік қаражаты әр түрлі жанармайды тасудан арзанға түседі.

Газ құбырларының ұзындығы тез артып баруда. Алғашқы табиғи газ құбырлары Ферғана алқабында құрылған еді. Өзбекстанда жылы құндердің көптігінен газ тек қыс құндері талап етіледі. Газды көп пайдаланатын Ташкент, Ферғана, Әндижан сияқты қалаларда жазда үнемделген газды жерасты қоймаларында сақтап, қыста пайдаланылады. Газ сапалы отынғана емес, ол химия өнеркәсібінің құнды шикізаты болып та саналады. Газға болған талап химияда, жылулық электр станцияларында және тұрмыста артып баруда. Соған байланысты қосымша газ шығару жолдары іздестірілуде, газ құбырларының газ өткізу мүмкіндігі арттырылада.

Мұнай өнеркәсібі. Мұнайсыз қазіргі заман экономикасын жүргізуге болмайды. Мұнай табиғи күйінде қолданылмайды. Қайта өндеу нәтижесінде одан әр түрлі жанармай, яғни химиялық өнімдер алынады. Мұнайды қазып алу қаражаты көмірді қазып алу қаражатынан орташа есепте 4 есе аз. Үлттық экономикада мұнайдан кеңінен пайдалану өте көп қаражатты үнемдеуге мүмкіндік береді.



Онім бірлігін алу (мәселен, 1 т мұнай қазып алу) үшін жұмсалатын ақшада көрсетілген барлық қаражат **өнімнің өзіндік құны** деп аталады.

Мұнайдың өзіндік құны ол қандай терендіктен алынғандығына қарай кеңінің мұнайға қаншалықты бай екендігіне байланысты. Мұнай қазып алушың ең арзан әдісі фонтан әдісі болып, мұнда мұнай құдықтардан кендегі қысым арқылы атылып шығады. Қысым азайғанда оны түрлі әдістермен көтеріп тұрылады. Мұнайды насостардың көмегімен шығарып алу да кеңінен таралған. Мұнайды да газ секілді құбырлар арқылы жіберу оны тасудың ең арзан және қауіпсіз әдісі (темір жолмен тасуға қарағанда 4 есе арзанға түседі) болып табылады. Құбыр көлігі мұнай тұтынушыларына бірқалыпты жеткізіп беруді қамтамасыз етеді. Әр түрлі көліктерге тиеу-түсірудегі айқын ысырапкершілік болмайды.



25-сурет. Мұбәрак газды





26-сурет. Мұнай-газ өлкелер.

Алдыңғы уақытта мұнай қай жерден қазып алынса, сол жерде өндөлетін. Қазіргі күнде мұнайды қайта өндеу өнеркәсібінің өнімдері қай жерде көп тұтынылса, мұнай сол жерге жеткізіліп, өндөледі. Бұлай етілмесе, мұнай өнімдерінің әрбір түрін жіберу үшін жеке құбырлар керек болып, көлік қаражаттары қымбатқа түседі.

Мемлекетімізде жүргізілген геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде көптеген мұнай-газ кендері табылуда (26-сурет). Соның ішінде, 1992 жылы Наманган облысында Мыңбулақ мұнай кені ашылды.

Мұнайға болған талаптың үздіксіз артып жатқандығын ескеріп, Бұхара облысында жылына 5 млн. тонна мұнайды қайта өндейтін зауыт құрылды. Бұл кәсіпорын 1997 жылдан бастап өнім бере бастады. Қазірде 50 түрден астам мұнай өнімдері өндіріліп жатыр.



Өзбекстанда тұтынуға жетпей жатқан мұнай шет елден импорт жасалуда. Қазірде мұнайды қайта өндеу кәсіпорындары бір жылда 11 млн. тонна мұнайды қайта өндеу қуатына ие.

Дамыған мемлекеттермен салыстырғанда бізде энергия тұтынуының құрамында мұнай өнімдерінің үлесі біршама жоғары. Жанарапай-энергетика балансында мұнай өнімдерінің үлесі болашақта азаюы қажет. Мұның үшін бар автомобиль мен тракторларды жаңа үнемді технологиямен жабдықтау керек болады. Бұл көп қаражатты талап ететін және мейлінше қурделі міндет. Өйткені, таяу онжылдықтарда да жанарапай-энергетика балансында мұнайдың үлесі тұрақты сақталып тұрады.

1. Алғашқы іске қосылған газ кендерін география дәптеріне жаз.
2. Газ құбырлары қай қалаларға қайсы кеннен жеткізілүін картадан анықта?
3. Мұнай алынатын кендерді картадан анықта?
4. Газ бер мұнайды өндеу кәсіпорындарын орналастыру қандай жалпылыққа ие?





Бұл өнеркәсіптің құрамында бірнеше көмір кені бар. Ондағы көмір қоры 2 млрд. тоннаны құрайды. Алғашқы көмір Ангрен кенінен 1950 жылдары қазып алынған. Көмір кені жер бетіне жақын орналасқан. Онда көмірдің 9/10 бөлігі ашық әдісте қазып алынуда (27-сурет).

Ашық әдіспен әрбір шахтердің қазып алатын көмірі шахта әдісінде қазып алынатыннан б есе өнімді болады. Сонымен бірге, карьер (бассейн) қанша үлкен болса, қаржат сонша аз болады. Ангрен көмірі сапасы төмен – қоныр көмір болып табылады. Эйтсе де, Өзбекстандағы басқа көмір кендеріне қарағанда көмір қоры үлкен және тұтынушыға жақын әрі жер бетіне жақын орналасқандықтан көмір қазып алу жедел өсті. Көмірдің негізгі бөлігі кен маңындағы ЖЭС-те қолданылады. Ал бір бөлігі жердің астында газга айналдырылады. Көмірдің құрамында сирек кездесетін және бытыранды элементтер мен көптеген бентонит кездеседі, ал олардан біржолата пайдалану кеннің тиімділігін одан әрі арттырады. Бірақ көмір ашық әдісте қазып алынуының салдарынан үлкен-үлкен жер майдандарын кеннің қалдықтары толып, тұтін мен күлден ауыл шаруашылығы үлкен зиян көруде.


Мұндай көңілсіз жағдайдағы шарасы ретінде көмір өнеркәсібінен зиян көрген аумақтар **рекультивация** жасалуда, яғни қайта қалпына келтіріліп жатыр, шахталардың қалдықтарынан пайда болған төбешіктерді өсімдіктермен қаптау, көмірді құбырлар арқылы тасу шаралары қарастырылада.

Сұрхандария облысының Сариосие ауданында 1950 жылы Шарғұн көмір кені іске қосылған. Кендегі көмір жоғары сапалы тасқөмір болып, шахта әдісінде қазып алынады. Көмірдің майдасы алынған жерде брикет жасалады.



Брикет – көмір ұнтағын қысыммен немесе жабысқақ затқа араластырып шар пішініне келтірілген өнім.

Көмір таулардан асып өткен ұзындығы 17 км-ден астам аспалы сым жол арқылы темір жолға жеткізіп беріледі. Ангрен, Шарғұн және Байсын



27-сурет.

Ангрен кенінде көмірдің ашық әдісте қазып алынуы.





28-сурет. Ұлттық экономикада көмірден пайдалану.

кендерінен жылына 4 млн. тоннаға жуық көмір қазып алынады. Бірақ бұл мөлшер Өзбекстанның көмірге болған қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Өйткені металлургия, химия сияқты өнеркәсіп салаларының дамуы көмірге болған қажеттілікті арттырып отыр (28-сурет).

Сөйтіп, Өзбекстандағы көмірдің негізгі қорлары Ангрен, Шарғұн және Байсын кендерінде орналасқандығын біліп алдық.

Көмір өнеркәсібіне тиісті тағы бір мәліметті біліп қой. Мемлекетімізде қазып алынып жатқан көмірдің дерлік барлығы (97,4 пайызы) қоныр көмір, қалған бөлігі таскөмір.

Мемлекетімізде көмір қазып алудың өзіне тән тағы бір ерекшелігі – оның 90-95 пайызы ашық әдісте қазып алынады.

Табиғи газ өнеркәсібі енді қалыптасып келе жатқан (1961 жылы) жылдарда Ангрен көмір кеніндегі жерасты газогенераторларында көмірді жоғары қысымдағы ауа ағымы көмегімен газге айналдыратын «Жерастыгаз» станциясы іске қосылған еді. Қазіргі күнде одан тиімді пайдаланып, қоныр көмірдің бір бөлігі жер астында газге айналдырылады. Солайша ашық әдісте қазып алынатын көмірдің де маңызы артып баруда.

1. Мемлекетіміздің көмір, мұнай, газ кендері қай жерлерде орналасқан?
2. Жанармай өндірісі құрамы келешекте қалай өзгереді?
3. Шарғұн көмір кені мен Ангрен көмір кенінің өзіндік ерекшеліктері неде?




11-сабактың тақырыбынан электр энергетиканың жалпы өнеркәсіп өніміндегі салмағын анықта.

Ұлттық экономиканы жедел дамыту үшін электр энергияны өндіруді басқа тармақтарға қарағанда жедел арттыру қажет.



Мемлекетте өндіріліп жатқан электр энергиясының **90 пайзына жуығын жылу электр станциялары (ЖЭС)** беруде.

Өзбекстанда Сырдария, Ташкент, Ангрен, Жаңа Ангрен, Науай, Тақиятас, Талимаржан сияқты ірі ЖЭС-тері бар (29-сурет). ЖЭС тез және арзан құрылады. Экономика үшін электр энергияның өзіндік құны төмен болуы маңызды. Электр энергияның өзіндік құны электр станцияларда жұмсалатын жанармайды қазып алу және тасымалдау қаражаттарына байланысты. Соңдықтан электр станция құру үшін орын таңдалғанда жанармайды тасымалдайтын және электр энергияны жеткізіп беретін қаражаттар салыстырылады.



29-сурет. Өзбекстандағы негізгі электр станциялар және электр ұзату линиялары.



Егер жанармайды тасымалду қаражаты әлектр энергиясын ұзату қаражатынан артық болса, әлектр станцияны жанармай тізіміне жақын жерде құру, егер энергияның берілісі қымбатқа түссе, оны тұтынушыға жақын жерде құру тиімді болады (сызбаға қара).



(Дәлелдеп бер
Неге солай)

Әлектр энергияның беріліс қашықтығы ғылым және техниканың дамуымен жыл сайын созылып баруда. Әлектр энергияның сымдар арқылы берілісі – оның артықшылықтарының бірі. Экономиканың барлық салаларында әлектр энергиясынан пайдалануы екінші маңызды артықшылығы. Жергілікті жанармайдан кеңінен пайдалану мүмкіндігі үшінші артықшылығы және әлектр энергиясын қуатты әлектр станцияларда өндіру мүмкіндігі төртінші артықшылығы болады.

Ангрен және Жаңа Ангрен ЖЭС-терінің көмір кені маңына орналастырылғаны нени білдіреді?

Әлектр энергия өте көп пайдаланылатын жерлерде әлектр станциялар басқа жерлерден тасымалданатын жанармайға көзделіп құрылады. ЖЭС-тердің өте үлкендері басқа облыстарды да электрмен қамтамасыз етеді.

Бір гана Сырдария ЖЭС-інің өзі жылына 13 млрд. кВт сағат әлектр энергия береді. Тәуелсіздік жылдарында Қашқадария облысында Талимаржан ЖЭС-інің 800 МВт-ты бірінші блогының іске қосылуы жүйедегі үлкен жобалардың бірі ретінде тән алынды (30-сурет).

Көптеген ЖЭС-тер әлектр энергиямен бір уақытта жылу энергиясын да шығарады



30-сурет. Талимаржан ЖЭС.

 Бір уақытта жылу энергиясы мен өндіретін әлектр станция **жылу әлектр орталығы (ЖЭО)** деп аталады.

Оларда әлектр энергия өндіру үдерісінде пайда болған жылы судан жылыжайларды, гимараттарды жылытуға және басқа өндіріс қажеттіліктерінде пайдаланылады. Бірақ жылы су 20 км-ден ұзақ қашықтықта сүйп қалады. Сол үшін ЖЭО-лар ірі кесіпорындардың маңында және ірі қалаларда ғана құрылады. Өзбекстанда Ферганада, Муборак және Ташкент ЖЭС-тері бар.

Гидроэлектростанцияларда (ГЭС) энергия өндіру табиғи су ағынының күшіне негізделеді. ГЭС-тер өндірген энергияның өзіндік құны арзан болады (қуаты тең болған ГЭС-тердегіден 4 есе арзан). Тау өзендерінде құрылған ГЭС-терде ең арзан электр энергия өндірілуде.


Өзбекстанда су қуаты көздерінің болғандығы және қазіргі уақытта жылу электр станциясында пайдалануға отын болмағандықтан бастапқыда негізінен ГЭС-тер құрылған. Мемлекеттімізде бірінші ГЭС 1926 жылы Бозсу каналында құрылды. Кейіннен құрылған Хишрав, Түйемойын, Фархад, Хожакент ГЭС-тері мемлекет өнеркәсібінің дамуында аса маңызды орны бар. Өзбекстанда ГЭС құрумен қатар электр энергияны өндіру, жерлерді суару, шаруашылықтарды сумен қамтамасыз ету, балық өсіруді дамыту мүмкіндіктері жасалады.

Ағыны қатты өзендерде ГЭС-терді бір-біріне жақын құруға болады. Нәтижеде Шыршық-Бозсу энергетика ғимаратындағы сияқты ГЭС-тер каскады (сатысы) қалыптасады. Бұл каскад ГЭС-тердің санына (19) қарай дүние жүзінде жетекші орындардың бірінде тұрады (31-сурет).



Өзбекстандағы ірі жылу электростанциялар мен гидроэлектростанциялардың **жалпы саны 37-ні** құрайды. Электр станцияларда жылына 60 млрд. кВт сағат төңірегінде электр энергия өндіріліп жатыр (32-сурет).

Электр энергиясын өндірудің заманауи жолдары. Дүниенің түрлі мемлекеттерінде географиялық орны мен табиғи жағдайынан келіп шығып электр энергияны дәстүрлі әдістермен бірқатарда дәстүрлі болмаған жолдар арқылы пайда ету де күшейіп баруда. Соның ішінде, атом электростанциялары (АЭС), жел энергиясы, құн энергиясы, теңіз суының қалқуынан алынатын энергиялар солардың қатарынан.




Сандарда көрсетілген ГЭС-тердің аты

1–Шарбак	11–Салар
2–Қожакент	12–Бөражар
3–Газалкент	13–Бозсу
4–Табақсай	14–Ақтөбе
5–Логинов	15–1-Төменгі Бозсу
6–2-Аққабақ	16–2-Төменгі Бозсу
7–1-Аққабақ	17–3-Төменгі Бозсу
8–Қадыры	18–4-Төменгі Бозсу
9–Шайхантахур	19–5-Төменгі Бозсу
10–Қыбырай	

31-сурет. Шыршық-Бозсу гидроэнергетика каскады.





32-сурет. Электр энергия өндірудің өсуі (млрд kW•h).

Мемлекетімізде халық санының жыл сайын артып бара жатқандығы мен оған үйлесімді түрде электр энергияға да болған қажеттілік артып жатқандығы энергияны пайда етудің дәстүрлі болмаған жолдарынан да пайдалануды талап етуде.

Мәліметтерге қарағанда, бұғынгі күнде Өзбекстанда электр энергиясына болған талап 69 миллиард кВ-сағатты құрайды. Жоғарыда электр энергиясының негізгі бөлігін жылу электростанцияларында пайда болып жатқандығы айтылды. Мұның үшін жылына 16,5 миллиард куб метр табиғи газ, 86 мың тонна мазут және 2,3 миллион тонна көмір жұмысалуда (2018-ж).

Болашақта экономиканың өсуі, халық саны мен тұрмыс дәрежесінің артуынан электр энергиясына болған талап одан әрі артуы күтілуде.

Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзиев электр энергияны өндіру туралы айттып: «Бұл салада тек табиғи газ және көмірден пайдалануды жалғастырсақ, олардың бар қоры белгілі уақыттан кейін таусылып қалуы мүмкін. Бұл болашақ үрпақ алдында кешіріп болмайтын қате және қылмыс болады», деген пікірлерді білдірді.

Сол ушін Өзбекстан тарихында алғаш рет мемлекетіміз аумағында АЕС құрылмақысы. АЭС негізінен электр немесе жылу энергиясын өндіруге көзделген, ядро реакторы және басқа қажетті тұтас құрылғыларды өз ішіне алған ірі кешен. Басқа жылу электр станцияларынан айрықша түрде, АЭСларда электр қуатын алуда белсенді радиоактивті элемент – уран атомдарынан пайдаланылады. 1 кг уран (шартты уран жанармайы) 2,5 мың тонна көмір жанғанда беретін мөлшерде жылулық береді. Халықаралық атом энергиясы

агенттігінің мәліметтеріне сәйкес, қазір дүниенің 31 мемлекетінде АЭС-тер жұмыс істейді.

Сол үшін Өзбекстанда тыныш мақсаттарда пайдалану үшін атом энергетикасын құруға кірісілді. Ресейдің «Росатом» мемлекеттік корпорациясымен ынтымақтастықта атом электр станциясын құру бойынша келісімге қол жеткізілді. Аталмыш кешен 2 энергоблоктан тұрады, әрбірінің қуаты 1 мың 200 мегаватт болады. Атом электр станциясы үшін дүниедегі ең қауіпсіз және заманауи энергоблок таңдап алынған. Оны 2028-жылға дейін жұмысқа түсіру жоспарланған.

Атом электр станциясының құрылуы нәтижесінде жылына 3,7 миллиард куб метр табиғи газ үнемделеді. Бұл дерек қайта өндөліп, жоғары қосылған құнды мұнай-химия өнімдері өндіріледі.

Атом энергиясы экологиялық таза. Мұндай станциялар зиянды ііс газын шығармайды. Нәтижеде табиғи газды жағудан пайда болатын және қоршаған ортаға таралатын ііс газының көлемі жылына 3 миллион тоннаға азаяды.

Энергияның жаңа қорларын табу және игеру бойынша ғылыми зерттеулер жүргізілуде. Міне, сондай зерттеулердің нәтижесінде Ташкент облысының Паркент ауданында *Күн энергиясынан* пайдаланылатын «Физика-Күн» ғимараты қызмет етуде.

Электрлendірудің жоғары дәрежесі энергетика жүйелерінің құрылуы болып табылады. *Энергетика жүйесі* арқылы жыл мезгілдерінен және тәуліктің қайсы уақытынан екендігінен тыс тұтынушылар электр энергиямен бірқалыпты қамтамасыз етіледі..

Әр түрдегі электр станциялардың жоғары вольтті электр беріліс линияларымен біріктіріліп, бір орталықтан басқарып тұруы *энергетика жүйесі* деп аталауды.



Өзбекстандағы барлық ірі электр станциялары өзара біріктіріліп, бірыңғай энергетика жүйесі жасалды. Мемлекеттераралық электр энергия импорт-экспорты Өзбекстан энергетика жүйесі арқылы қолайлы іске асырылуда.

Өзбекстан өз қажеттілігінен артқан электр энергиясын Тәжікстан, Қазақстан және Ауғанстанға экспорт жасап жатыр.

1. Табиғи газбен істейтін ЖЭС-терден 5-еуінің атын және қай жерде орналасқанын айт.
2. «Өнім өзіндік құны» деген не? Өзбекстанның түрлі жерлерінде өндірілген электр энергияның өзіндік құны бір түрлі еместігінің себебі неде?
3. Энергетика жүйесі деген не? Ол қандай экономикалық пайда келтіреді?
4. Үйіңе жарық беретін энергия қайсы электр станциясында өндірілетінін ойлап көр.






11-сабақтан химия және мұнай-химия өнеркәсібінің жалпы өнеркәсіп өніміндегі салмағын анықта.

Өзбекстанда химия өнеркәсібінің қалыптасуы 1932 жылы Чорсу алтынкүрт кені іске қосылуымен басталды. Оның өнімі көбірек машина жасау (пластмасса, айна), тоқымашылық өнеркәсібі (талшық, бояулар), ауыл шаруашылығы (тыңайтқыштар, зиянды химикаттар), көлік (мотор жанармайы, сұрту майы, синтетикалық каучук), құрылыш (жабысқақ пленка, айна, пластик) сияқтыларда қолданылады.

Химия өнеркәсібі құрамында **минералды тыңайтқыштар шыгару** салмақты орынға ие. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы зиянкестеріне қарсы дефолианттар да шығарылады. Ол көптеген тармақтарды шикізат және материалдармен қамтамасыз етіп, басқа тармақтардан энергия, жабдықтар, көліктерді алады. Химия өнеркәсібі газ берілген мақта өнеркәсібі шикізатын және түсті metallurgия қалдықтарын қайта өндеді. Демек, химия өнеркәсібі тармақтаралық екі жақты байланыста болып, көптеген тармақтардың дамуы мен аймақтық орналасуына ықпалын тигізеді (33-сурет).



33-сурет. Химия өнеркәсібінің құрамы.



Химия өнеркәсібі сапасы жағынан табиғи өнімдерден жоғары тұратын **жасанды материалдар** жасайды. Мұндай материалдардан адамдардың еңбегі де мен ауыл шаруашылығының шикізаты да үнемделеді.

Мәселен, капрон жасап шығаруға табиғи жібек дайындауға қарағанда 20 есе аз еңбек жұмысалады. Сондай-ақ химия өнеркәсібі арқылы жасап шығаруды комбинаттандырудың болашағы жасалды. Атап айтқанда, көмір, мұнай, газ секілді жанармай шикізаттарынан энергия жасауда да, химиялық өнімдерін (бензин, парафин) алуда да пайдалануы энергетика-химия **комбинаттарын** құруға себеп болды.



Комбинаттандыру – өнеркәсіптің технологиялық үдерісі жағынан өзара байланысқан, кейде түрлі салаларға тиісті болған бірнеше өндіріс кәсіпорындарының бір кәсіпорынға бірігуі.

Химия өнеркәсібінің шикізат базасы бай және сан алудан. Ол түрлі пайдалы қазбалардан, өндіріс қалдықтарынан, ағаш, су, тіпті ауадан пайдаланады. Эр түрлі шикізаттардан пайдалану мүмкіндігінің шексіздігі химия өнеркәсібі кәсіпорындарын барлық жерде құруға мүмкіндік береді. Бірақ, химия кәсіпорындары энергия мен суды қөп пайдалануы, әсіресе, табиғатқа кері әсер етуі себебінен оларды барлық жерде де құруға болмады.

Химия өнеркәсібінің ірі кәсіпорны – Шыршық электр-химия комбинаты 1940 жылдың іске қосылған. Шыршық электр-химия комбинаты алдымен ауаның құрамындағы азоттан электр энергиясы арқылы азотты тыңайтқыш шығарған. Бұхара облысында табылған табиғи газ құбыры арқылы Шыршыққа тасымалданып, комбинат газдан шикізат орнында пайдаланатын болды. Бұл өнім жасап шығарудың шұғыл көбеюі мен өзіндік құнының арзандауына себеп болды. Комбинатта азотты тыңайтқыштан тыс магний хлорит (қозаның жапырағын төгуде қолданылатын химиялық зат) және пластмасса мен синтетикалық талшық алу үшін органикалық синтез өнімдері өндірілуде.

Табиғи газдан азотты тыңайтқыш пен химиялық талшық өндіретін зауыттар Ферғана, Науай қалаларында да құрылды. 1946 жылдың Қоқанда, 1957 жылдың Самарқандта суперфосфат зауыты іске қосылды. 1998 жылдың Қызылқұм фосфорит комбинаты іске түсірілді. Онда 2,7 млн. тонна фосфорит концентраты алынады. Сондай-ақ тәуелсіздік жылдары Қашқадарияда Дехқанабад калийлі тыңайтқыштар зауыты, Қарақалпақстанда Қоңырат сода зауыттары іске қосылды.

Мемлекетіміз ас тұзы кендеріне де бай. Хожайкен, Барсакелмес, Бойбичакон және Аққала сияқты кендерде 90 миллиард тонна шикізат бар.



Алмалықта жоғары сапалы аммофос шығаратын зауыт құрылды. Ангренде резина жасап шығаратын химия кәсіпорындары бар. Мұбәракта табиғи газ құрамындағы алтынкүртті ажыратып алатын зауыт құрылды. Тұсті металлургия кәсіпорындары қалдығынан сульфат қышқылы алынады. Паптағы резина зауытында кебіс, резина құбырлар және машина мен механизмдер үшін әр түрлі резина бөлшектер жасап шығарылуда. Ал Жызақтағы зауытта полиэтилен пленкалар мен пластмасса құбырлар даярланады.

Қазып алынып жатқан алтынкүрт колчеданы, марганец, барий, тальк, әктас секілді минералдар химия өнеркәсібінің түрлі тармақтары қажетін өтеп келуде. Лак-бояу өнеркәсібі, жасанды талшық және тоқымалар (Ферғанада), жасанды былғары мен жасанды жұн жасап шығаратын зауыттардың қуаты арттырылды.



Химия өнеркәсібін жедел дамыту шаралары туралы қаулыға сәйкес 2018–2030 жылдарда химия өнімдерін өндіруді 4,5 есеге арттыру жоспарлануда.

Гидролиз кәсіпорындары өткен ғасырдың 50-жылдарында құрыла бастады. Жаңажол биохимия, Әндіжан гидролиз зауыттарында негізгі шикізат – шиттің қалдығы мен салы қабығынан техникалық этиль спирті, фурфурол, азықтық ашытқысы (қамыртұрыш) секілді өнімдер шығарылған. 90-жылдардың басынан бұл зауыттарда бидайдан этиль спирті шығарыла бастады. Нәтижеде азық-түлік, медицина, этір-опа және басқа өнеркәсіп тармақтарына қажетті спиртті шеттен тасымалдау жоққа шығарды.

Өзбекстанда табиғи газдан жанармай ретінде де, шикізат ретінде де пайдалану тиімді. Табиғи газдан химиялық талшық өндіру Ресейдегіден 40-50 пайызға арзан. Газли, Мұбәрак, Ушқыр, Адамтас, Шортан секілді табиғи газ кендерінен алынып жатқан газ жоғары конденсаттылығымен ерекшеленеді (34-сурет). Газ конденсаты органикалық синтездің негізі болып табылады. Оның әрбір тоннасынан 50 кг жасанды каучук, 150 кг пластикалық масса, 150 кг жасанды талшық, 100 кг еріткіш зат, 400 кг мотор жанармайы алынады.

1. Химия өнеркәсібінің салалара аралық байланысын модельде сипаттап бер.
2. Химия кәсіпорындарын орналастыруда қандай алғышарттар есепке алынған?
3. Облысындағы химия өнеркәсібі кәсіпорны қандай шикізаттан пайдаланады?
4. Контурулры картага химия өнеркәсібі кәсіпорындары орналасқан қалаларды белгіле.



34-сурет. Шортангаз химия кешені




11-сабактың тақырыбынан қара metallurgияның жалпы өнеркәсіп өніміндегі салмасын анықта.

Металлургия кешені екі тармақты: қара metallurgия мен түсті metallurgияны өз ішіне алады.



Қара metallurgия – темір рудасын қазып шығару, шойын, болат еріту, прокат және ферроқорытпалар өндіруден құралады

Қазіргі заман metallurgиясы үшін, біріншіден, металдың негізгі бөлігін metallurgия комбинаттарында өндіру белгіленеді (35-сурет). Metallurgияда шикізатты кезек-кезекпен өндейтін комбинаттардың



35-сурет. Metallurgy combinatyndaғы цехтардың схемасы.



Ұлсі үлкен болады. Өйткені комбинаттарда біржола темір рудасынан домна пештерінде шойын ерітіп алынады, сұйық шойын мен темір қалдықтарынан (металломоннан) болат ерітетін (мартен, конвертер, электр) пештерде болат ерітіледі, ал болаттан дайын өнім – прокат алынады.

Фылым мен техниканың өркендеуі металл ерітудің қалдықсыз технологиясын, металл алуштың жаңа, өнімді әдістерімен болаттың сапасын арттыруды және прокаттың түрлерін алуды қамтамасыз етілуде. Металл алуштың ең жаңа әдісі металды домнасыз, яғни руданы ерітпей одан бөліп алу болып табылады.

Қара металлургияда өндіріс үздіксіз орталықтана түседі.



Металлургия комбинаттары көп мөлшерде шикізат пен жанаармайды қолданады. Сол себепті олар шикізат немесе жанаармай базаларының маңында, кейде олардың аралығында құрылады. Бұл металлургия кәсіпорнын (комбинатын) орналастырудың ең маңызды шарты болып саналады.

Мұнда су, электр энергиясы, табиғи газбен қамтамасыз ету және табиғатты қорғау мүмкіндіктері де ескеріледі.

Бірінші металлургия кәсіпорны — Бекабад металлургия зауыты 1946 жылы іске қосылған (36-сурет). Зауытта болат және прокат өндірісі артып баруда. 1950 жылы 119 мың тонна болат ерітілген, 76 мың тонна дайын прокат өндірілген болса, қазіргі уақытта бұл көрсеткіш бірнеше есеге артқан. Бірақ зауыт өнімі мемлекеттің металға болған қажеттілігін өтемейді. Нәтижеде көрші мемлекеттерден көптеп металл тасымалдауға тұра келуде.

Қазіргі кезде шетелден келтіріліп жатқан электротехникалық полат, түніке (лист), түрлі профильдердегі прокаттар, сымдар, шойын өнімдеріне талап артуда. Мемлекет экономикасын дамыту үшін қажетті мұндай өнімдерді шеттеп алып келу болашақта да жалғастырылса, қараждаттар көбейіп, олардың бәсекелестігі төмендейді. Бұл мемлекеттің экономикалық мұдделері мен қауіпсіздігіне кері ықпал жасайды.

Дегенмен, қазір қара металлургия тармағын дамытуды қамтамасыз ететін инновациялық шараларды жүзеге асыру заман талабына айналуда. Мұндай жағдайда инновацияның негізгі бағыттары тармақты өндіру



36-сурет. Металлургия зауыты

тиімділігін жетілдіру, өнімдердің ассортиментін кеңейту, сапасын жақсарту, көлемін көбейттіру арқылы дамыту болып табылады. Өзбекстанда мұның үшін ірі және шағын зауыттарда полат даярлауда өнімділігі жоғары электр пештерден пайдалану, тармақ қызметін полат-прокат өндіру схемасы бойынша құру, рудадағы темір мөлшеріне қарағанда аз кендерді де менгеруге тұра келеді.

Металлургия агрегаттарының қуатының асуы өндіру үдерістерін механизациялау және автоматтандыруға, технологияларды жетілдіруге алып келеді, өнімнің өзіндік құнын арзандаттырып, еңбек өнімділігін 20-30 пайызға көтереді.

Қара металлургияны дамыту барысында елімізде бар темір рудасы кендерін менгеру, рудаларды қайта өңдеудің тиімді технологияларын таңдау және практикада қолданумен байланысты мәселелер кездеседі. Бізде еңбек, газ, энергия ресурстары жеткілікті, тармақ өнімдеріне қажеттілік жоғары екендігі Ресей, Қазақстан және Украинадан алып келініп жатқан қара металдардың орнын басатын қосымша прокат өндіру қуаттарын құру тиімділігін дәлелдейді.

Ірі өнеркәсіп кәсіпорындары мемлекет экономикасын дамыту, халықтың қызметін қамтамасыз етуде қажетті орынға ие. Ташкентте құрылышп жатқан *Ташкент металлургия зауыты* солардың бірі. Жалпы жер майданы 100 гектардан құралған кәсіпорынның құрылыш жұмыстарын 2 жылда аяқтау жоспарланған. Зауытқа Италия, Германия, Австрия сияқты мемлекеттерде өндірілген алдыңғы қатарлы және заманауи құрылғылар алып келінеді. Кәсіпорында автомобильдерге кузов жасап шығару үшін металл листтер, құрылышта пайдаланылатын түрлі металл черепицалар, профнастил және тұрмыстық техникалар үшін металл листтер даярланады.

Кәсіпорын толық қуатта іске түсірілгеннен кейін, жылына 500 миллион долларлық өнім өндірілуі, 1000-нан астам жұмыс орнының ашылуы күтілуде.

Ташкент қаласындағы Турин политехника университеті, Ислам Каримов атындағы Ташкент мемлекеттік техника университеті мен салаға мамандандырылған кәсіптік колледждер аталмыш кәсіпорын үшін мамандар дайында қарастырылған.

1. Қандай металлургия кәсіпорны толық цикльдегі зауыт немесе комбинат деп аталады?
2. Ауданында жиналған темір шығындылары қайда, қандай көлікте тасымалдануын ойлап көр. Соң ол басып өтетін жолды картада анықта



11-сабақ тақырыбынан түсті металлургияның жалпы өнеркәсіп өніміндегі салмағын анықта.

Түсті металлургия: а) түсті метал рудаларды қазып алу; б) байыту; в) еріту; г) қорытпалар шығаруды өзінде біріктіреді. Түсті металлургия мемлекетті электрлендіру, оның қорғаныс қуатын нығайту, атом техникасы, ұшақ жасау, ракета жасауды дамыту, жалпы, машина жасау мен химия өнеркәсібі үшін аса қажет болып табылады.

Түсті металдар бірнеше топтарға бөлінеді. Бұл бөлінудің негізінде түсті металлургия – ауыр металдар металлургиясы, жеңіл металдар металлургиясы және басқаларға бөлінеді (37-сурет).

Негізгі топтар			Басқа топтар	
Ауыр металда	Жеңіл металдар	Қымбат бағалы металдар	Кийін еритін металдар	Сирек металдар
мыс, қалайы қорғасын, никель, мырыш	Алюминий, магний, титан	Алтын, күміс, платина	Вольфрам, моллибден	Уран, германий және басқалар


37-сурет. Түсті металдардың топтарға бөлінуі.

Қазір ауыр металдарды да, еруі қын металдарды да өндіру қолға алынған. Оларды алуша өте көп электр энергиясы жұмсалады. Мұндай өндірістер көп энергияны талап ететін өндіріс деп аталады.

Мемлекеттік алтын, мыс, қорғасын, мырыш, вольфрам, моллибден және басқа түсті металл рудаларының қоры көп. Тек мыс кендерінің өзі 15-тен асады.

Картадан мыс кендерінің орнын анықта.

Ангрен-Алмалық кен өнеркәсібінің ауданы мемлекеттік түсті металлургия өнеркәсібінде ерекше маңызға ие. **Мыс рудасының** құрамында моллибден, алтын, күміс сияқтылар бірге ұшырайды. Бұл жерде мыс еріту зауыты мен Алмалық кен-металлургия комбинаты жұмыс істейді. Комбинат Қалмаққыркен, Қорғасынкен кендері, қорғасын-мырыш **байыту фабрикасы**, электр станциясы және бірнеше көмекші кәсіпорындардан құралған (38-сурет). Кеншілердің агад қаласы – Алмалық кен игерілуі барысында құрылған.



38-сурет. Алюминий өндіру.



Байыту фабрикасы – руданың керексіз қорытпаларын шығарып тастау немесе жаңа заттарды қосу жолымен пайдалы сапаларын арттыратын кәсіпорын.

Түсті металлургияның өнімдері — **вольфрам** мен **молибден** өндіру жедел дамуда. Вольфрамның еру температурасы өте жоғары (3370°C). Жоғары температуралы пештердің қыздыратын элементтері мен электр лампочканың қызатын сымдары вольфрамнан жасалады. Шыршық қадасындағы еруі қын қатты қорытпалар зауыты мемлекеттегі өте маңызды кәсіпорындардың бірі болып саналады. Бұл кәсіпорынның өнімінен электротехника, машина жасау, аспап жасау және басқа өнеркәсіп тармақтарында кеңінен пайдаланылады.

Түсті металлдар бағалы қасиеттерге ие. Олардың кейбіреулері (калайы, қорғасын, никель), тот басуға (коррозияға) шыдамды, басқалары (титан, вольфрам) ыстыққа тәзімді немесе электр тогын жақсы өткізеді (алюминий, мыс, күміс, алтын). Ахангаран көмір бассейнінде алюминий шикізаты — каолин сазының үлкен қоры бар. Ал Орта Шыршық плавик шпат комбинатында алюминийді электролиз тәсілінде алуша қолданылатын плавик шпат даярланды.

Алтын – бағалы металл. Ол жер астында да, ылғалдықта да өз қасиетін жоғалтпайды. Бірақ оны іздел табу, тау жыныстарынан ажыратып алу көп еңбекті, каражатты талап етеді. Алтын сен білген зергерліктен тыс электроника, компьютер жасап шығаруда, ғарыштық кемелерде, атом реакторларында көп қолданылады. Бір атом реакторының ішкі қабырғасы 16 кг алтынмен қапталады.

Самарқанд пен Бұхара аралығындағы таулардан екі мың жыл бұрын

да алтын қазып алынған. X–XIII ғасырларда кен өнеркәсібі өз заманына сай жоғары дамыған. XIX ғасырда Ресей империясы Түркістанды басып алған соң, бар кендерді карталарға түсірді. Алтын іздеу жұмыстарын барша жерлерде қүшеттірді. XX ғасырдың орталарынан өзбек ғалымдарының зерттеулері негізінде *Мұрынтау, Чодак, Зармитан, Қосбұлақ, Қызылалма, Маржанбұлақ* алтын кендері анықталды. 1969 жылы алғашқы алтын жамбасы құйылды. Сол кезден бастап алтын қазып алу өнеркәсібі қалыптасты.



Өзбекстан алтын қазып алу бойынша дүние жүзінде *жетінші*, ал ТМД мемлекеттерінің арасында *екінші орында* тұрады.

Мемлекетімізде алтын қазып алу өнеркәсібінің тағы бір ірі орталығы – Науаи кен-металлургия комбинаты. Мұрынтау кені Өзбекстанда ғана емес, Еуразиядағы алтын кендерінің ішіндегі ең үлкені болып, руда қазып алынған жердің көлемі 2x4 км және терендігі 400 метрден астам аңыздық орды еске салады (39-сурет).

Алтыннан кейін тұратын бағалы металл — бұл *күміс*. Құрама тау тізбектерінде ірі күміс кендері табылған. Та什кент маңында үлкен мөлшерде күміс айырып алынуда. Қызылкүмда күміс өндіруді көбейту бойынша кен көлемді шаралар іске асырылуда. Қазіргі күнде құрамында алтын және күміс болған 30-дан астам руда кендері анықталған.

Металдар экономикада түрлі мақсаттарда қолданылады. *Мыс* таза күйінде де, қалаймен (бронза), никельмен (мельхиор), алюминиймен (дюралюминий), мырышпен (латун) қорытпа күйінде де электротехникада және машина жасауда кеңінен пайдаланылады. *Коргасын* аккумуляторлар, электр кабельдерін жасап шығаруда қолданылады. Темір бұйымдарды тот баспауы үшін мырышпен сырланады.

Қалайыдан ақ қаңылтыр мен подшипники жасауда пайдаланылады. Мемлекетімізде күміс, уран, вольфрам және басқа бағалы руда кендері де бар.



39-сурет. Мұрынтау алтын коні.

1. География атласынан Өзбекстанның қайсы аумактарында қандай түсті металдар қазып алынатынның анықта.
2. Түсті металлургия шикізатына кешенді өндейтін комбинаттарды құрудың пайдалы екендігіне не себеп болды?
3. Оқу атласынан пайдаланып, контурлы картага түсті металлургия орталыктарын белгіле.



МАШИНА ЖАСАУ ЖӘНЕ ОНЫҚ ТАРМАҚТАРЫ

11-сабақтың тақырыбынан машина жасаудың жалпы өнеркәсіп өніміндегі салмағын анықта.



Машина жасау кешені – экономиканың барша салалары үшін машина және аспаптар жасап шыгаратын, халықты телевизор, тоңазытқыш сияқты алуан түрлі тұтыну бұйымдарымен қамтамасыз ететін өнеркәсіп тармақтарының үйлесімділігі болады.

Машина жасау мемлекет экономикасының тұрақты кешені болып саналады (40-сурет). Себебі, экономиканың ешбір тармағы машиналармен қамтамасыз етілмей дамымайды. Қазіргі заман машинасын дайында үшін көп мөлшерде металл, пластмасса, бояулар, резина, мата, ағаш-тақта қажет болады.

Машиналар мындаған бөлшектерден дайындалады. Мұнша сан алуан бөлшектерді бір ғана зауытта жасау қолайсыз және тиімсіз. Сол себепті машина жасауда **бөлшектер жасауга мамандану**, яғни дайын өнімнің кейбір тетіктері мен бөлшектерін жасау кең дамыған.

Өйткені, машиналар үшін кейбір бөлшектерді жасап шыгаратын көптеген машина жасау зауыттары бір-бірімен, сондай-ақ металл, пластмасса, резина және басқаларды жеткізіп беретін (басқа тармак) кәсіпорындарымен өндірістік байланысы болуын, яғни **кооперативтенуін** талап етеді.




40-сурет. Машина жасау кешені тармақтары.

Бірақ мұнданың өндірісті көліксіз жүзеге асыруға болмайды. Сол үшін машина жасау тармақтарын орналастырудың қолайлы көлік магистральдарының болуы, әлбетте есепке алынады.

Машина жасау кәсіпорындары үшін тәжірибелі жұмысшы мен ғылыми-техникалық мамандар жеткілікті болуы керек. Сондықтан машина жасау кәсіпорындарын орналастырғанда тұтынушының жақындығы мен металургия базасы да ескеріледі.

Машина жасау заттары күрделі станоктар арқылы жоғары





41-сурет. Машина жасау зауытының құрамы.

тәжірибелі еңбекпен жасалады. Орта есепте әрбір машинаның өзіндік құны оған жұмсалған шикізат – металл өзіндік құнынан жүз есе артық болады (41-сурет).

Машина жасаудың түрлі тармақтары бірдей мөлшерде металл қолданбайды. Егер бір дана машинаны жасау үшін көп металл (яки басқа көп материал) қажет болса, мұндай машина жасауды **көп металл немесе көп материал талап ететін машина жасау өнеркәсібі** деп аталады. Кен және металлургия құрал-жабдықтары, темір жол вагондарын жасап шығару бұған мысал бола алады.

Сөйтіп, жұмсалатын материал мен дағыланған еңбек мөлшері, шикізат пен дайын машиналарды тасымалдау жағдайы машина жасау зауыттарын:

- көлік магистральдары;
- білікті мамандар;
- тұтынушылар;
- ірі металлургия кәсіпорындары бар жерлерде орналастыру ұстанымдарын белгілеп береді.

Өзбекстан экономикасы үшін дәстүрлі маманданған салалары есептелген мақта, жібек, кенеп өсіру және оларды қайта өндеу қол еңбегін көбірек талап етеді. Сол үшін ауыл шаруашылығының маманданған салаларын механизациялауды қамтамасыз ететін, яғни жер жырту, егін егу және өндеу, өнімді жинау және дайын шикізатты қайта өндеуде қолданылатын машина мен аспаптар жасап шығаратын ауыл машина жасау тармақтары пайда болды.



Ташкенттегі «**Ташқыстақмаш**», «**Өзбекқыстақмаш**» және Шыршықтағы «**Шырышқыстақмаш**» сияқты зауыттар ауыл шаруашылығы машина жасау өнеркәсібінің негізгі кәсіпорындары болып саналады.

Бұл зауыттар мақташылық үшін трактор сеялкалары, культиваторлар, қозаны жұлатын, қауашақ теретін және аршитын, тыңайтқышты араластыратын, ауыл шаруашылығы зиянкестерін жоюда улы заттарды шашатын машиналар жасап шығарады. 1994 жылы Өзбек-Израиль бірлескен кәсіпорнында мақта теретін машинаның жаңа моделі жасалды (42-сурет).

Су қоймалары, каналдардың құрылышы және оларды лайдан тазалауда, суды жоғарыға көтеруде, жалпы, ирригацияда қолданылатын машиналар жасап шығаратын *ирригациялық* машина жасау өнеркәсібі де агроеңдіріс кешенінің қажеттілігіне қарай пайдада болды. Ирригация машина жасауының орталығы Әндіжан облысы болып саналады.

Мақташылық дамыған сайын тракторларға, мақта таситын машина мен механизмдерге деген қажеттілік арта түсті. Сол үшін Ташкент трактор зауыты - ТТЗ-да әмбебап тракторлар, мақтаны қап-қанаңсыз тасуға арналған өзі аударатын тіркемелер шығарыла бастады.

Ташкент, Әндіжан, Самарқант және Каттақорғанда мақта тазалайтын және май өнеркәсібі үшін машина мен жабдықтарды жасап шығаратын машина жасау зауыттары орналасқан. Үлттық экономикада, өсіреле, ауыл шаруашылығында машина мен механизмдер көптеп қолданғандықтан оларға қосалқы бөлшектерді жеткізіп беретін және жөндейтін кәсіпорындар дерлік барлық облыстарда құрылған. Самарқанттағы «Мақтамаш» зауыты – қосалқы бөлшектерді шығаратын кәсіпорындардың ең ірісі.

Бақ өсіру, жүзім шаруашылығы мен бақша егіндерінде қолданылатын машина мен жабдықтар «Орта Азияқыстақмаш» бірлестігінде жасап шығарылуда.



42-сурет. Мақта териу

Өткен ғасырдың орталарынан бастап электротехника өнеркәсібі жеке сала ретінде қалыптасты. Оннан астам *электротехника* зауыттары жұмыс істеді. ЭЕМ жасап шығаратын «Алгоритм» зауытына негіз салынды. ЭЕМ үшін микроэлектроника элементтері,



микросызбалар, қашықтан тұрып басқару жүйелері және басқа өнімдер жасап шығаратын «Зенит» зауыты іске қосылды. 1990 жылы концерн «Узэлтехөнеркәсіп» бірлестігіне айналдырылды. Бірлестік құрамында 50-ден астам кәсіпорын қызмет етуде. Біріккен кәсіпорындармен Ресей, Түркия, Оңтүстік Корея, АҚШ, Сингапур және басқа мемлекеттер фирмаларының ынтымақтастығында 20-дан астам біріккен кәсіпорындар құрылды.



43-сурет. Тұрмыстық техника кәсіпорнында.

Радиоэлектроника және электротехника – республика машина жасау кешенінің жедел дамитын, болашағы жарқын тармағы (43-сурет). Мемлекеттімізде алтын, күміс, мыс, мырыш, кремний, вольфрам, каолин, кварц құмы, уран шикізаты секілді сирек кездесетін руда кендері және жеткілікті жұмысшы күші саланың тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.



Қазіргі кезде машина жасау тармақтарында 100 мыңға жуық адам еңбек етуде.

Тоқымашылық өнеркәсібінің өркендеуі шикізатқа ғана байланысты болмай, оны заманауи тоқу станоктармен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге де байланысты. Мұндай жабдықтарды «Өзбектоқымашылықмаш» бірлестігінде жасап шығарады. Бірлестік кәсіпорындары Ташкент, Коқан, Жызақ қалаларында орналасқан.

Химия және мұнай-химия машина жасауы 1941 жылы құрылған. Оның ірі кәсіпорны Шыршық қаласындағы «Өзбекхимиямаш» зауыты бүрін химия, микробиология, целлюлоза-қағаз өнеркәсібі кәсіпорындары үшін жабдықтар жасап шығаратын еді. Қазіргі күнде химиялық құрылғылары, турбокомпрессорлар, вентиляторлар, насостар жасап шығарылуда. Ташкент «Компрессор» зауытында біріккен компрессор станциялары жасап шығарылады. Ал Наманганда мұнай мен газ құдықтары үшін жабдықтар жасап шығарылады.

Коммуналдық шаруашылықтың машина жасау тармағында Самарқант лифт жасау зауыты жұмыс істеуде. Зауытта жолаушы және жүк лифттері, ағаш өндійтін станоктар шығарылады.

Машина жасау кәсіпорындарының болашағы мен аумақтық орналасуын адам алғышарты белгілейді. Қыстақ халқын жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында машина бөлшектерін жасауға маманданған шағын кәсіпорындар қыстақтарда құрылуда.

Өткен ғасырдың орта кездеріне дейін Өзбекстан машина жасау өнеркәсібі тек қана ауыл шаруашылығы машиналарын жасап шығарған және оларды жөндейтін, мақтаны қайта өндейтін кәсіпорындарға машина мен жабдықтарды жеткізіп берген еді. Ал қазір машина жасау кешенінің жартысы ғана агроөндірістік кешенімен байланысты.

Кейінгі дәуірлерде Өзбекстан машина жасау өнеркәсібінде дәстүрлі тармақтарды дамытумен бірге аз металл мен көп еңбекті талап ететін тармақтар жедел дамыды. Нәтижеде көп тармақты машина жасау өнеркәсібі қалыптасты.

- 
1. Тәуелсіздік жылдарында машина жасаудың қайсы тармақтары тез дамыды?
 2. Көлік машина жасау құрамында қандай өзгерістер болды?
 3. Өндірістің мамандануы мен кооперативтенуі неліктен машина жасау өндірісінде маңызды және көкейтесті болып саналады?
 4. Өзбекстанда шұғыл түрде ауыл шаруашылық машина жасауы жүзеге келгенін қалай сипаттауға болады?
 5. Ирригациялық машина жасаудың орталығы қай жерде?
 6. Ауданында машина жасаудың қандай кәсіпорындары бар?



АВТОМОБИЛЬ ЖАСАУ ӨНЕРКӘСІБІ

Автомобиль жасау Өзбекстанда тәуелсіздіктен кейін қалыптасты. 1992 жылы Өзбекстан Республикасы Оңтүстік Кореяның **«DAEWOO»** компаниясымен ынтымақтастықта Әндіжан облысының Асака қаласында мақта таситын тіркемелер зауыты негізінде женіл автомобильдер шығаратын **«Uz-Daewoo Auto»** (бұғаңде «GM Uzbekistan») автомобиль зауыты құрыла бастады. 1996 жылы алғашқы **«Damas»**, **«Tico»**, **«Nexia»** маркалы женіл автомобильдер зауыт конвейерінен шыға бастады. Бұл жас және болашағы бар сала мұнайхимия, электроника сияқты басқа ұлттық экономиканың жоғары технологиялық салаларының өзіне тән локомотиві болды.

Кореялық, италиялық, голландиялық және американлық әріптестерімен бірге жұмыс істеп, компания әрдайым республикада өндірілетін жинақтау бөлігінің үлесін арттырып келуде. Бастапқы жылдары автомобиль бөлшектерінің 20 % ы Өзбекстанда даярған болса, 5 жыл өткеннен кейін бұл көрсеткіш 60 % ы пайызға жуықтады. Бұғаңде таңда бұл көрсеткіш 85 % ы құрап, автомобиль жасау кәсіпорындарының мемлекет шеңберіндегі **кооперациясы** жоғары дәрежеге көтерілді. Бұғаңде күнде республиканың 250-ден астам кәсіпорындары өз өнімдерін Асака қаласындағы автозауыт конвейеріне жеткізіп беруде (44-сурет).





44-сурет. Асакадағы автомобиль зауытының басқа кәсіпорындармен байланыстары

Орналастыру жобаларын жүзеге асыру кәсіпкерліктің жай-күйін дамытуға көмек беріп, қосымша жұмыс орындары жасалды.



Өзбекстан дүние жүзінде автомобиль жасап шығаратын 28-ші мемлекет болып табылады. **«GM Uzbekistan»** зауыты **«Damas»**, **«Nexia»**, **«Lacetti»**, **«Chevrolet Captiva»**, **«Spark»**, **«Malibu»** автомобильдерін жасап шығаруда.

Республиканың жалпы ішкі өнімінің жалпы қолемінде автомобиль жасаушылардың үлесі жылдан-жылға артып баруда.

Дүние жүзі базарында күшейіп бара жатқан бәсекелестік компаниядан тұрақты түрде, заманауи технологияларды, ғылыми және дизайнерлік үлгілерін қолдануды талап етуде. Болашақта жас мамандарды даярлау, маманданған кәсіптік-мамандық колледждерін ашу, әлеуметтік жобаларға катысу, жұмысшылардың интеллектуалды мүмкіндіктерін ынталандыру басты міндет болып табылады.

Өзбекстанда жасап шығарылған автомобильдердің экспорт қолемі артып, географиясы кеңейіп баруда (45-сурет). Бір ғана Ресей Федерациясында 750 мыңнан астам бізде жасалған автомобильдер жүреді. Өзбекстан Ресейге автомобиль сату бойынша Чехия, АҚШ, Украина, тіпті Франциядан да алдында тұрады.

Жеңіл автомобильдерден тыс Өзбекстанда Жапонияның ISUZU және Германияның MAN кәсіпорындарымен бірге құрылған бірлескен кәсіпорындарда автобустар, жүк машиналары, түрлі арнайы техникалар жасап шығару жолға қойылды (46-сурет). Қазіргі кезде аталмыш кәсіпорындар авто-транспорттың 30-дан астам түрін жасайды. Жобаны жасау кезінде «SamAvto» бірлескен кәсіпорнының қамсыздандыруышы болуы мүмкін болған кәсіпорындар анықталды. Олардың арасында: лак-бояу, орындық пен детальдар тағы көптеген басқа бұйымдарды өндіру бойынша Өзбекстан – Оңтүстік Корея бірлескен кәсіпорындары бар. Болашақта жергілікті істеп шығару үлесі автобустардың 56 және жүк машиналардың 44 пайызын құрауы керек. Бұл мемлекетіміздің машина жасау өнеркәсібі өзінің мықты дәүірі мен жарқын болашағына ие екендігінен дерек береді.

Өзбекстанда автомобиль жасап шығару өнеркәсібі дами түсер екен, түрлі өнірлерде өнеркәсіп кәсіпорындары құрыла бастады. Соның ішінде, «GM Uzbekistan» акционерлік қоғамының Хорезм облысы филиалы мен Ташкенттегі «GM Powertrain Uzbekistan» автомобиль двигательдері зауыттары іске қосылды.



45-сурет. Өзбекстан автомобильдерінің экспортты.

ӨЗБЕКСТАН АВТОМОБИЛЬ ЗАУЫТТАРЫ

БҮГИНГІ КҮНДЕ ӨЗБЕКСТАН АВТОМОБИЛЬ ӨНЕРКӘСІБІ
ОНДРЕТИН КӘСІПОРЫНДАР САНЫ **250**-ГЕ ЖЕТИ



46-сурет. Өзбекстандағы автомобиль жасаудың ірі кәсіпорындары.

Хорезм облысы филиалы мемлекеттің автомобиль жасау өнеркәсібі құрамында экономикамыздың дамуына салмақты үлес қосып жатқан кәсіпорындар болып табылады. Филиал жылына 40 мың автомобиль жасап шығару қуатына ие болып «Damas», «Labo», «Orlando» маркалы автомобильдер жасап шығарылады.

Мемлекеттің автомобиль өнеркәсібін дамытуда 2017 жыл тағы бір қадам қойылды. «Узавтосаноат» АҚ және Францияның «Pejo Sitroen» тобы арасында Өзбекстанда жеңіл коммерциялық автомобильдерін жасап шыгаратын бірлескен кәсіпорын құру бойынша келісімге қол қойылды. Оған сәйкес, жаңа кәсіпорын «Жызақ» еркін экономикалық зонасында құрылады. Зауыт «Peugeot» және «Citroyon» брендтері негізінде жолаушы және жүк тасуға арналған жеңіл коммерциялық автомобильдерін жасап шығаруға мамандандырылады. Бірлескен кәсіпорын әр екі тараптың тең үлесі негізінде қызмет жүргізеді.

Құрылышы жоспарланып жатқан бірлескен кәсіпорында жылына 16 000 автомобиль жасап шығарылады. Оларды Өзбекстанда, сондай-ақ ұзақ және жақын шет елдердегі экспорт базарларында сату жоспарлануда.

1. Асакада жасап шығарылып жатқан автомобиль бөлшектерін бүкіл мемлекеттің автомобиль жасап шығарумен қандай ділгірліктердің шешіміне жол ашылады?
2. Автомобиль үшін бөлшектердің мемлекет аумағында шағын кәсіпорындарда даярланғандығы дұрыс па, әлде барлық бөлшектерді Асака қаласында шығарған дұрыс па? Жауабынды негізден бер.



11-сабақ тақырыбынан ағашты қайта өндеу өнеркәсібінің жалпы өнеркәсіп өніміндегі салмағын анықта.

Орман өнеркәсібі ағаш даярлау және ағашты қайта өндеу тармақтарына бөлінеді. Ағашты қайта өндеу қолөнершіліктің түрі ретінде ертеден белгілі. Қолөнершілер ағашты өндеп, одан арба, ертоқым, шарбақ-қоршаулар, сандық, есік, бесік, терезе секілділерді жасаған, үйлерді құрган. Ағаш өндіру жылдар барысында жетілдіріліп, одан жаңа-жаңа өнеркәсіп тармақтары пайда болды (47-сурет). Әсіресе, ағашты химиялық қайта өндеуде ағаш өндірісінде түбегейлі (төңкерістік) өзгеріс жасалды.

Мемлекеттің ағаш-тақта шикізатына болған жылдық талабы 10 млн. текше метрден асуда. Бірақ ағаш шикізаты болатын табиғи ормандар бізде қатаң шектелген. Соңдықтан әр жылы миллиондал көшеттер отырғызылады, «көгалдандыру айы» өткізіледі. Ормандарда жарату және ағаш байлықтарынан тиімді пайдаланумен арнаулы орман шаруашылықтары шүғылданады. Республикамызда 100-ге жуық орман шаруашылығы кәсіпорындары, қорықтар және ұлттық бақтар бар.

Орман өнеркәсібі өнімдерінен машина жасау, химия өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп, көлік және құрылышта пайдаланылады. Сонымен қатар орман өнеркәсібі де басқа тармақтардан лактар, бояулар (мебель жасау үшін), сода, натрий, ағартушы химикалтар (қағаз дайындау үшін), автокөліктер, тракторлар, станоктар (ағаш өзірлеу және өндеу үшін) алады. Басқаша айтқанда, орман өнеркәсібі мен басқа тармақтар арасында кең тармақтараralық байланыстар бар.


Тәуелсіздік жылдарында Ташкент пен Асакада *агаш шеберлігі бүйімдарының зауыттары*, ал Ташкенттегі күннен қорғау жабдықтары зауытында пластмассадан терезе рамдарын шығаратын цех іске қосылды. Ташкентте Өзбекстан – Греция бірлескен кәсіпорны «Уз Эллас» сірінке зауыты өнім бере бастады.

Ағаш шикізатының тапшылығы өнеркәсіпте қатаң қыншылықтар туғызып отыр. Ағаштардан үнемді пайдалану мақсатында целлюлоза өнеркәсібі де дамып келеді.



Целлюлоза – ұсақталған және химиялық жолмен алынатын ағаш массасы, ол жасанды талшық пен қағаз жасау үшін шикізат болады.





47-сурет. Ағаш жасау өнеркәсібінің тармақ шеңберіндегі байланыстары.

Мемлекеттің міздің түрлі бұрыштарында целлюлоза мен қағаз жасап шығаратын шағын кәсіпорындар іске қосылуда. Соның ішінде, Қарақалпақстан Республикасы Кегейлі ауданында жергілікті шикізат қамыс, бидай, салы сабаны, мақта қоза сабағынан целлюлоза мен қағаз өнімдерін жасап шығаруға мамандандырылған шетелдік капиталдың катысуындағы кәсіпорын құрылады.

Министрлер Кабинетінің 1994 жылы 8 ақпандағы «Өнеркәсіптік терек егуді дамыту және басқа тез өсетін ағаштарды өсіруге байланысты іш-шаралар туралы» арнаулы Қаулысы орман өнеркәсібіне шұғыл өзгеріс енгізді. Қаулыға сәйкес теректер егілген аудандар әр жылы 10 мың. гектарға кеңейіп баруда. Таяу болашакта әр жылы 5 млн. текше метр өнеркәсіптік ағаш даярланады. Ағаш даярлау кәсіпорындары тақтаны кесу зауыттарына бөрене ағаш даярлап береді. Кесілген ағаш, яғни тақта мебель өнеркәсібі үшін шикізат болады. Ағаш даярлау мен ағаш өндіру қалдықтарынан (бұталар, қырындылар, жаңқа, қабық) орман-химия өнеркәсібінде спирт, майлар, бояулар өндіріледі. Сондықтан орман-химия комбинаттарын құру өте тиімді. Ағаш шикізаты тапшы болған Өзбекстанда қалдықтарды толық қайта өндейтін ағаш жасау комбинаттары аса маңызды болып саналады.

1. Атластың «қөлік» картасынан облысында ағаш қайдан және қай көлік түрінде тасымалданатынын анықта.
2. Ағаш тапшылығын жою мақсатында ауданында қандай шаралар жүзеге асырылуда?
3. Терек ағашының сапасы мен экологиялық мәніне қарай қандай артықшылықтары бар екендігін ботаника сабактарынан есінде түсір.



11-сабактағы тақырыптан құрылыш материалдары өнеркәсібінің жалпы өнеркәсіп өніміндегі салмағын анықта.

Құрылыш материалдары өнеркәсібі үлттық экономиканың дерлік барлық тармақтарымен байланысты. Зауыт пен фабрикалар, тұрғын үйлер, жолдар мен ирригациялық құрылымдардың көптеп құрылуымен құрылыш материалдарына деген талап та арта береді.

Құрылыш үшін қажет болған **цемент** Қувасай, Ахангаран, Ангрен, Науай және Бекабад қалаларында және Зафарабат қалашығында өндірілуде. Ахангаран және Науай цемент комбинаттары ең ірі комбинаттар болып саналады. Ангреннің ақ балшығының негізінде безендіруде қолданылатын ақ цемент өндіріледі.

2018 жылы Сұрхандарияда тағы бір ірі цемент зауыты іске қосылды. Шерабад ауданында «Алмалық кен-металлургия комбинаты» акционерлік қоғамы тарапынан құрылған цемент зауыты пайдалануға тапсырылды (48-сурет). Бұл цемент зауыты алқапта құрылыш өнеркәсібін заман талаптары дәрежесінде дамытуда, заманауи құрылыш материалдарын қебейттіру және өндіріліп жатқан өнімдерді экспортқа шығаруда қажетті маңызды ие болады.

Технологиялық бөлігі туркиялық әріптер тарапынан жүзеге асырылған аталмыш зауыттың Шерабад ауданында құрылудың өзіне тән артықшылықтары бар. Себебі ең ірі, яғни 708 миллион тонна цемент шикізаты, соның ішінде 530 миллион тонна әктас және 178 миллион тонна топырақ (глина) болған кендер дәл сол аумакта орналасқан. Бұл инвестиция жобасының жүзеге асырылуы нәтижесінде бұл жерде жылына 1,5 миллион тонна жоғары сапалы портландцемент өндіру қолға алынды.

Сұрхандария облысының географиялық орналасуы тек қана өлкеміздеға жаңа жүзеге асырылып жатпай, бәлкім көрші мемлекеттер, соның ішінде Ауғанстан Республикасында да кең көлемдегі құрылыш жасампаздық жұмыстары үшін қажет болған цемент өнімінің ішкі және сыртқы базарда өз сатушысын табу мүмкіндігін береді.

Өзбекстан әдемі және қатты мәрмәрге бай. Елімізде табылған 34 мәрмәр кенінің 5-еуінен мәрмәр қазып алынуда.



48-сурет. Шерабад цемент зауыты.



Гозгон кені – мәрмәр қорының көптігі, жоғары сапалылығы жағынан әлемдегі ең әйгілі кендердің бірі. Одан қазып алынған мәрмәр бұрынғы Одақ дәуірінде басқа өнімдер секілді Орталыққа тасып әкетіletіn. Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларындағы метрополитендердің көптеген бекеттері мен басқа ғимараттар Гозгон мәрмәрімен безендірілген. Ташкенттегі Әлішер Науан атындағы Опера және балет театры, «O'zbekiston», «Ташкент Palace» секілді қонақ үйлер, Ташкент метрополитені және басқа маңызды мәдени-тұрмыстық ғимараттардың құрылышында да сол кеннің мәрмәрлары пайдаланылған. Ташкент қаласынан 74 км солтүстік-шығыста орналасқан Оркутсай кенінде қара, ақ және күлрең мәрмәр кездеседі. Ташкент және Ғазалкент мәрмәр зауыттарында мәрмәрға әшекей беріледі.



Безендіруші тастардың жалпы қорлары 85 млн. текше метрден асады. Олар тасты қайта өндійтін қәсіпорындарды жүздеген жылдар бойы шикізатпен қамтамасыз ете алады.

Шыршық қаласының маңында жергілікті шикізат негізінде жұмыс істейтін **терезе әйнектерін шыгаратын** зауыт жұмыс істеуде. Сондай-ақ Жызақ облысында Қытай компаниясының қатысуында басталған айна зауыты құрылышының бірінші басқышы соңына жетті (49-сурет). Зауыт қызметінің толық жолға қойылуы 2019 жылға жоспарланған. Солайша Жызақ айна зауыты Орталық Азияда бұл түрдегі өнімдерді өндіретін ең ірі қәсіпорынға айналады.

Құрылыш негіздерінің бірі темір-бетон. Ташкент, Ферғана, Самарқанд және Бұхара облыстарында **темір-бетон** бұйымдары өндірілуде. Хорезм, Бұхара және Ферғана облыстарында **силикат блоктары** істеп шыгаратын зауыттар құрылған. Жызактағы силикат зауыты Мырзашөл қожалықтары, қалалары мен қалашықтары үшін қабырға блоктары, панельдер, қабырғалар, баспалдақтар және басқа силикат бұйымдарын даярлайды. Гимарат, көпір, жол және басқа ғимараттар үшін барша бөліктер арнайы зауыттарда даярланады.

Құрылышта дайын бөліктерді құрылыш ғимаратына тасымалдау біраз киын болғандықтан, оларды өндіретін қәсіпорындарды орналастыруда екі жолдың бірі сақталады. Үлкен және ауыр бөліктерді даярлайтын қәсіпорындарды негізінен құрылыш кең көлемде жүргізілетін ірі қалалардың, өнеркәсіп аудандарының маңында құрылғаны жөн. Немесе шикізат тікелей ғимарат құрылатын



49-сурет. Жызақ айна зауыты.



50-сурет. Ауылда құрылған ғимараттар.

жерге әкелініп, үлкен құрылыштар құйма әдісінде де тіктеледі. Мұнда құрылыш материалдары ұнемделеді, техникадан тиімді пайдаланылады және құрылыш қарқыны жеделдейді.

Тәуелсіздіктің арқасында барлық облыстарда құрылыш жұмыстары болып көрмеген дәрежеде жеделдей түсті. Жаңадан жаңа әлеуметтік нысандар, өндіретін кәсіпорындар, автомобиль мен темір жолдар құрыла бастады. Қала мен қыстақтарда заманауи ғимараттар бой көтеруде (50-сурет). Әсіреле, еліміздің

астанасы танымастай дәрежеде көркейді.

Мемлекетімізде қыстақ халық пункттерінің көрінісін түбегейлі өзгерту, үлгілі жобалар негізінде жаңа үй-жайлар құру, қыстақта жаңа инфрақұрылымды қалыптастыру есебінен қыстақ тұрғындарының тұрмысын одан әрі жақсартуға ерекше көңіл бөлінуде. Сол мақсатта 2009 жылдан бастап ауылдық жерлерде қолайлы және коммуналдық жағдайларына ие болған жеке тәртіптегі тұрғын-үй мөлтек аудандарын кешенді құру жұмыстары басталды.



Мемлекетіміздің барлық қыстақ аудандарында үлгілі жобалар негізінде 1200-ден астам **жаңа үй-жай мөлтек аудандары** құрылды, 117,5 мыңнан астам жеке тәртіптегі тұрғын үй пайдалануға тапсырылды.

Құрылыш жұмыстарының дами түсіү құрылыш материалдары өнеркәсібінің өркендеуіне себеп болуда.

1. Құрылыш материалдары өнеркәсібіне шикізат ретінде тағы нелерді қосымша етесін?
2. Құрылыш материалдары кәсіпорнын орналастыруда табиғи жағдай, шикізат, жұмысшы күші, көлік алғышарттарының қайсысы маңызды екендігін түсіндір.
3. Өзбекстанның табиғи байлықтары картасында құрылыш материалдары көндері қай жерлерде орналасқанын анықта.
4. География дәптерінде құрылыш материалдары өнеркәсібінің басқа өнеркәсіп тармақтарына байланыстырық жобасын сыйз.



ӨНЕРКЕСІП ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАР

Өнеркесіп табиғатқа үлкен әсер ететін, қоршаган ортаны ластайтын қожалық тармағы болып саналады. Себебі өнеркесіп табиғи шикізатты алу және оны қайта өндеден соңғы өнімге ие болғанға дейінгі үдерісті өз ішіне алады, сондай-ақ бұл үдеріске өнеркесіп қалдықтарын қоршаган ортаға тасталуы да кіреді.

Өнеркесіп тармақтарының қоршаган ортага әсері бағытына қарай ерекшеленеді:

- атмосфераның ластануына әсер ететін тармақтар: жылулық энергетикасы, металлургия, мұнайды қайта өндіу, цемент өндіру;
- су ресурстарының ластануына әсер ететін тармақтар: химия, мұнай-химия өнеркесібі, ағашты қайта өндіу, көмір, ет-сүт өнеркесібі;
- жер ресурстарының ластануы мен бұзылуына әсер ететін тармақтар: тау-кен өнеркесібі мен құрылымдарын өндіру өнеркесібі және басқалар.

Бүгінгі күнде қоршаган ортаны сақтаң қалуға қаратылған барша шаралар өнеркесіптің экологизациясы деп атала басталған.

Өнеркесін кәсіпорындарын орналастыруды экологиялық алғышарттарды есепке алу. Өдette, өнеркесіп кәсіпорындарын орналастыруды шикізат, жанармай, көлік, энергетика, су және еңбек ресурстары сияқты бірқатар дәстүрлі алғышарттар ескеріледі.

Соңғы 10 жылдықтарда олардың қатарына ең қажеті алғышарт ретінде экологиялық алғышарт та қосылды. Аталмыш алғышарттың талаптары төмендегідей болады: құрылымы жоспарланып жатқан өнеркесіп кәсіпорны өз қызметі барысында атмосфера мен қоршаган ортаға жеткізілетін зияны алдыннан қарастырылады; су және жер ресурстарына жеткізілетін зиян, өнеркесіп кәсіпорны қызметі барысында шыгаратын қалдықтардың мөлшері, мұндай қалдықтардың утилизациясы мәселелері мен утилизация үдерісінде атмосфера, су, жер ресурстарына жеткізілетін зиянның көлемі анықталады.

Экологиялық алғышарт белгілі бір аумақта белгілі бір саладағы өнеркесіп түрін іске қосу яки іске қоспауга толық негіз бола алады. Себебі экономикалық түрғыдан белгілі өнеркесіп кәсіпорны аумақты дамытуы мүмкін болса да,



51-сурет. Өнеркесіп және экология



52-сурет. Экологияға өнеркәсіп кәсіпорындарының әсері.

болғанда ғана, мұндай кәсіпорынға қызмет етуіне рұқсат беріледі.

Металлургияның қоршаған ортага әсері. Металлургия кешені мемлекеттімізде жедел дамып келе жатқан салалардың бірі болумен қатар қоршаған ортага кері әсер етушілердің бірі болып та саналады. Металлургия табиғи кешендердің барлық құрамдық бөліктеріне әсер етеді. Тау-кен өнеркәсібі топырақ қатпарларын бұзып, ландшафттардың «жоғалуына» себеп болады. Аталмыш өнеркәсіптің арқасында үлкен карьерлер мен жер астында шұқырлар пайда болуда. Олар басып қалу және антропогендік жер сілкіну қаупін төндіреді. Көп жерлерді металлургия қалдықтары алып жатыр.

Байыту фабрикаларында пайдаланылған суды ағынды суларға тастау бұл суларды жарамсыз күйге алып келуде. Металлургия зиянды заттардың көп мөлшерін атмосфераға шығарады. Газ қалдықтары (алтынкүйрт және басқалар) құрамында металл болған тозаң және басқа элементтер өте қауіпті.

Бұлардың барлығы айнала ортада темір, қорғасын, мыс, сынап мөлшерінің көбеюіне алып келеді. Олар топырақ, өсімдік пен жануарлардың денесінде жиналып, адам ағзасына өткеннен кейін ақырын оны уландыра бастайды.



Ауыр металдар адамдар ағзасындағы иммунитетті төмендетіп, дертке шалыну дәрежесінің жоғары болуына әсер етеді, халық пен табиғат үшін үлкен қауіп-қатер төндіреді.

Металлургия өнеркәсібі қалдықтарының қоршаған ортага кері әсер етуінің алдын алу үшін бұл қалдықтарды толық өндеп, оларды пайдалы өнімдерге (мәселен, шлакты құрылыс материалына) айналдыру, залалсыздандыру, атмосфераға және су бассейндеріне шығатын қалдықтарды тазалау керек.

1. Қайсы өнеркәсіп тармағы атмосфераның ластануына көп кері әсер етеді?
2. Металлургия кешеніне байланысты кәсіпорындардың қайсысы экологиялық ділгірлікті өте шиеленістіруде? Бұл кәсіпорын табиғатты ластамауы үшін қандай шараны ұсынасын?





Агроендірістік кешені – Өзбекстанда тармақтара аралық кешендердің алғашқысы және жетекшісі. Ол ауыл шаруашылығы негізінде қалыптасқан.




Агроендірістік кешені (АӨК) — ауыл шаруашылық өнімін өндіру және оны тұтынушыға жеткізу үдерісінде тиісті барлық тармақтардың үйлесімділігі болып табылады.

Ауыл шаруашылығы мен ол өндірген өнімдерді қайта өндейтін жеңіл және азық-түлік өндірісінің тармақтары да тікелей АӨК құрылымын құрған. Бұларға қосымша түрде ауыл шаруашылығында пайдаланылатын механизмдерді жасап шығаратын және оларды жөндейтін кәсіпорындар, минералдық тыңайтқыш пен өсімдік зиянкестеріне қарсы қолданылатын заттар шығаратын химия өндірісінің тармақтары да АӨК-ге кіреді. Бұл тармақтар негізінде ауыр өнеркәсіпке тиісті болса да, бірақ олар өндіріс көлемі мен тиімділігінің белгілейтін алғышарты екендігінен АӨК-де бірінші топты, ауыл шаруашылығы екінші, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өндейтін тармақтар үшінші топты құрайды (53-сурет).

Экономикада халықтың басым бөлігі АӨК тармақтарында енбек етеді. Көтерме сауданың негізгі бөлігін ауыл шаруашылығы өнімдері немесе сол өнімдерді қайта өндеп даярланған тауарлардың саудасы құрайды. Демек, халқымыздың жақсы түрмисы, дастарханымыздың молшылығы, одан да маңыздысы, халықтың жұмыспен қамтамасыз етілуі АӨК жағдайына байланысты.

Өкінішке орай, тәуелсіздікке дейін болған дәуірде Өзбекстанда мақтаны



53-сурет. Агроенеркәсіп кешені құрамы.

жеке басқару үстемдігі ауыл шаруашылығы тармақтарын үйлесімді дамыту мүмкіндігін бермеді. Нәтижеде өнеркәсіп өнімдерінің қатары кейбір азықтұлік өнімдері де сырттан әкелінді. Қазіргі күнде бұл тиімсіздік екі жолмен жойылып жатыр.


Біріншіден, ауыл шаруашылығында егін майдандарының құрамы түбегейлі өзгертілді. Егін майдандарын оңтайландыру және ауыл шаруашылығы егіндерін аудандастыру барысында жан-жақты ойластырылған саясат жүргізіліп жатқандығы ең қажетті шикізат пен экспортқа арналған өнім болған мақтаны өсірудің тұрақты көлемін сактаған қүйде басқа ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді бірнеше есе қөбейттіру мүмкіндігін берді. Ең маңыздысы, халқымызды азық-түлік өнімдерімен толық қамтамасыз негіз жасалды.



2017 жылда 2000 жылға қарағанда астық өндіру 2 есе, картоп – 4 есе, көкөніс – 4,3 есе, жүзім – 2,7 есе, ет пен сүт – 3 есе, жұмыртқа – 4,8 есе артты.

Екіншіден, жер иеленудің түрі өзгертілді. Тәуелсіздіктен алдынғы кезде диқандар жерге ие емес еді. Нәтижеде ауыл шаруашылығында жұмыс істеуге қызығу тәмендеп, кәсіпкерлік күйзеліске ұшырады. Енді диқан шаруашылығы, фермер шаруашылығы секілді мүлікшіліктің сан алуан түрлері орнады және ауыл шаруашылығында өндіріліп жатқан өнімдердің негізгі бөлігі олардың үлесіне тиіп отыр (54-сурет).

Көп тармақты фермер шаруашылықтары ауыл шаруашылық өнімдерін өндірумен бірге, оларды қайта өндеуде нәтижелі қызмет көрсетуде. Өйткені,



54-сурет. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілердің құрамы және үлесі.

өнеркәсіпсіз ауыл шаруашылығын дамытып болмайды. Ауыл шаруашылығы өнеркәсіптен (өндіріс құралдары, пайдалы тыңайтқыштар өндіруден) басталып, (жетістірілген шикізатты қайта өндеу) өнеркәсіппен аяқталады. Бұл екі тармақ арасындағы байланыс агроөндіріс интеграциясы деп аталып, ол барған сайын тереңдей түседі.

1. Қандай алғышарттар ауыл шаруашылығын өнеркәсіппен интеграциялануын көрсетуде?
2. АӨК-дегі негізгі тармақтарды айт және негізгі екендігінің себебін сипатта.
3. Ауданындағы АӨК-ге тиісті кәсіпорындарды дәптеріңе жаз.



25-сабак



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Алдыңғы тақырыптан белгілі болғандай, ауыл шаруашылығы АӨК-нің екінші тобын құрайды. Ауыл шаруашылығының екі маңызды тармағы – диқаншылық пен мал шаруашылығында адамдардың әрдайымғы қажеттілігі болған азық-түлік, өнеркәсіп үшін шикізат өндіріледі.

Шикізаттар өнеркәсіпте еңбек предметі, ал оларға өндеу берілетін машиналар еңбек құралы болып есептелсе, ауыл шаруашылығында **еңбек предметі** де, **еңбек құралы** да жер болып есептеледі. Ауыл шаруашылығында өнімділік көп тұрғыдан жердің жағдайына байланысты. Сол себепті **мелиорация** шаралары өткізіледі.



Мелиорация – жердің жағдайын жақсарту үшін тегістеу, суару, сортанды жуу, көшет отырғызу, топырақтың құнарлылығын арттыру сияқты шаралар жиынтығы.

Өсімдіктердің өсуі мен жануарлардың дамуы табигат зандарына бойсұннады. Сол үшін ауыл шаруашылығында көп жұмыстар маусымдық болады.

Мемлекетімізде ауыл шаруашылығы техникамен жақсы қамтамасыз етілген. Диқаншылық пен мал шаруашылығындағы көп еңбекті қажет ететін жұмыстарды машиналар орындауда. Көп жұмыс үдерістері электрлендірілген, химиялық тыңайтқыштардан, өсімдік зиянкестеріне қарсы улы химиялық заттардан және мал ауруларына қарсы күрес құралдарынан кең пайдаланылада. Сондай-ақ картоп пен көкөністердің өнімді, тасымалдауға шыдамды сұрыптары егіле басталды. Бақ өсіруде өндеу және теруге қолайлы жеміс сұрыптары жасалды. Нәтижеде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен даярлау технологиясында түпкі өзгерістер болды, еңбек өнімділігі артты. Бұл құбылыс **«Жасыл төңкеріс»** деп бағаланды.



«Жасыл төңкеріс» – ауыл шаруашылығын ғылым, техника жетістіктері негізінде түпкілікті өзгерту.

Егер ауыл шаруашылығының жалпы өнімі егістік жерлерін кеңейттіру және шаруашылық малдарының санын арттыру есебінен көбейсе, бұл **экстенсивтік ауыл шаруашылығы** делінеді. Керінше, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі майдан бірлігімен агротехника құралдарынан тиімді пайдалану есесіне өнімділікті арттыруға қол жеткізу және малдың заттары жақсартудың есебіне оның өнімділігі артса, ол **интенсивтік ауыл шаруашылығы** деп аталады.

Тың жерлерді игеру және рекультивация жұмыстарының нәтижесінде ауыл шаруашылығында пайдаланылатын жер майданы артады. Қазіргі уақытта өнеркәсіп пен көліктің дамуы, тұрғын үй массивтерінің көбеюімен ауыл шаруашылығында пайдаланылып жатқан жерлер қысқарады. Жерден пайдалану ережелері сақталмаса, ежелден пайдаланылып келе жатқан жерлердің сортанддауы, тіпті шөлге айналуына алып келеді (55-сурет). Өйткені, ауыл шаруашылығында пайдаланылатын жерлердің кеңеюі және дәл қазір қысқаруы да мүмкін.

Ауыл шаруашылығы мақсаттарында ғана пайдаланылатын жерлер **ауыл шаруашылық жерлері** деп аталады.

Ауыл шаруашылығындағы басты міндет — өндірісті интенсивтендіру, яғни құнарлылық пен мал шаруашылық өнімділігін арттыру. Жер мен су ресурстарының шектелгенін есепке алып, мемлекеттің ауыл шаруашылығын дамытудың бірегей және дұрыс жолы — ауыл шаруашылығын интенсивтік дамыту, жерлердің мелиоративтік жағдайын түпкілікті жақсарту, селекция жұмыстарын терендете, жоғары агротехнологияларды енгізу және судан тиімді пайдалану болып табылады.



55-сурет. Жерден пайдалану динамикасы.



Мемлекетімізде ауыл шаруашылығының өнімдерін өндіру көлемі артып баруда. Сонымен қатар бірізді жоғары өрлеу қарқындарының нәтижесінде, жалпы ішкі өнім көлемінде ауыл шаруашылық өнімдері үлесінің азау тенденциясы өткізілуде. Бұл мемлекетіміз экономикасындағы құрамдық құрылымындағы онды өзгерістердің, яғни аграрлық республикадан өнеркәсібі дамыған индустріалды мемлекетке айналып бара жатқанының дерегі.

- 
1. Ауыл шаруашылығын дамытудың негізгі жолдарын айтып бер.
 2. Өзбекстанның жер байлығы диқаншылық пен мал шаруашылығы арасында қалай болінген?
 3. Сенің ауданында қандай мелиоративті шаралар жүзеге асырылуда?



26-сабак



ДИҚАНШЫЛЫҚ

Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің жартысынан астамы диқаншылықтан, ал қалғаны мал шаруашылығынан алынады. Диқаншылықта топырақ-аяу райы жағдайы қатаң есепке алынады.




Диқаншылық *диқан шаруашылығы, бақ шаруашылығы* және *жузім шаруашылығынан* құралған. Егіннің түрлөрі бойынша дәнді дақылдар, техникалық егіндер, жем-шөп, көкөніс, картоп пен бақша егіндері шаруашылықтарына бөлінеді.

Егіндердің өніміне өсімдіктің вегетация кезеңі, жарықтық, жылулық пен ылғалдылықтың жалпы мөлшері әсер етеді. *Вегетация кезеңі* – тәуліктік орташа температура +5 дәрежеден төмен болмаған күндер.

Өзбекстанда суармалы диқаншылық кең таралған. Суармалы жерлер мемлекет жер байлықтарының 9,2 пайызын құрағанмен, ауыл шаруашылығында өндірілетін жалпы өнімнің 98,5 пайызы осы жерлерде өсіріледі.

Диқаншылықта мақташылық үлкен орынға ие (56-сурет). Өзбекстанда негізгі *техникалық егін* болған мақта ауыл шаруашылығының дерлік барлық салалары мен өнеркәсіптің көптеген тармақтары дамуының басты алғышарты болып табылады (57-сурет). Мақта барлық техникалық егін майдандарының үлкен бөлігін қамтиды.


Мақташылық дамыған сайын экономиканың түрлі тармақтарымен оның өндірістік байланысы кеңейіп, мақташылық кешені пайда болды. Мақта, жонышқа, жүгері мен күріш алмастырылып егілсе, топырақтың құрамы жақсарады, оның сортандығы азаяды, мақта ауруға шалдықпайды. Жонышқа, жүгері егілгенде малдар үшін азық та алынады.



56-сурет. Ауыл шауашылық егін аландары құрамы

Қазіргі кезде **дәнді дақылдарды** егуді дамытуға үлкен мән берілуде. Тәуелсіздікке дейін жалпы егін майданының 20 пайызына жуық бөлігінде дәнді дақылдар егілсе, енді дәнді егін майдандарының үлесі 50 пайыздан асты. Нәтижеде мемлекетіміз астық тәуелсіздігіне ие болды. Астықтың негізгі бөлігін бидай, арпа, күріш, жүгері және ақ жүгері құрайды. Бидай мен арпа көбірек қолдан суармайтын қырлыштар күзгі астық үшін қолайлыш жағдай жаратады. Бидайдың күзгісі қолдан суарылмаған бидайға қарағанда өнімді болады (58-сурет).

Дәнді дақылдарды өсіруде күріш шаруашылығы да үлкен орынға ие. Күріштің вегетация дәуірі ұзақ, күншшақты, сусы мол жерлерде жақсы өседі. Ол өнімділік жағынан тек жүгеріден кейін тұрады. Күріш Хорезм, Қарақалпақстан Республикасы және Ташкент облысында, Зарафшан мен Ферганада



57-сурет. Макташылықтың басқа тармактармен байланысы.

алқаптарында көп егіледі. Әмударияның төменгі ағысы жағалаулырындағы тың жерлерді игеру және оларды суару үшін су байлығынан пайдалану көбірек күріш өсіру мүмкіндігін беруде. Қазіргі күнде өндірілген күрішті шетке экспорт жасау мүмкіндігі туды. Өзбекстанда көп жылдық таран (тері илеуде қолданылатын шикізат), кенеп, зығыр, күнжіт, максар, темекі де өсірілуде.



58-сурет. Бидай ору науқаны.

Көкөніс, картоп және бақша шаруашылығы дерлік барлық облыстарда дамыған. Ол Ташкент, Самарқант, Әндижан сияқты ірі қалалардың төңірегінде үлкен аландарды алып жатыр. Өзбекстан қауындары хош ісі және дәмділігімен ежелден белгілі. Олар Хорезм, Бұхара, Жызақ және Сырдария облыстары мен Қарақалпақстанда көптеп өсіріледі.

Бақ және жұзім шаруашылығы табиғи жағдай, халықтың ғасырлар бойы жинаған бай тәжірибесіне сәйкес әрбір облыста жеке тармақ ретінде маманданған. Қува (Фергана облысы) мен Дашибадтың (Сұрхандария облысы) анарлары, Әндижанның жұзімі, Самарқанттың мейізі ежелден танымал. Алтыарықта жұзім мен қияр өсіру, Фергана облысының қыр-адырларында (Оқшы, Риштан, Шымған, Миндан) өрік, шабдалы өсіру, Аққорғанда (Бувайда) әнжір жетілдіру дамыған. Хорезм, Бұхара облыстары мен Қарақалпақстанда бақ пен жұзім майдандары біраз аздау.

Көкөніс-бақша егіндері, жеміс пен жұзімдер мемлекетімізден солтүстікте орналасқан аумақтарына қарағанда 60–70 күн ерте піседі. Демек, бұл салада да Өзбекстан бірталай экспорт мүмкіндіктеріне ие. Өзбекстанда бақ пен жұзім шаруашылығына маманданған көптеген шаруашылықтар бар. Олардың көшілігі өздері өндірген өнімді сол жерде қайта өндеп, шәрбат пен консерві даярлайды. Міне, сондай өнеркәсіп кәсіпорындары болған шаруашылықтар негізінде агроендірістік бірлестіктер жүзеге келуде.

1. Күріш, кенеп, майлы егіндер, темекі егілетін жерлерді картадан тап.
2. Сен жасайтын аудан яки облыстан қандай жемістер қайсы облыстарға жіберіледі?
3. Сен жасайтын ауданда қайсы тармактар мақташылықпен байланысқан?



Ауыл шаруашылығының *шаруашылық тармагы*: ірі қара мал, қой, жібек, жылқы және құс шаруашылығына бөлінеді Оған омарташы, доныз шаруашылығы мен балық шаруашылығы да жатады.

Ауыл шаруашылық жерлерінің 2/3 бөлігінен мал шаруашылығында пайдаланылады. Мемлекетіміздің қыр мен шөл далаларында шалғындық пен бұталы жерлер қаракөл қойлары мен түйе бағуға қолайлыш. Тау мен тау алды өлкелерде шөпке бай жайлаулар көп. Бұл аймақтарда қой, биязы жүнді ешкі, ет-сүт үшін ірі қара мал бағылады және жылқы бағу дамыған.

Мал шаруашылығы мақташылықпен жан-жақты байланысты. Мұны фермер шаруашылықтарында мақташылықтан алынатын (күнжара, дәннің қауызы сияқты) азық жемнен пайдалануда көруге болады. Мактаны жонышка және жүгерімен алмастырып егу ет-сүт шаруашылығын жем-шөппен де қамтамасыз етеді.

Мемлекетімізде **қой мен ешкілердің** жалпы саны 16 млн-нан астам, олардың негізгі бөлігі қаракөл қойлары болып табылады (59-сурет). Қаракөл қойлары (Ташкент, Әндіжан, Ферғана, Наманган облыстарынан тыс) барлық облыстарда бағылады Олардан негізінен тері, жүн және ет алынады. Ешкілер республиканың дерлік барлық облыстарында, негізінен биязы тұбіт пен жүн үшін бағылады (60-сурет).

Iрі қара мал да барлық облыстарда бағылады. Iрі қара малдар ет пен сүт өнімдерін алу мақсатында бағылады. Мемлекетімізде ірі қара малдардың жалпы саны 9,6 млн. бастаң астам.

Жылқылар Самарқант, Қашқадария, Хорезм облыстары мен Қарақалпақстанда бағылады. Олардың саны 150 мың басқа жуық. Бұрын мақташылықтағы көптеген жұмыстарды (жүк тасу, мақтаны өндіу және



59-сүрөт. Каракөл қойлары.





60-сурет. Өзбекстанның мал шаруашылығы кең таралған аудандары.

Жібек шаруашылығы да мемлекетіміз ауыл шаруашылығының ең көне тармақтарының бірі болып, мақташылықпен байланысты. Жібек құртының азығы – тұт ағашы мақта далаларының шеттерінде, арық пен каналдар және жолдың жағаларында өсіріледі. Тұт ағашы қозаны құشتі желден, арық пен канал жағалауларының жуылып кетуінен сақтайды. Жібек шаруашылығы мақташылықпен байланыстылығы мұнымен шектелмейді. Бізге белгілі, жібек құрты негізінен сәуір-мамыр айларында бағылады. Бұл уақытта мақташылықта жұмыстар азайып, қолы бос жұмысшы құшінен құрт бағуда пайдаланылады.

Күс шаруашылығы инкубатор станциялары, ет пен жұмыртқа өндіруге мамандандырылған күс шаруашылығы фермаларында құрылған.

Ташкент, Бұхара және Хорезм облыстарында, Каракалпакстан Республикасының көл және су коймаларында балық өсіріледі және су құстарының фермалары құрылуда. Су бассейндерінде, өзен жағалауларында бағалы терілі ұсақ андар – нутрия мен ондатра қорықтары құрылған.


- Мал шаруашылығының қайсы тармақтарын білесің?
- Өзбекстанның қайсы аймақтарында негізінен ірі қара мал бағылады?
- Жібек пен қүс шаруашылығы қай жерлерде дамып жатыр?
- Сен жасайтын аудан мен облыста шаруашылықтың қайсы тармағы жақсы қолға қойылған? Мұның себебі неде?



ӨЗБЕКСТАНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫГЫНЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТАРИХЫ

Ауыл шаруашылығы тармақтары мемлекеттің барша бөліктерінде бірдей емес, себебі халықтың және өнеркәсіптің қажеттілігі мен табиғи жағдайы түрлі жерде әр түрлі болады. Сол себепті ауыл шаруашылығы да өнеркәсіп тармақтары сияқты белгілі салаларға маманданады. Әдетте, маманданған ауыл шаруашылық тармағы басқа тармақтармен байланыста дамиды. Нәтижеде табиғи жағдайдан және халықтың еңбек тәжірибелерінен тиімді пайдалану мүмкіндігін береді.

Өзбекстан ауыл шаруашылығы тәуелсіздікке дейін Ресейдің тоқымашылық кәсіпорындарын мақтамен қамтамасыз етілуін көздең, негізінен мақташылыққа маманданады. Ауыл шаруашылығының барша тармақтары мақташылықты ғана дамытуға бойсұндырылған көмекші тармақтар болып саналатын. Қазірде өлкемізде мақта жеке билігі аяқталды. Оның орнына астық, картоп, жеміс-көкөніс



61-сурет. Өзбекстанның диқаншылық тармақтары.



сияқты диқаншылықтың түрлі тармақтарының жақсы дамуына үлкен мән берілуде (61-сурет).

Ауыл шаруашылығының аймақтар бойынша мамандануы. Өзбекстанда табиғат аймақтары көп мемлекеттердегіден айырмаланып, солтүстіктен оңтүстікке емес, бәлкім батыстан шығысқа, яғни тегістіктен тауларға қарай өзгереді.

Не үшін табиғат аймақтары батыстан шығысқа қарай өзгеруін 7-сынып география сабактарынан есіңе түсір.

Соған сәйкес, ауыл шаруашылығының мамандануы да шөл, қыр, тау, жайлау өлкелері бойынша бір-бірінен ерекшеленеді. Мақта тек қана суару мүмкін болған сулы жерлерде өсіріледі. Сондай-ақ дәнді дақылдармен дала егіндерінің де талай бөлігі суарылатын майдандарда өсіріледі.

Мемлекетімізде ең үлкен суарылатын жерлер Фергана алқабы, Мырзашөл, Қашқадария облысы, Зарафшан алқабы және Хорезм алқабы болып табылады (62-сурет). Алқап пен оазистерде жібек шаруашылығы, жүзім шаруашылығы, бау-бақша мен дала егіндерімен шұғылданады.

Шөлдерде қой бағу мен түйе бағу дамыған. Олар күз бен көктемде шөлдерде, жазда тау жайлауларына айдап барып бағылады, күзде тағы шөлге қайтарып келінеді.

Өнеркәсіп өндірісі жиналған жерлерде, қалалар айналасында қала маңы ауыл шаруашылығы пайда болады. Мұндай шаруашылықтарда қала халқын жаңа азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету үшін көкөніс, жемістер өсіріледі, қара мал, құс бағылады, қауыздарда балық өсіріледі.

1. Бір өлкеде көп тармақты ауыл шаруашылығының жүргізілуіне не себеп?
2. Облысында мамандандырылған ауыл шаруашылығы басқа салалармен қандай байланыстырылығын оқу атласынан пайдаланып түсіндір.
3. 61-сурет бойынша диқаншылық өнімдерін өсіру өлкелерін талдау жаса және қорытынды шығар.



62-сурет. Суармалы жерлер.



11-сабақ тақырыбынан жеңіл өнеркәсіптің жалпы өнеркәсіп өніміндегі салмағын анықта.

24-сабактың тақырыбы бойынша жеңіл өнеркәсіп азық-түлік өнеркәсібімен бірге Өзбекстан АӨК-нің үшінші тобын құрайды. Ол негізінен мақта мен жібек шаруашылығының негізінде қалыптасты. Мақта тазалау, тоқымашылық, трикотаж, аяқ киім, былғары, жібек өндірісі жеңіл өнеркәсіптің маңызды тармақтары болып саналады (63-сурет).

Мақта тазалау өнеркәсібі өндірістік үдерісі бір-біріне байланысты болған мақта тазалау кәсіпорны, мақта кептіру цехтары мен көлік қожалығынан құралады. Ол ауыл шаруашылық өнімдерін бастапқы өндейтін тармақ болғандықтан оның кәсіпорындары мақталы аудандарда орналастырылады. Сондай-ақ темір жол яки автомобиль жолдарынан пайдалану қолайлығы да ескеріледі.

Мақта тазалау зауыттары көбінесе машина жасау, жанармай-энергетика кешендері және тоқымашылық, май, киім-кешек сияқты өнеркәсіп кәсіпорындарымен өндірістік байланыста болады.

Алғашқы мақта тазалау зауыты Ташкентте 1874 жылы құрылған. Сол дәуірдегі зауыт бір маусымда көбімен 3 мың тонна мақта тазалаған. Ал жабдықтар су күшімен істетілген. Сондықтан алғашқы уақыттарда мақта тазалау кәсіпорындары қалаларда да орналасқан. Заманауи мақта тазалайтын зауыттар жыл бойы 100 мың тоннаға дейін мақта тазалайды.

ХХ ғасырдың басындағы шағын, жартылай қолөнершілік (210) кәсіпорындарының орнына қазірде механизацияланған 120-дан астам құдіретті

кәсіпорындар жұмыс істейді (64-сурет). Тәуелсіздіктен кейін Оңтүстік Корея, Түркия және басқа шетел мемлекеттерінің фирмаларымен ынтымақтастықта Қарақалпақстан Республикасы және Хорезм, Қашқадария мен Фергана облыстарында мақтаны қайта өңдеуден дайын тоқымашылық өнімін шығаруға дайінгі үдерістерді қамтитын кәсіпорындар құрылды.



63-сурет. Жеңіл өнеркәсіп тармақтары.





64-сурет. Өзбекстан женіл өнеркәсіп пункттері.

Өзбекстанда луб егіндері егіле бастағаннан соң, XX ғасырының 30 жылдарында **кенеп зауыттары** пайда болды. Соңғы он жылдықтарда қызметі тоқтаған бұл сала қайта тіктелді. Кенеп қап-қанар, арқан, брезент және басқа өнімдерді өндіруде қолданылады.

Жібек мата тоқу үшін алдымен жібек құрты оралып, шикі жібек әзірленеді. Жібек өндірілген жерінде оралғаны жөн. Оны алысқа тасу кымбатқа түседі (50 тонна жүк көтеретін вагонға ең көбі 4 тонна жібек орналастыруға болады).

Жібек фабрикаларында негізінен әйелдер еңбек етеді. Әрбір фабрикада мыңға жуық адам істеуге болады. Соған орай, жібек фабрикалары жібек құрты бағылатын аймақтардағы шағын және орта қалаларда орналастырылады.

Былгары-аяқ киім жасап шығару да женіл өнеркәсіп тармағы болып табылады. Ташкент және Самарқанд қалаларында тері өндіріледі. Аяқ киім фабрикалары Ташкент, Ферғана, Шыршық, Жаңа жол және басқа қалаларда орналасқан.

Фырдуан, Бұхара, Риштан, Ургіт, Шахрисабз сияқты қала мен аудан



65-сурет. Тоқымашылық өнеркәсібі.

орталықтары көркем қолөнершілік пен қышқымырашылық, ал Хиуа кілем току орталықтары болып саналады.

Тоқымашылық жеңіл өнеркәсіп құрамындағы ең маңызды тармақ болып саналады. Өзбекстанда жіп және жібек маталарды току ежелден болған. Атлас, занданашы, мақпал, беқасам, алаша секілді маталар Ұлы Жібек жолы арқылы Еуропа мен Таяу Шығыс мемлекеттеріне шығарылған. XX ғасырдың бастарында 30 мың қолөнерші мата тоқумен шүғылданған.

Мол шикізаттан тыс халықтың тарихи қалыптасқан дағдылары мен көлік қолайлығына сүйеніп, XX ғасырдың орта шенінде Ташкент, Ферғана, Әндіжан және Бұхара қалаларында тоқымашылық кәсіпорындары құрылды. Мемлекетте жіп мата шығару жылына 453 млн. шаршы метрден асты. Бірақ халықтың жан басына есептелгенде бұл көрсеткіш 18 метрден, яғни әрбір адамға белгіленген мөлшердің жартысына да тура келмейтін. Бұл мол шикізат пен адам алғышартының мүмкіндігіне қарағанда анағұрлым аз еді.


Тәуелсіздікке қол жеткізілгеннен кейін дүние жүзі базарында бәсекеге шыдамды мата шығаруды кең жолға қою мақсатында АҚШ, Италия, Түркия, Пәкістан, Үндістан, Корея Республикасы және басқа мемлекеттермен бірлескен кәсіпорындар құрылуда (65-сурет). Соның ішінде, АҚШ-пен ынтымақтастықта Ташкент қаласында «Супертекстиль» мақта жібін іретін бірлескен кәсіпорны, Бұхара мен Самарқантта «Ауған-Бұхара-Самарқант» бірлескен кәсіпорындары іске қосылды. Тоқымашылық өнеркәсіп кәсіпорындары шетелде шығарылған өнімі мол жабдықтармен қайта жабдықталуда. Жасанды талшықтардан тоқылатын маталардың сапасы жақсады.

Тоқымашылық кәсіпорындарында жіп мата, жұн мата, жібек және зығыр талшықты маталар тоқылады.

Мата тоқып шығару үдерісі жеке-жеке орналасқан иіру, тоқу яки өндөу фабрикаларында кезең-кезеңмен жүзеге асырылады (66-сурет). Көлік қаражаты, жүк тиеу-түсіру қаржылары дайын өнімнің құнына қосылады. Демек, тоқымашылық өндірісін ірі кәсіпорында (комбинатта) шоғырландыру пайдалы болады.

Озбекстанда даярланатын шикі жібектің қайта өндіруден артып қалған бөлігі шет мемлекеттерге экспорт жасалуда.

Сөйтіп, тоқымашылық өнеркәсібі кәсіпорындарын орналастыруда тұтынушылар, жұмысшы күші мен шикізат алғышарты ескеріледі.



66-сурет. Тоқымашылық өнеркәсібінің тармақ шеңберіндегі байланыстары

1. 8-сынып география атласынан «жеңіл өнеркәсіп» кәсіпорындары орналасқан қалаларды анықта.
2. Ауданында өсірілген жібек қай жерде қайта өнделеді?
3. Мақта тазалау зауыттары санының азайғанын қалай түсіндіресің?
4. Озбекстанда тоқымашылық өнеркәсібін одан әрі жетілдірудің болашақтары нелерге байланысты?
5. Контурлы картага ең ірі тоқымашылық орталықтарын белгіле.



30-сабак



АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНЕРКӘСІБІ

11-сабак тақырыбынан азық-түлік өнеркәсібінің жалпы өнеркәсіп өніміндегі салмасын анықта.

Бұл өнеркәсіп диқаншылық пен мал шаруашылығы өнімдерін қайта өндіре негізінде қалыптасқан. Оның кәсіпорындарының географиялық орналасуын қайта өнделетін шикізаттың ерекшелігі белгілейді. Шикізат тез бұзылатын және қайта өнделгенде қалдық көп шығатын, алысқа тасуға шыдамсыз болған жағдайда, кәсіпорын шикізат өндіретін жерде орналастырылады (көкөніс, ет, консервілер, шекер өндірісі, жеміс шәрбаттарын дайындау). Қазір азық-түлік өнеркәсіп кәсіпорындары жоғары механизацияланған өндіріс тармағына айналған. Бұрын тек шикізатқа, ауыл шаруашылығына ғана байланыс тығыз байланысты. Демек, азық-түлік өнімдерін шығаруда шикізат қаражатынан тыс түрлі машина механизмдері мен жанармай қаражаттарының үлесі артып отыр. Мәселен, бидай аз қаражатпен өндірілсе де, ұн тарту мен нан дайындаудағы (машина механизмдерге, отын-энергетикаға) қаражаттарына байланысты дайын нанның бағасы өзгермеуі және қымбаттауы мүмкін.


Ұн-жарма өнеркәсібі кәсіпорындарында бидай қайта өнделеді.

Бидайды тасу үн тасудан біраз оңай. Бірақ бидай өсірілетін майдандар тұтынушылар жасайтын жермен дерлік қатар орналасқандықтан бидай өндійтін кәсіпорындар (элеваторлар) бидай өсірілетін жерде де, ірі қалаларда да кездеседі.


Өзбекстан **өсімдік майын** шығаратын ірі мемлекеттер қатарына кіреді. Өсімдік майы бізде, негізінен мақта тазалайтын зауыттарда шиттен алынады (67-сурет). Енді май шығаратын кәсіпорындардың экономикалық географиялық орналасуына көніл бөлейік. Бұл кәсіпорындардың баршасы, алдымен шикізатқа жақын жерде, халық тығызы орналасқан аумақтарда орналасқанын көреміз.

Азық-тұлік өнеркәсібінің маңызды тармағы – **ет қәсіпорындары**. Қазіргі күнде көліктің жылдамдығы мен арнаулы тоңазытқыштар еттің сапасын бұзбай алыс жерлерге тасу мүмкіндігін беруде. Сол үшін ет өнімі көп пайдаланылатын Ташкент, Әндіжан, Наманган, Ферғана, Ахангаран сияқты қалаларда ет комбинаттары жұмыс істеп тұр. Нан зауыттары, макарон, тәттілер фабрикалары секілді кәсіпорындар ірі халық пункттерінде орналастырылады (68-сурет).

Жақын күндерге дейін Самарқанттағы **шай қадақтау фабрикасы** тек мемлекеттіміздеған емес, тіпті бүкіл Орталық Азияда осы түрдегі бірегей фабрика еді. Қазіргі күнде шай Ташкентте де қадақталады. Орта азиялықтардың негізгі бөлігі көк шай іshedі. Осыған сәйкес, бұл жерде қадақталатын шайдың 80 пайызын көк шай құрайды. Ташкент, Ферғана, Самарқант пен Бұхарада минералды су дайындалап, ыдыстарға құбытын арнаулы зауыттар бар. Ургітте темекі-ферментация зауыты іске қосылған.



67-сурет. Май комбинаты май экстракциясы цехы.



68-сурет. Азық-түлік өнеркәсіп кәсіпорындары.



Сөйтіп, азық-түлік өнеркәсібінің дамуы мен орналастырылуы; а) халықтың саны мен орналасуы, яғни тұтынушылармен; б) ауыл шаруашылығының мамандануы, яғни шикізат бұлағымен; в) дайын өнімді тасу жағдайларымен белгіленеді.

Шикізаттың түрлілігі мен азық-түлік өнімдерінің барша жерде пайдаланылуы азық-түлік өнеркәсібінің барша жерде таралуына мүмкіндік береді. Азық-түлік өнеркәсібі сол ерекшелігімен басқа тармақтардан ерекшеленеді. Бірақ бұл өнеркәсіп кейбір жерлерде тек жергілікті қажеттіліктерді ғана қанағаттандыrsa, басқа жерлерде мемлекеттің көптеген аудандарына өнім береді.

1. Азық-түлік өнеркәсібінің дамуы нелерге байланысты?
2. Азық-түлік пен тоқымашылық өнеркәсіптерін орналастыру қағидаттарын салыстыр. Олардың ұқсас жақтары мен айырмашылықтарының себептерін түсіндіріп бер.
3. Далалардан теріп алынған мақта арнайы мақта зауыттарына тапсырылады. Ол жерде мақта қайта өнделіп, шит пен талшыққа ажыратылады. Талшық тоқымашылық кәсіпорындарына жіберіледі және шетелге экспортқа шығарылады. Ал шит азық-түлік кәсіпорына (май комбинатына) жіберіледі.

Мақта зауытын қай жерге құрса пайдалырақ болатынын айтып берші?





ӨНЕРКӘСІПТІ АУМАҚТЫҚ ҚҰРУ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТАЫРУ ТҮРЛЕРИ

Өнеркәсіп географиясын үйрену үдерісінде өнеркәсіп кәсіпорындары арасында жақын байланыстар бар екендігін біліп алдын.


Өндіру үдерісі өзара байланысты болған кәсіпорындарды бір-біріне жақын орналастыру – бір қалада яки қатар тұрған қалашықтарда құру нәтижесінде **өнеркәсіп тораптары** пайда болады (69-сурет).

Өнеркәсіп торабы құрамындағы кәсіпорындар дара көлік тармақтарынан, энергия мен су бұлактарынан бірге пайдаланады (кейде шикізат байлықтары да жалпы болады), жұмысшы күштерді өндіруге толық жұмылдырыады. Бұлардың баршасы еңбек өнімділігін арттыруға, қаражаттарын үнемдеуге, кәсіпорындар иелейтін майданды қысқарттыруға алып келеді. Өнеркәсіп тораптары – өнеркәсіп кәсіпорындарын орналастырудың ең дұрыс түрлерінің бірі болып саналады.



Өнеркәсіп тораптары, орталықтары мен пункттері жиналған аумақтар **өнеркәсіп аудандары** делінеді.

Өнеркәсіп аудандарының үлкен-кішілігі әр түрлі болады. Ангрен-Алмалық, Та什кент-Шыршық үлкен өнеркәсіп аудандары болып табылады. Демек, кәсіпорындары аз санды болған қалашық **өнеркәсіп пункті** болып саналады. Бірнеше кәсіпорындары болса да, бірақ өндіру үдерісі байланысты болмаған, су және энергия жабдығы жалпы болмаған қала **өнеркәсіп орталығы** делінеді.



69-сурет. Өнеркәсіп өндіруді жайғастыру формалары.



Озбекстан базар экономикасына кезең-кезеңмен өтіп жатқандығы, мұнда бірінші кезекте шағын және орта бизнесті дамытып жатқандығынан мемлекетімізде өнеркәсіптің аумағын құрудың еркін экономикалық зона, шағын өнеркәсіп зонасы сияқты жаңа түрлері пайда болды.

Бүгінгі күнде мемлекетімізде 14 еркін экономикалық зона қызмет көрсетуде. «Науаи», «Ангрен», «Жызақ», «Үргіт», «Фиждиуан», «Қоқан» және «Хазорасп» еркін экономикалық зоналарында 62 жоба жүзеге асырылған. Фармацевтика саласына маманданған «Нөкіс-фарм», «Замын-фарм», «Касансай-фарм», «Сырдария-фарм», «Байсын-фарм», «Бостандық-фарм», «Паркент-фарм» сияқты 7 жаңа еркін экономикалық зонаны дамыту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде.



Еркін экономикалық зона – мемлекет пен шетел капиталын, болашағы бар технология және басқару тәжіриbesін жұмылдыру мақсатында түзілетін, анық белгіленген әкімшілік шекаралары мен жеке құқықтық жосығы болған арнаулы ажыратылған аумақ болып табылады.

Ташкент қаласы аудандары, Қарақалпақстан Республикасы мен облыстардағы бос тұрған яки тиімсіз жұмыс жүргізіп жатқан өндіру ғимараттарынан тиімді пайдалану, жаңа кәсіпорындар құруды ынталандыру мақсатында бұл ғимараттардың негізінде шағын өнеркәсіп зоналары құрылды. Мемлекетіміздегі шағын өнеркәсіп зоналары 96-ға жетті.

Бүгінгі күнге дейін бұл зоналарда мыңнан астам кәсіпорындар құрылды. Олдарда тек қана ішкі емес, бәлкім сыртқы базарда да сатып алушысы болған жеңіл өнеркәсіп, химия, азық-түлік өнімдері, электр техникасы заттары, заманауи құрылым материалдары, мебель және басқа дайын өнімдер өндірілуде.



1. Төмендегі алғышарттардың қайсысы өнеркәсіп торабы пайда болуында шешуші рөл атқарады:
өнеркәсіп кәсіпорындарының жалғыз көлік тармағына бірігуі;
жасап шығару үдерісіне тікелей байлынысты кәсіпорындардың бір-біріне жақын орналасуы;
ірі қала маңында қалашықтардың пайда болуы;
кәсіпорынның су және энергиядан жалпы пайдалануы;
жасап шығару үдерісін алдыңғы қатарлы технология негізінде құру.
2. Мемлекетімізде құрылған еркін экономикалық зоналарды контурлы картага түсір.



Көлік жолаушыларды және жүктерді тасымалдаумен мемлекетті бойлап та, дүние жүзін бойлап та географиялық еңбек бөлінісінің терендеуіне мүмкіндік жаратады. Ол мемлекеттераралық экономикалық, мәдени байланыстардың өркендеуінде маңызды рөл атқарады.

Өлкеміз әлем өркениетінің көне мемлекеттерінің бірі екендігін тарих сабактарынан жақсы білесін. Мұнда сол дәуірде Еуропа мен Азияны байланыстырып тұрған – Ұлы Жібек жолының дәл біздің мемлекетіміздің аумағынан өткендігі жеке орынға ие.




Өзбекстанда **құрлық** (темір жол, автомобиль көлігі), **су** (өзен), **әуе, құбыры** (мұнай мен табиғи газ тасу) және **электрондық** (электр тармақтары) **көлік түрлеріне ие**.

Жүк пен жолаушы тасуда белгілі мекеніне барғанша көліктің екі, үш және тіпті, төрт түрінен пайдалануға тұра келеді. Айталық, шетелге сапарға шығу үшін темір жол вокзалы яки әуежайға дейін автомобильмен,



70-сурет. Өзбекстанның негізгі көлік тораптары және байланыс бағыттары.





71-сурет. 2017 жылы Өзбекстан көлік түрлері орындаған жұмыс.

соң пойыз немесе ұшақпен көзделген мекенжайға жетеміз. Өзбекстанда казіргі заман көлігінің (су көлігінен басқа) барлық түрлерінен кеңінен пайдаланылуда (70-сурет).

Барлық көлік түрлерінің қызмет көрсету үдерісінің өзара байланыстылығы негізінде көлік кешенін құрайды. Әрбір көлік түріне сай жүкті тиесу-түсіру алаңы, әрекет бағыты, вокзал, аэродром, аялдама және байланыс құралдары болады.

Темір жол, автомобиль жолының құрылышына көптеген қаражат пен уақыт керек болады. Ал құбыр көлігіне мындаған тонна құбыр жұмсалады. Бірақ су, әуе көлігі бағытын (трасса) өз қаражатымен жолға койылады.

Көліктің түрлері жұмысының күшін жұмыспен қамтамасыз етуі бойынша да айқын ерекшеленеді. Жүк құбыр, су, темір жол көліктерімен тасымалданғанда қаражаты автомобиль яки әуе көлігінде тасымалданған жүктің қаражатынан анағұрлым аз болады. Мұнай немесе ағаш тиелген көптеген вагондарды бір локомотив тартып бара жатқанын байқаған шағарсың? Сол локомотивті 2-3 адам ғана басқарады. Не бары 125 тонна жүк көтеретін ең үлкен автомобильді де сонша адам басқарады.

Үлкен көлемдегі 100 мындаған тонна жүктерді су көлігінде (танкермен) тасымалдағанда жол қаражаты одан да арзанға түседі. Су көлігі басқа көліктерден баяу қозғалғанымен, алыс қашықтықты тоқтаусыз басып өтеді. Сол үшін жылдамдығы жоғары болса да, станцияларда тоқтап-

тоқтап әрекеттенетін пойызбен бәсекелесе алады. Жүкті темір жол мен су көлігінде тікелей иесіне жеткізу мүмкіндігі анағұрлық шектелген. Ал автомобильде қалаған жерге жеткізіп беруге болады.



Көліктің ісі оның жүк тасу көлеміне қарай белгіленеді. Жүк тасу көлемі – белгілі уақытта белгілі қашықтыққа тасылған жүк мөлшері. Ол тонна, километрмен көрсетіледі (71-сурет).

Көліктің түрлері қандай жүк тасуына, әрекет жылдамдығына, сондай-ақ қанша жүк көтере алуына қарай топтарға бөлінеді.

Көлік өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының өндірістік байланыстарын, түрлі аумақтар арасындағы өнім айырбастауды және сыртқы сауданы қамтамасыз етеді. Жаңа аумақтарды игеруден алдын оларға көлік жолдары өткізіледі. Қазіргі заман қалаларының тіршілігін көліксіз елестетуге болмайды. Көліктің қорғаныс мәні де өте үлкен. Көлік экономиканың осындай қажетті алғышарты болуының нәтижесінде оған көп мөлшерде электр, жанармай, металл, ағаш жұмысалады.



1. Мемлекет тіршілігінде көліктің рөлі қандай? Көлік материалдық өндіріс саласының басқа тармақтарынан несімен өрекшеленеді?
2. Көлік кәсіпорнына мысалдар көлтір.
3. Оқу атасынан мемлекетіміздегі теміржолдарды және әуежайларды қарастыр.

33-сабак



ӨЗБЕКСТАН КӨЛІГІНІҢ ЗАМАНАУИ ДАМУЫ

Теміржол көлігі ауа райының жағдайы мен жыл мезгілдерінің қандай болуына қарамай барлық уақытта жұмыс істейді. Оның жылдамдығы жоғары, жүк тасу құны біршама төмен. Теміржол **магистральдарын** түрлі бағытта құруға болады.



Магистраль – (латынша *magistralis* - негізгі) – негізгі бағыт, негізгі көлік жолы.

Тәуелсіздік жылдары мемлекетіміздегі теміржолдардың құрылышына үлкен мән берілді және қазіргі кезге келіп олардың жалпы ұзындығы 7 мың километрден асты.

Қазіргі кезде мемлекетіміздегі теміржолдарының жалпы ұзындығы 6 мың километрден асады.

Бұрындары мемлекетіміздегі астанасынан Хорезм яки Сүрхандария



облысына бару үшін көрші мемлекет Түркіменстан аумағынан өтүге тұра келген. Дәл сондай Фергана алқабына Тәжікстаннан өтілген. Бұл жайт жолаушы және жүк тасуда артықша уақыт және қаражатты талап еткен. Қазіргі кезде мемлекетімізде біркелкі темір жол жүйесін жүзеге асыру, Өзбекстанның шет аумактары дамуын жеделдешу мақсатында Науай-Үшқұдық-Некіс, Сұрхандария мен Қашқадария облыстарын байланыстыратын Ғұзар-Байсын-Құмқорған, Ташиентті Фергана алқыбымен байланыстыратын Ангрен-Пап теміржолдары құрып аяқталды. Мемлекетіміздің дерлік барша теміржолдары жазықтардан, теңіз аңғарларынан өтсе де, дәл Ангрен-Пап және Ғұзар-Байсын-Құмқорған бағытындағы теміржолдар биік таулардың араларынан өтеді.

Өзбекстан теміржолдарының мемлекетіміз ішіндегі жолаушы мен жүктерді тасудан тыс, Азия және Еуропа мемлекеттерінің транзит жүктерін тасуда да маңызы артып баруда.



Транзит — жүк немесе жолаушылардың аралықтағы станция, облыс, мемлекет арқылы өтуі.

Теміржолдар жолаушыларды тасуда да қажетті орынға ие. Жыл барысында темір жолдан 15-20 млн-нан астам жолаушы пайдалануда.

Өзбекстанда теміржолдар көрші мемлекеттердегіге (Қыргызстан, Тәжікстан, Ауғанстан, Түркіменстан) қараганда көп және техникалық тұрғыдан олардан алда тұрады. Соңғы он жылдықтарда Өзбекстанда темір жолдардың құрылышы мен электрлендірілуіне өте үлкен мән берілді.

Теміржолдардың электрлендірілуі және электровоздардың қолданылуымен пойыздардың қатынау жылдамдығы, **жолдардың откізу мүмкіндігі**, демек, еңбек өнімділігі артты.



Жолдың откізу мүмкіндігі — темір жолдардан бір тәуліктे өтуі мүмкін болған пойыздар мөлшері. Екі жолды темір жолдардың откізу мүмкіндігі бір тәулікте 150 жұп пойызға, ал бір жолды темір жолдарда 30 жұп пойызға жетуі мүмкін.

Теміржолдардың дүниесінде жүзі талаптары дәрежесінде техникалық жабдықталуының арқасында Ташиент-Самарқант бағытында жолау-



72-сурет. «Afrosiyob» электропойызы



73-сурет. Тау жолдары.

аралықтарға жолаушы және автомобиль тиімдірек болады. Мемлекеттің аудандарында автомобиль көлігінің маңызы, әсіресе, үлкен (73-сурет).

1940 жылдары құрылған Ташкент, Сырдария, Жызак, Самарқант, Қашқадария және Сұрхандария облыстары арқылы өтетін Үлкен Өзбек тракты қажетті маңызға ие. Оның ұзындығы 700 км-ден асады.

1959 жылы Ташкент–Ангрен–Коқан автомобиль жолы (248 км) құрылды. Құрама тау жотасындағы Қамшық асуынан (теніз деңгейінен 2270 м биіктікте) өтетін осы жол арқылы Ташкенттен Фергана алқабына тасымалданатын жүктер темір жолдарда тасылатын жүктерге қарағанда 3-4 есе тез жеткізіледі. Бұл жол кеңейтіліп, Қамшық асуының маңында екі туннель іске қосылды (74-сурет). 2012 жылы ұзындығы 116 км Гүлістан–Ахангаран автомобиль жолы пайдалануға тапсырылды.

Мемлекет облыстарының Қазақстан және Қыргызстанмен көлік-экономикалық байланыстары Ташкент қаласы арқылы жүзеге асырылатын. Қалада көлік қозғалысын азайту мақсатында қала сыртында айналма жол құрылған. Оның ұзындығы 64 км, Өзбекстанда осындай мақсатта құрылған жалғыз жол болып саналады.

шыларды тасымалдауға арналған заманауи «Afrosiyob» жүрдек пойыздарының қатынауы жолға қойылды (72-сурет). Орталық Азияда тұңғыш рет құрылған жүрдек темір жолдарды пайдалануға тапсырылу нәтижесінде туризмнің дамуы барысында автомобиль жолдарындағы тығыздық жойылды. Қазірде «Afrosiyob» электропоездары «Ташкент-Бұхара», «Ташкент-Қарши-Шахрисабз» бағыттары бойынша да қатынауда.

Автомобиль колігі жүктөрді (басқа көлікке қайта тилемей) тікелей тұтынушыға жеткізіп бере алады. Автомобиль көлігі өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын магистральдық көлікпен байланыстырады, қалалардағы және қалалар айналасындағы аумақтардағы жүктөрдің негізгі белгін тасымалдайды.

Қысқа (100 км-ге дейін) және орташа жүк тасуда темір жолдарға қарағанда таулы аудандарында автомобиль көлігінің маңызы, әсіресе, үлкен (73-сурет).

Өзбекстанның тәуелсіздікке қол жеткізуі шет мемлекеттермен байланыстыратын жолдарға қажеттілікті күшетті. Мемлекетіміз осы мақсатпен Қытай мен Пәкістанға шығу мүмкіндігін беретін Әндіжан-Ош-Иркештам-Қашқар автомобиль жолы мен Үнді мұхитына шығуға мүмкіндік беретін Терміз-Герат-Карачи автомобиль жолы құрылышында жағысып жатыр.

Су колігінде табиғи су жолдарынан пайдаланылады. Сол үшін су жолының бағыты көбінесе қажетті бағыттарға тұра келе бермейді. Оған жанаармай көп жұмсалмайды және үлкен көлемді жүктөрді де таси береді. Бірақ қозғалыс жылдамдығы төмен. Өзбекстан материктің ішінде орналасқан мемлекет болғаны үшін су көлігінің маңызы үлкен емес.

Қазіргі күнде су көлігі негізінен Әмудария кеме шаруашылығынан құралған. Республикада «Терміз теңіз порты», «Хорезм теңіз флоты», «Қарақалпақстан теңіз флоты» бірлестіктері құрылған. Мемлекеттің теңіз флотында 150-ге жуық теплоход, сондай-ақ баржалар, көмекші кемелер мен басқа техника құралдары бар. Жүктөр негізінен Терміз-Хайратон, Шарлауық-Төрткөл, Хожейлі-Төрткөл, Хожейлі-Беруни, Қаратай-Тақиятас бағыттарында тасылады.

Болашақта Өзбекстан да дүние жүзі мұхитында өзінің флотына ие болады. Қазірше сыртқа шығарылатын және сырттан келтіріліп жатқан жүктөрдің белгілі жол ақысын – **фрахтың** есесіне басқа мемлекеттердің кемелері тасып беруде.



Фрах — су жолында жүк тасудың ақысы. Бұл ақы жүктің салмағы, қанша қашықтықта тасымалдануы, көлемі, кемеде тасымалдау уақытының мөлшеріне қарай белгіленеді. Өзбекстан шетке сатқан тауарларын шетелдің кемелерінде тасып, көп қаржы жұмсауға мәжбүр болып отыр.

Әуе колігі көліктің ең қымбат және сонымен бірге ең тез әрекеттенетін және жер рельефине аз байланысты болған түрі. Жолаушыны алыс қашықтыққа, атап айтқанда, шетелге тасуда, әуе көлігінің орнын ешқандай көлік түрі баса



74-сурет. Қамшиқ асуындағы туннель.

және оларды қайта құруда өз үлесімен



75-сурет. Өзбекстан әуе жолдарына қарасты ұшақ

алмайды. Әуе көлігінде тасымалданатын жүктердің көпшілігі асығыс және бағалы жүктер (тез бұзылатын өнімдер, почта және басқалар) болып табылады. Бүгінгі күнде мемлекетіміз көптеген шет мемлекеттермен әуе жолдары арқылы байланысада. Жанына «Өзбекстан» деп жазылған және Мемлекет жалауының көрінісі түсірілген ұшақтарды көптеген мемлекеттердің әуежайларында кездестіруге болады (75-сурет).

Әуе көлігі жолаушы (әр жылы 2 млн астам адам) тасу тұрғысынан ғана емес, бәлкім әр түрлі жүк тасу тұрғысынан да маңызды болады. Жергілікті әуе жолдарының жалпы ұзындығы 60 мың км-ден асты. Ташкент мемлекетіміз әуе көлігінің ең ірі торабына айналды.

Құбыр көлігінен негізінен газ бен жартылай мұнай тасуда пайдаланылады. Газ құбырларының ішінде Жарқақ–Бұхара–Самарқант–Ташкент, Мұбәрак–Ташкент трассалары өте маңызды (оларды 70-суреттен тап). Өзбекстаннан Оралға (2100 км), Мәскеуге (3500 км) өткізілген газ құбырлары диаметрінің үлкендігі мен ұзындығы жағынан дүние жүзінде алдынғы орында тұрады. Құбыр көлігінің жұмыс өнімділігі құбырдың диаметрінен тыс газ немесе мұнайдың қандай қысыммен өрекеттеннені де байланысты. Фылым мен техника жетістіктері 120 атмосфералық қысыммен газды жіберу мүмкіндігін беріп отыр. Бірақ мемлекетіміздің құбыр көлігінде қазірше қысым 40 атмосферадан аспайды. Өзбекстан жағдайында мұнай мен газды құбырлармен тасу солтүстіктерге қарағанда біршама қолайлы. Мұнай, газ сұықта қоюланады және құбырдан өтуі баяулайды. Мұның шарасы ретінде құбырлар белгілі аралықта арнаулы пештермен жылтырып тұрылады. Өзбекстанның қысы оншалықты сұық болмайтындығынан мұндай пештерге қажеттілік жок. Демек, қосымша қаражаттың жоқтығынан тұтынушыға арзанға түседі.

Мемлекетімізде электр жүйесінің пайда болуы және оның Орталық Азия жүйесіне ұлануымен көліктің жаңа түрі – **электрондық көлік** пайда болды. Облыстараралық және мемлекеттераралық өткізілген жоғары кернеулі электр желілері арқылы электр қуаты беріледі.

1. 71-суретті пайдаланып автомобиль және темір жол көлігі арқылы жылына неше млн тонна жүк тасылуы мен жүк тасудың орташа қашықтығын анықта.
2. Көлік торабы деген не? Атлас картасынан көлік тораптарына мысалдар келтір.
3. Өзбекстанда көліктің қайсы түрлері дамыған?
4. Контурлы картадағы көлік тақырыбына тиісті тапсырмаларды орында және тәуелсіздік жылдары құрылған темір жолдарды белгіле.



ХАЛЫҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАЛАРЫ

Мемлекетімізде үкімет бюджеті қаражаттарының 60 пайызы өлеуметтік саланы дамытуға бағытталады. Ол негізінен материалдық өнім шығармайтын салаларды қамтиды.

10-сабак тақырыбынан материалдық өнім шығармайтын салаларға нелер жататынын есіне туспір!

Сондай-ақ оған байланыс қызметтері де кіреді. Аталмыш сала қызмет көрсету саласы деп те жүргізіледі. Экономикамызды тұрақты дамытуда қызмет көрсету саласы үлкен рөл атқаруда. Қызмет көрсету салаларының құрамы сан алуан әрі күрделі (76-сурет). Экономиканың барлық салалары халықтың материалдық-рухани қажеттіліктерін қанағаттандыrsa да, мұнда қызмет көрсету салаларының орны шексіз. Оның басты міндепті халыққа тұрмыстық қызмет көрсетуді көбейту және олардың түрі мен сапасын жақсарту болып табылады.

Экономиканың кез келген саласына мән берсең, онда қызмет етіп жатқан білікті кадрлардың қызмет көрсету саласында (тәлімде) дайындалғанына қуә боласың. Сондай-ақ еңбекшілердің демалысы, емделуі қызмет көрсету мекемелерінде өтеді. Осы сала арқылы кадрлардың ауруы, яғни жұмыс күндерінің жоғалуы азаяды. Бұл сонымен қатар өлеуметтік еңбек өнімділігінің артуына себеп болады.

Қызмет көрсету саласы адамның мәдени-агарту көңіл-күйін дамытумен үлкен өлеуметтік маңызға ие.

Қызмет көрсету мекемелерінің орналасуында біраз алғышарттар рөл атқарады. Біріншіден, қызмет көрсету салалары кәсіпорын мен



76-сурет. Қызмет көрсету салаларының құрамы.

мекемелері халық, негізінен қай жерде көп болса, сол жерде құрылады. Бірақ кез келген халық мекенжайында барша қызмет көрсету мекемелері бола бермейді. Өйткені, бұл саланың қызметіне белгілі мөлшерде сұраныс болуы шарт. Атап айтқанда, халқы аз, шағын қыстақтарда ірі мамандандырылған сауда кәсіпорындары жеткілікті нәтиже бермейді.

Екіншіден, қызмет көрсету мекемелерін орналастыруда қызметке талаптың кезеңдігі де күрделі ықпал жасайды. Кейбір қызмет түрлеріне талап үздіксіз болады. Оларға тұрғын үй коммуналдық қызметі, мектепке дейінгі және жалпы орта білім беретін мекемелері, сауда қызметі кіреді. Орташа мерзім (бір айда бірнеше рет) пайдаланылатын қызмет түрлері де бар, оларға шаштараз, әсемдік үйі, химиялық тазалау қызметі, кинотеатр және басқалар кіреді. Одан басқа жыл бойында бір рет, тіпті, одан да аз пайдаланылатын қызмет түрлері де бар. Атап айтқанда, ұзақ мерзімге пайдаланылатын бұйымдарды сатып алу немесе оларды жөндеу, саяхаттық қызмет, мұражайға бару сияқтылар.



Демек, қызмет көрсетудің кезеңдігінен қызмет көрсету кәсіпорындарын **орналастыру қагидаттары** пайда болады.

Күнделікті қызмет көрсету кәсіпорны үй немесе жұмыс орнының маңында болуы керек. Ұзақ мерзім аралығында қажет болатын қызмет үшін сапа мен қызметтің сан алуандығы маңызды. Автомобиль, телевизор сатып алу яки маман дәрігер керек етіп, арнаулы осы салаға маманданған едәуір алыштағы мекемеге де барады.

Ақпараттарды тарату, сондай-ақ мемлекет экономикасын басқаруда **байланыс қызметі** маңызды орынға ие болады.

Байланыс қызметі екі түрлі болады. **Почта байланысы** түрлі поча жөнелтулерін (хат, бандерол, сәлемдеме және басқаларды) қабылдау, жөнелту және жеткізіп беруді өз ішіне алады. Почта байланысына ұқсас қызмет елімізде бұдан 2,5 мың жыл бұрын да болған. Ол дәуірлерде шабармандар патшаның жарлықтарын аймақ бастықтарына және бекіністегі хабарларды мемлекеттің астанасына жеткізіп тұрған. Екіншісі – **электрондық байланыс** болып, ол телефон, телеграф, радио, теледидар, электрондық поча сияқтыларды өз ішіне алады. **Телеграф байланысы** XIX ғасырдың 80-жылдарында темір жол құрылуымен бір мерзімде пайда болған. Алғашқы телеграф станциясы бұдан 1 ғасыр алдын Ташкентте іске қосылған. Республикасында **мобильдік байланыс** қызметі жедел дамып келуде. Қазіргі күнде одан пайдаланушылардың саны 19 миллионнан асты.



1985 жылы іске қосылған **Ташкент телемұнарасы** Ұлы мұнаралар халықаралық федерациясы тізіміне енгізілген, биіктігі бойынша дүние жүзінің жетекші он мұнараның қатарында тұрады (77-сурет).. Мемлекет халқы үкімет пен сауда телерадиобағдарламалары және цифрлы теледидармен қамтамасыз етілген. Қазірде оннан астам телеканалдар қызмет атқаруда.

Қызмет көрсету салаларының ішінде **баспа** да маңызды рөл атқарады. Сен оқып жүрген оқулық, кітап, журнал, газет және басқалар баспахана кәсіпорнында даярланады. Алғашқы баспахана XV ғасырдың орта шенінде Германияда құрылған болса, бізде бірінші баспахана XIX ғасырдың соңында іске қосылған. Бүгінгі күнде мемлекетімізде 120-дан астам баспаханалар қызмет етуде. Тәуелсіздіктен соң баспаханалар түпкілікті қайта жабдықталды. Бүгінгі таңда оларда мәтін мен суреттер заманауи компьютерлерде теріледі және басып шыгарылады.

Халық агарту. Экономиканың тұрақты және жедел дамуында адам алғышарты шешуші екендігін білесін. Бірақ мұнда мамандардың білім дәрежесі, руханияты одан да аса маңызды (78-сурет). Мемлекетімізде 10 мыңға жуық жалпы білім беретін мектептері, көптеген академиялық лицей мен кәсіптік колледждері қызмет көрсетуде. Соңғы жылдарда мемлекетімізде жоғары білімді мамандарға қажеттіліктің көптігінен жаңа жоғары оқу орындары,



77-сурет. Биіктігі 375 метр болған Ташкент телемұнарасы.



78-сурет. Тәлімге ілтипат – болашаққа ілтипат.



79-сурет. Қызмет көрсету саласында денсаулықты сақтау жеке орын тұтады.

1990 жылдағы 67 жастан 2017 жылда 74 жасты құрады және бұл жөнінде Өзбекстан дамыған мемлекеттердің қатарынан орын алды.

Денсаулықты сақтау саласында реформалардың нәтижесінде заманауи медицина жабдықтарынан тиімді пайдаланылуда (79-сурет).

Халықтың тамақтануын жақсарту, ұн мен тұзды қажетті микротермен тойындыру, аналар мен балаларды дәруменге бай дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету бойынша жүзеге асырылған ішшаралардың арқасында бүтінгі күнде балаларымыздың 92 пайызы даму көрсеткіштері бойынша Дүниежүзі денсаулықты сақтау ұйымының стандарттарына сай келеді.

1. Қызмет көрсету саласының дамуы нелерге байланысты?
2. 8-сынып атласының жалпы білім беретін мектептер, жоғары және орта арнаулы оқу орындары, денсаулықты сақтау, мәдениет тақырыбындағы карталардан пайдаланып, олардың орналасуын облыстар бойынша салыстырмалы талдау жаса.
3. Махалландағы қызмет көрсетуге тиісті өндіріс немесе қызмет түрлерін география дәптеріне жаз.
4. Контурлы картадағы қызмет көрсету салаларына тиісті тақырып тапсырмаларын орында.
5. Сенің пікіріңше, қызмет көрсетудің қайсы жағы қанағаттандырып жатыр, қайсы жағы талапқа жауап бермейді?
6. Мәтінмен танысып шығып, төмендегі кестені дәптерге сыйып, оны толтыр:

t/r	Barlıq hizmet türleri	Solardan rayonımızda barları
1		



Қызмет көрсету салаларының арасында рекреация қызметі соңғы жылдарда кеңінен дамып келуде. *Рекреация қызметі* еңбек ету барысында жұмсалатын күш, энергияны қайта қалпына келтіруде қажетті алғышарт болып саналады.



Рекреациялық қызметтің дамуы үшін қажетті болған алғышарттар:

- күнделікті қажеттіліктерінен арттырған қаржы;
- рекреация ресурстары;
- рекреациялық шаруашылықтың болуы.

Рекреациялық ресурстары екі түрлі, яғни табиғи рекреация және мәдени-тарихи рекреацияға бөлінеді. Табиғи рекреация ресурстарына табиғи жағдай мен табиғи байлықтар негізінде пайда болған сарқырамалар, үңгірлер, бұлақтар, көркем тау баурайлары кіреді. Табиғи ортасы шұғыл өзгерген, тығыз инфрақұрылым жағдайында халықтың табиғат құшағында, арнаулы демалыс орындарында демалуға талабы күшейе түседі. Шыжыған ыстық жаз айларында жазықтықтарда жасайтын халық таулы жерлерге асығады. Тауларымыз қоңыржай ауасы, ғажайып өсімдік пен жануарлар әлемі және сауықтыру бұлақтарымен табиғи-рекреациялық аудан ретінде шетелдіктерді де өзіне тартып отыр.

Таулардың табиғаты шипалы және тартымды жерлерінде емделетін және демалатын орындар бар. Та什кент облысындағы «Шымған», Фергана алқабындағы «Шахимардан», «Чодак», «Нанай», «Қувасай», «Боги шамол», «Шартақ» демалыс зоналары және Бұхара облысындағы «Ситораи Мохи Хоса», Қашқадария облысындағы «Мироқи» секілді шипажайлары шетелдерде де әйгілі.

Сонымен қатар қоңе қалалар, кесенелер, бекіністер, сәулеткерлік ғимараттары, мұражайлар мемлекетіміздің мәдени мұрасын қамтиды.

Тартымдылығы және көрнектілігімен милиондаған адамдарды таң калдырған тарихи мұраларымыз шет елдік саяхатшыларды елімізге қызықтырады. Міне, осындай тарихи-мәдени объектілер негізінде жүзеге келген аудандар, негізінен, Самарқант, Бұхара, Хиуа, Шахрисабз, Таңкент, Қоқан сиякты қалаларда орналасқан (80-сурет). Өкінішке орай, ата-бабаларымыз құрган 36 мың тарихи мұрадан 7 мыңға сақталған. Қалғандарын отаршылдар әр түрлі жолдармен қиратқан. Қазіргі күнде олар үлкен қаржы мен еңбек жұмсалудың арқасында жөнделіп жатыр.



80-сурет. Өзбекстанның ең ірі туристік орталықтары.

Дегенмен, саяхатшылық (туризм) саласы дүние экономикасының ең жедел дамып жатқан салаларының біріне айналды. Оның кең көлемді өркениеті көптеген мемлекеттер үшін ұлken пайданың көзі болып баруда.

БҮҮ-ның Дүние саяхатшылық ұйымы мәліметінде 2015 жылы дүние бойынша 1,184 млрд. саяхатшы тіркелген болса, 2016 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 1,235 млрд-қа, яғни 3,9 пайызға асқан. Саяхатшыларға көрсетілген экспорт қызметтерінің құны 2015 жылы 1,5 трилионға жуық АҚШ долларын құраған. 2016–2017 жылдарда да бұл сандарда ұлken пайдаланылған көргө болады.

Сол үшін дүниенің көптеген мемлекеттері бұл саланы одан әрі дамыту, бұл жөнінде тиісті инфрақұрылымды әлем стандарттары дәрежесінде жарату және саяхатшылар ағымын асыру бойынша барлық іс-шараларды жүзеге асыруда.

2015 жылы ең көп шетелдік қонақтарды қабылдауда Франция (83,7 миллион), АҚШ (74,8 миллион), Испания (65,0 миллион), Қытай (55,6 миллион) және Италия (48,6 миллион) күшті бестікті иеленді. Өкінішке орай, Өзбекстан бұл салада әлі де әлдеқайда артта екендігін көргө болады. Негізінен, Бүкіл дүние жүзі туризм және саяхаттар бойынша кеңесі (BTSK) тарарапынан берілген баға бойынша Өзбекстан саяхатшылар келуі бойынша дүние жүзі мемлекеттері арасында 150-орында тұрады.

Өлкеміз дүние жүзі туристік базарында өз орнына ие болуына қарамай, туристерге қолайлы жағдай жарату, сервис қызметін жақсарту, туристік ескерткіштерінің көркемдігін асыру және жарнаманы күштейттіру дәрежесі жеткілікті емес еді.

Бұғынгі күнде мемлекетімізде туризмді дамыту бойынша кең көлемді жұмыстар жүзеге асырылуда.

Соның бірі, туризм саласында қызмет көрсетпек болған кәсіп-керлерге жеңілдетілген кредиттерді беру және жерді сатып алу жұмыстары жеңілдетіліп, дүние жүзі талаптарына жауап беретін қонақ үйлер санын көбейту, сол арқылы бәсекелестікті қүшету, қонақ үй бағаларын арзандатуға мән берілуде.

Тағы бір маңызды бағыт – туристерге қызмет көрсету бойынша шетел тілдерін және тарих пен географияны жақсы билетін мамандарды даярлау жүйесін жетілдіру. Гидтер, қонақ үй мүшелері, туристік қызметтер көрсетудің тағы да анық стандарттарын орнату солардың қатарынан. Самарқандта ашылған «Жібек жолы» Халықаралық Туризм университеті қызметі де сол мақсаттар үшін қызмет етуде. Бұған қосымша түрде шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықтағы бірлескен факультеттер, шетелдік ЖОО-дар филиалдары да сала мамандарын даярлауда көмек беруде. Қазірде бұл жөнінде әсіресе, Ресей, Корея, Түркия Туризм академиясы, Еуропа жоғары оқу орындарымен белсенді жұмыс жүргізілуде. Нәтижеде мемлекетімізді бойлап саяхат жасаушылардың саны жылдан жылға артып баруда.

Жалпы алғанда, болашақта туризм саласына ұлттық экономикаға жоғары пайда келтіретін болашағы бар тармақтардың бірі ретінде қаралуда. Дегенмен, мемлекетіміздегі тарихи ескерткіштердің дерлік 200-і мәдени мұра объекттері ретінде ЮНЕСКО тізіміне кірітілген.

Рекреация қожалығы құрамына қонақ үйлер, демалу үйлері және базалары, санаториялар, турбазалар, туристік көлік және басқалар кіреді.

1. Қызмет көрсету мекемелерінің қайсы бірі халық мекенжайларынан ұзақта болғаны макұл?
2. Аудан немесе қыстақтарымыздағы қызмет көрсету мекемелерін үйреніп, бұл саладағы жетістік пен кемшіліктерді анықта.
3. Табиғаттың тартымды орындары қай облыстарда көп (7-сынып «Өзбекстанның табиғи географиясы» курсынан есіце түсір)?



81-сурет. Өзбекстанга саяхатшылардың келуі.



СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР

Сен меншікті жерінде немесе жеке фермерлік шаруашылығында өндірген өнімді өзінде болмаған өнімге айырбастауға яки базарға апарып сатуға мұқтаждықты сезесің. Мұндай жағдайды мемлекеттераралық қатынастарда да байқаймыз. Шындығында, Өзбекстанда өндіріліп жатқан белгілі бір өнімге, бұйымға сұраныс шетелде үлкен болса, оны мемлекет қажеттілігінен артық шығару мақсатқа сай болады. Керісінше, өзімізде өндірілгеннен гөрі шетелден әкелінсе, арзанға түсетін тауарларды сатып алған жөн.

Өзбекстан – машиналар, химиялық өнімдер, қара және түсті металл, электр энергия, газ, мақта талшығы, азық-түлік тауарлары, жібек, қаракөл сияқты өнімдерді экспорт жасайтын мемлекеттердің бірі. Сонымен қатар Өзбекстан өзінде жетпейтін азық-түлік пен өнеркәсіп тауарларын, сондай-ақ халық тұтынатын бұйымдарды импорт жасайды.

Өзбекстан халықаралық экономикалық ынтымақтастыққа белсенді кіріскең. Бүгінгі күнде 140-тан астам мемлекетпен сауда байланыстарын жүргізеді. Әсіресе, дүние жүзінде жетекші болған Германия, АҚШ, Ресей, Жапония, Франция, Италия, Корея Республикасы, Түркия, Қытай сияқты мемлекеттермен ынтымақтастығы жедел қарқынмен дамып отыр. Өзбекстанға экспорт және импорт жасалып жатқан өнімдердің ең көбі Қытайға тұра келеді (82-сурет).




Тауарлардың сыртқы саудаға, шетелге шығарылуы **экспорт** деп аталады. Керісінше, шет мемлекеттерден қажетті өнімдерді, тауарларды әкелу **импорт** деп аталады.

2018 жылы экспорт 14,3 млрд, ал импорт 19,6 млрд. АҚШ долларын құрады. Өзбекстанның сыртқы саудасының жылдан-жылға арта түсінің нәтижесінде мемлекеттің халықаралық еңбек бөлінісінде белсенді қатысып келуде.

Мемлекеттің сыртқы сауда саясатының негізі ұлттық экономиканың бәсекеге шыдамдылығын арттыру мен мемлекеттің экспорт икемділігін кеңейту және құрамын жетілдіру. Соңғы жылдарда экспорт құрамында үлкен онды өзгерістер болып жатыр. Атап айтқанда, шикізат өнімдерінің экспортты азайып, жоғары сапалы дайын өнімдер экспорттының үлесі артып отыр.

Келешекте экспортқа арналған автомобилдер, жоғары кернеулі агрегаттар, тұрмыстық электр аспаптары, медицина мен құрылымынан және тоқымашылық пен тігіншілікке байланысты қымбат бағалы өнімдерді өндіру қүшнейеді. Әсіресе, мемлекеттің өндірілетін жеміс пен көкөністердің экспорттың қүшнейту керек. Тағы бір маңызды міндеттердің бірі – бұл диқан және фермер



82-сурет. Өзбекстанның шет мемлекеттермен сыртқы саудасы (жалпы өлшемге қарағанда пайыз есебінде, 2017).

шаруашылықтарына сыртқы базардан тұрақты сатып алушыларды табу.

Өндірістің дамуына үйлесімді көптеген өнімдердің, соның ішінде жанармай, азық-түлік пен халық тұтыну бұйымдарының импорты қысқаруда (83-сурет). Жалпы импорттың $\frac{3}{4}$ бөлігін техникалық және өндірістік жиһаздар мен құралжабдықтар құрайды. Бұл мемлекет экономикасының даму болашағына сай келеді.


Өзбекстанда 4200-ден астам шетелдік кәсіпорындар қызмет атқаруда. Қазіргі кезде Өзбекстан Әлем Банкі, Азия Даму Банкі, Ислам Даму Банкі, ОПЕК Халықаралық Даму Қоры, Саудия Әркендеу Қоры секілді халықаралық қаржылық ұйымдарымен жақын ынтымақтастық жасап отыр.



Халықаралық қаржылық ұйымдармен ынтымақтастық жасап, мемлекеттік өндіріс күштерін модернизация жасау мен жаңарту үшін шетел инвестициясын енгізу түрі **инвестиция** деп аталады.

Мемлекеттің өркендеуін жеделдету үшін инвестиляларды одан да көбірек енгізу мақсатқа сай болады.

Сыртқы экономикалық байланыстарды дамытудың алдағы талаптары ретінде мемлекеттің аумағында арнаулы, ерікті экономикалық зоналар құрылып жатқандығынан алдыңғы сабактардан хабарың бар. Олардың алғашқысы Өзбекстан аумағының географиялық орталығы – Науай облысында



83-сурет. Шет мемлекеттермен сыртқы сауда шенбері (пайыз есебінде).

құрылған еді. Ол барлық түрдегі ұшақтарды қабылдайтын халықаралық әуежай және онымен байланысты болған түрлі қызмет көрсететін кәсіпорындарынан және мекемелерінен құралған үлкен кешен болып табылады.

Тауарлар саудасынан тыс, шетел мемлекеттерімен ынтымақтастықта көлік жүйелері орнатылып жатыр, табиғатты қорғау және өзгерту мәселелері шешілуде. Мұнда Өзбекстан дүние жүзінің жетекші халықаралық үйімдарымен ынтымақтастық жасап, дәүірдің көкейкесті ділгірліктерін шешуге де қатаң мән беріп келеді. Шанхай Үнтымақтастық Үйымы (ШЫҰ), Еуропа Одағы (ЕО), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД), Еуразия экономикалық ынтымақтастығы (ЕӘЫ), Ислам Конференциясы Үйымы (ИКҰ) және басқа халықаралық үйімдар солардың қатарынан болып табылады.

Өзбекстанның дүние жүзілік шаруашылығындағы орнын, оның басқа мемлекеттермен экономикалық байланыстарын 9-сыныпта «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» сабактарында одан да теренірек үйренесің.

1. Өзбекстанмен экономикалық байланыста болған мемлекеттерді дәлтеріңе жаз.
2. Импортқа қарағанда экспорттың көптігі қандай қолайлыштар туғызады?
3. Импорттың ең көп бөлігі қандай өнімдерге тұра келеді?
4. Сыртқы экономикалық байланыстар қандай алғышарттарға байланысты?
5. Инвестиция ұғымын түсіндір.
6. Ерікті экономикалық зона неліктен дәл Науай облысында құрылған?
7. 83-суретте Өзбекстанның соңғы жылдардағы экспорт және импорт құрамын өзгеруін бақыла. Жақын жылдарда мемлекеттің сыртқы сауда айналымында қандай өзгерістер болуы бойынша пікірле. Жауабынды негіздел беруге әрекет жаса.



1. Халық пунктінде 1 жыл барысында туу 768 шақты, өлім 154 шақты болса, сондай-ақ оған көшіп келген 28 шақтыны, көшіп кеткенде 50 шақтыны құраса, ондағы халық саны қаншаға өзгергенін есепте.

2. Ауыр өнеркәсіптің құрамын сыйбада көрсет.

3. Өндірісті мамандандыру, кооперативтендіру және комбинат-тандырудың мәнін түсіндір, өндірістің ұйымдастыру түрлеріне анық мысалдар келтір.

4. Өнеркәсіп салаларын орналастыруға қандай алғышарттар ықпалын тигізеді?

5. Қара және түсті металлургия мен агроөндірістік кешендерінің маңызды аудандарын айтып бер (тапсырманы контурлы карта мен атлас көмегінде орындауға да болады, онда өнеркәсіптің ірі орталықтары, аудандардың шикізат, жанармай және дайын өнім бойынша өндірістік байланыстары көрсетіледі).

6. Өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығы мен көліктің табиғатқа ықпалын мысалдар арқылы суреттеп бер.

7. Төмендегі кестені толтыр:

Тармақтарааралық кешенниң аты	Кешенниң құрамында тармақтар	Кесте дамып жатқан тармақтар	Қайсы облыста нашар дамыған
1.			
2.			
3.			
...			

8. Оқулықтың өосымшасындағы 2-кесте мәліметтерін талдау жаса. Өзбекстан Республикасы егін майдандарының құрамында гектар есебінде берілген картоп, мақта, көкөніс, бақша егіндері мен дән егіндері майдандарын пайызға айналдырып, шеңберлі диаграмма сзызындар.

9. 8-сынып оқу атласында «темір жол», «жылулық электростанциялары», «электр ұзату линиялары» қандай шартты белгілерде көрсетілгенін дәптеріңе жаз.

IV БӨЛІМ. ӨЗБЕКСТАННЫҢ РЕГИОНАЛДЫҚ СИПАТТАМАСЫ



38-сабак



ӨЗБЕКСТАН ЭКОНОМИКАСЫН АУМАҚТЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мемлекетіміз аумағының әрбір бөлігі географиялық орнының өзгешелігінен, бірінші кезекте, табиғи жағдайы мен байлықтары, халықтың еңбек етуі мен тұрмыс салтының өзіне тәнділігі қалыптасқан. Экономика, негізінен жердің жергілікті табиғи байлықтарына байланысты дамыған. Көліктің жетілдірілуіне қарай экономика кейбір жерлерде сырттан тасымалданған шикізат негізінде қалыптасқан. Білікті кадрлар негізінен ірі қалалардағы оқу орындарында даярланады. Соған сәйкес біліктілікті талап ететін өндірістер қалаларда дамыса, басқа жерлер ауыл шаруашылығын немесе өнеркәсіп шикізатын жеткізіп береді.

Мемлекеттің кейбір бөлігінің арасында еңбектің осылай үлестірілуі **географиялық** яки **аумақтық еңбек болінісі** делінеді.



Аумақтық еңбек болінісі төмендегі жағдайлардаған пайдалады:

өндіріліп жатқан өнім жергілікті қажеттіліктен біршама көп болуы;

оны шығару мемлекеттің басқа бөліктерінен арзанға тұсуі;

өндірістің шикізат қорлары көп жылдарға жеткілікті болуы;

өнім айырбасталғанда көлік қаржатының арзан болуы.

Белгілі уақыт өткен соң аумақтардың мамандануында өзгерістер болуы мүмкін. Мәселен, Қашқадария аумағында мұнай мен газ кендері ашылып, іске қосылған соң, бұл аумақта жаңа маманданған өндіріс қалыптасты. Өзбекстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен соң астық өнімдерімен өзін-өзі қамтамасыз ету міндеті қойылды. Нәтижеде облыстарда астық көбірек егіле бастады. Сөйтіп, бұл облыстар мақташылықтан тыс астық өсіруге де маманданды.

Еңбектің географиялық үлестірілуінің негізінде өз мамандануына қарай бір-бірінен өзгешеленетін аумақтар — **экономикалық аудандар** пайдалады. Экономикалық аудандар (аумақтар) үшін бүкіл мемлекет бойлап мамандану өзіне тән болып, өнім алмасуы кең көлемде жүзеге асады. Мұндай аудандардың бірнеше маманданған тармақтары болуы да мүмкін.



Мемлекет шеңберінде маманданған тармақты қалай анықтауға болады? Мұның үшін ізделіп жатқан мамандану коэффициентін K деп алып, төмендегі формуланы түземіз:

$$K = \frac{M}{A},$$

мұнда: Θ – аудан өнімінің тармақ бойынша мемлекеттегі салмағы, X – мемлекет халқының санында аудан халқының салмағы. Егер K көрсеткіш бірден үлкен болса, аудан бұл тармаққа маманданған болады. Мамандану көрсеткішінің (K) үлкен-кішілігіне қарай экономикалық, ауданның мамандану дәрежесін білуге болады. Бұдан тыс, мамандану мүмкіндігі көлікке және өнімді тасу қаражаттарына да байланысты.

Аудандағы өндіріс кәсіпорындардың белгілі бөлігі ғана **маманданған тармақтарға** кіреді. Ал қалғандары маманданған тармаққа қызмет ететін көмекші тармақтарды құрайды (мәселен, мақта өсіруге маманданған шаруашылықтарда көмекші сала ретінде жонышқа, жүгері, картоп та өсіріледі, малдардың белгілі түрі бағылады немесе машина жасауға маманданған тармақ болса, металл құю кәсіпорындары, жергілікті энергетика сияқтылар көмекші кәсіпорын болып саналады). Аудан халқын азық-түлік өнімдерімен, бас-киім, мәдени-тұрмыстық бүйымдарымен қамтамасыз ететін кәсіпорындар **қызмет көрсету тармагын** құрайды. Бұл барлық тармақтар үшін энергетика және сумен қамтамасыз етілуі, көлік тармақтары мен аумағы ортақ болып, өндіріс барысында өзара байланыста болады. Демек, экономикалық аудандар мамандануымен де, шаруашылықтың кешенді дамуымен де ерекшеленеді.

Экономикалық ауданның даму дәрежесін онда қандай **аумақтық-өндірістік кешендердің (АӨК)** болуы мен қай дәрежеде қалыптасқанынан білуге болады. Ол мемлекет шеңберінде қаржыларды



84-сурет. Өзбекстанның экономикалық аудандары.

ұнемдейді, әлеуметтік еңбек өнімділігін арттырады, табиғатты қорғауды, халқымыздың түрмисы, еңбек, демалу жағдайларының жақсаруын қамтамасыз етеді.



АӨК – өндіріс саласындағы барлық тармақтарға қарасты әр түрлі кәсіпорындардың бір жалпы аумақтағы өзара байланысқан үйлесімділігі.

Бұған өзара байланысқан кәсіпорындарды бірыңғай көлік, энергетика және құрылым базаларымен үйлесімді (кооперативтеу, комбинаттау негізінде) орналастырудың есебінен, сондай-ақ табиғи байлықтардан және жұмысшы құштерінен, қосымша шикізат және қалдықтардан тиімді пайдалану есебінен қол жеткізіледі.

АӨК-тердің табиғи байлықтары көп аумақтарды жедел әрі ұнемді игеруге мүмкіндік береді. Әрбір АӨК иелеген аудан мен тармақтарының құрамына қарай басқасынан өзгешеленеді. Тармақтараralық кешендер даму дәрежесі бойынша да бір-бірінен ерекшеленеді. Мәселен, агроОнеркәсіп кешені барлық облыстарда қалыптасып болған. Тұсті металургия кешені тек қана Ташкент облысында дамыған. Ал Самарқант пен Бұхара облыстарында ол қалыптасудың төменгі басқышында, Хорезм облысы мен Қарақалпақстан Республикасында дерлік жоқ. Аумақтық өндірістік кешендерінің өзара байланыстылығынан экономикалық аудан қалыптасады.



Экономикалық аудан: а) географиялық орны өзіне тән; б) мемлекет деңгейінде маманданған; в) кешенді шаруашылық қалыптасқан; г) табиғи байлықтар және жұмысшы құшімен қамтамасыз етілуінде басқа аудандардан өзгешеленетін аумақтар.


Экономиканың өрлеуімен тармақтараralық кешендер жетілдіріле түседі. Нәтижеде аумақтық байланыстар да жетілдіріліп, экономикалық аудандар қайта түзілуі мүмкін. Қазіргі кезде мемлекеттің аумағын шартты түрде алты экономикалық ауданға бөлуге болады (84-сурет). Аталмыш экономикалық аудандар Өзбекстанның 2 және одан артық әкімшілік бірлестіктерінен тұрады. Мәселен, Ташкент экономикалық ауданы Ташкент қаласы мен Ташкент облысынан, Мырзашөл экономикалық ауданы Сырдария мен Жызақ облыстарынан құралған.

Тәуелсіздік жылдарында ұлттық экономиканың аумақтық тұргыдан тепе-тендігін қамтамасыз ету және өлкелераралық сәйкесіздігін азайту Өзбекстанда мемлекет саясатының үстем міндетіне айналды. Кейінгі



жылдарда мемлекетте болып жатқан құрамдық өзгерістерде аумақтардың рөлі сезілерлі дәрежеде асты. Аумақтардың экономикалық дәрежесі мен бәсекелестігін асыруға бағытталған бірқатар шаралар жүзеге асырылды.

Озбекстан аумақтарының әлеуметтік-экономикалық даму дәрежесі мен экономикалық өсу қарқындарындағы айырмалар бірқатар объективті себептер – базар реформаларының алғашқы дәуіріндегі аумақтық даму дәрежесі, аумақтың инвестициялық тартымдылығы, экономикалық географиялық дамуы, инфрақұрылымның дамығандық дәрежесі, инновациялық қабілеттілігі мен басқа көптеген алғышарттармен сипатталады.




85-сурет. ЖІӨ-ді қалыптастыруды аймақтардың қаралыптастырудағы қошшылығы (ЖІӨ-ге қарағанда %-да, 2017 ж.)

Республика ЖІӨ-ді қалыптастыруды ЖІӨ-нің үлесі бойынша Ташкент қаласы 15,5% көрсеткішпен жетекшілік етеді (85-сурет). Ташкент пен Самарқант облыстары сай түрде 9,1 және 7,1% көрсеткішпен кейінгі орындарды иелейді. ЖІӨ-нің ең аз үлесі Сырдария, Жызақ, Хорезм облыстарында және Қарақалпақстан Республикасында тіркелген. Кейінгі сабактарда аталмыш аумақтарды бірме-бір үйренеміз.

1. Мұғалімнің көмегімен ауданың қандай өнім өндіруге маманданғанын анықта.
2. Ауданның мамандануы деген не?
3. Экономикалық аудан деген не? Мемлекеттің аудандарға бөліп үйреніледі?



ТАШКЕНТ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АУДАНЫ



Экономикалық географиялық орны мен табиги байлықтары. Ташкент экономикалық ауданы әкімшілік тұрғыдан Ташкент қаласы мен Ташкент облысынан тұрады. Бұл ауданның екі жағы Ферғана мен Мырзашөл экономикалық аудандарымен шектескен, қалған тараптары Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан мемлекеттерімен шекаралас. Географиялық орнындағы қолайлыштықтан Ташкент 1930 жылдан бері Өзбекстанның астанасы мәртебесіне ие болып келуде. Ташкент облысы қыстақ аудандарының дерлік жартысының (Жаңа жол, Қыбырай, Бостандық, Паркент, Ахангаран, Орта Шыршық, Ташкент және Зенгіата аудандары) шаруашылығының мамандануы мен әлеуметтік-экономикалық дамуында астананың ықпалы басым болып саналады. Өйткені, ол ірі қаламен шектескен аудандарда экономикалық әлеуметтік өзгерістер жедел болады. Мұны қала төңірегіндегі аудандарды мысалында айқын көруге болады (86-сурет).

Экономикалық ауданның аумағы рельефтің сан алуан көріністерінен құралған. Бұл өнеркәсіп үшін де, ауыл шаруашылығы үшін де қолайлыштықтар тудырады. Ауданың Шыршық және Ахангаран алқаптары Сырдарияға дейін 100-150 км-ден астам қашықтыққа төмендеп отырынан жасанды суару үшін өте қолайлы. Шыршық пен Ахангаран өзендері таулардағы жауын суына (500–700 мм) қанып, далаларды суарудан тыс, электр энергиясын алуда да маңызды рөл атқарады. Экономикалық аудан таза сумен жақсы қамтамасыз етілген. Судан одан да тиімдірек пайдалану мақсатында Шыршық өзенінің жоғары ағысында сыйымдылығы 2,0 млрд текше м. болған Шарбақ су қоймасы орнатылған. Сондай-ақ Ахангаран өзенінің жоғары ағысында Ахангаран, ал орта ағысында Түйемойын су қоймасы («Ташкент теңізі») құрылған.

Қазба байлықтардың сан алуандығы жағынан бірде-бір аудан Ташкент экономикалық ауданына тең келе алмайды. Ангрен көмір бассейні мемлекеттегі ең ірі көмір кені саналады (көмір қоры көлемін еске түсір). Көмір қатпарлары жер бетіне жақын орналасқан болып, қатпарлар арасында алюминий, цемент пен керамика алуда қолданылатын бентонит көп кездеседі (атластан пайдаланып, қазбалы кендерді анықта). Экономикалық ауданда тек мұнай мен табиғи газ жоқ. Қажет болған мұнай өнімдері теміржол және автомобиль көлігімен, ал газ құбырмен жеткізіліп жатыр (олардың қайdan жеткізуін атластан анықта).



86-сурет. Астанаға тұтас аудандарда ірі қала ықпалының көрінісі.

Халқы. Мемлекеттің халқының дерлік 1/5 бөлігі осы ауданда жасайды.

Ауданда қала халқының салмағы Ташкент қаласының халқын қоспағанда 50 пайызға жетеді. Жалпы халық санындағы енбекке жарамдылардың салмағы бойынша экономикалық аудан бірінші орында тұрады. Сондай-ақ енбекке жарамды халықтың білім дәрежесінің жоғарылығымен де ерекшеленеді. Бұлар бұрыннан жоғары оку орындары, Фылымдар Академиясы, оның көп санды ғылыми-зерттеу институттары Ташкентте (астанада) орналасқанынан абырайлы болып табылады. Бұдан тыс, ғылым мен тәжірибелі талап ететін кәсіпорын мен мекемелердің көптігі де негізгі алғышарттардың бірі болып есептеледі (Ауданда халықтың тығыздығы қанша?).

Шаруашылығы. ХХ ғасырдың басында Ташкент экономикалық ауданы өркендеу тұрғысынан Ферғана алқабынан кейін тұратын еді. Ауданда сан алуан пайдалы қазбалардың табылуы нәтижесінде тау-кен өнеркәсібі пайда болып, ауыр өнеркәсіптің жедел өркендеуіне мүмкіндік пайда болды. Өнеркәсіптің дамығандығы тұрғысынан аудан республикада бірінші орынға шығып алды.

Қазірде экономикалық аудан қожалығы көп тармақты болып, Өзбекстандағы өнеркәсіп тармағының дерлік баршасы бар. Жалпы өнеркәсіп өнімінің 2/3 бөлігі ауыр өнеркәсіпке тұра келеді. Женіл және азық-түлік өнеркәсіптері да дамыған.



Ташкент экономикалық ауданының **дамуына негізгі себептер**: а) ауданның қолайлы экономикалық географиялық орны; б) республика астанасы Ташкенттің осы ауданда екендігі; в) пайдалану қолайлы болған гидроқуат бар екендігі; г) сан алуан пайдалы қазбалар табылып, олардан пайдаланудың жолға қойылуы; д) екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында бұрынғы Одақтың батыс аудандарынан Өзбекстанға көшіріп әкелінген кәсіпорындардың жартысынан көбі Ташкент облысына орналастырылғандығы; е) шеттен білікті мамандардың көптеп жұмылдырылуы және басқалар.

Жанармай-энергетика-химия кешені біршама қуатты. Оның негізін электроэнергетика өнеркәсібі құрайды. Мемлекетте өндірілетін электр энергияның дерлік жартысы осы ауданда өндіріледі. Бұл көрсеткішті аудандарғы үш қуатты ЖЭС және Шыршық-Бозсу гидроэнергетика каскады қамтамасыз етеді. Ташкент ЖЭС-і толық, Ангрен ЖЭС-і жартылай газбен, ал жаңа Ангрен ЖЭС-і жергілікті көмірмен істейді.

Сыртқы экономикалық қызметі. Аудан 100-ден астам алыс және жақын шет мемлекеттерімен сауда байланыстарын жасайды. Шет елге мақта, жібек, мақташылық үшін қажетті машина және жабдықтар, тоқымашылық машиналары, кабель, экскаваторлар, көтермелі крандар, электр энергиясы, қаракөл терілері, түсті металл концентраттары, жіп және жібек маталар, кенеп пен кенеп өнімдері және жеміс жіберіледі. Аудан қажеттілігі үшін ағаш, мұнай өнімдері, табиғи газ, әр түрлі өнеркәсіп өнімдері, машинаның қосалқы бөлшектері, кеңінен тұтыну тауарлары әкелінеді. Ішкі экономикалық байланыстарда автомобиль мен жартылай темір жол көлгінен пайдаланылады.

Көлігі. 1930–1940 жылдардан ауданда автомобиль жолдары пайда болды, асфальт және тас жолдары құрылды. Үлкен Өзбек тракты (700 км) Ташкентті Термізben байланыстырады. Ташкент-Ангрен-Коқан тау жолы қайта құрылып, дүние жүзі талаптары дәрежесіндегі халықаралық жолға айналдырылды. Ташкент-Шыназ-Гүлістан автотрассасы мемлекетте бірінші дәрежелі жол болып саналады. Ташкент-Ангрен, Ташкент-Шарбақ және Мырзашөлді кесіп өткен Ташкент-Сырдания-Жызақ темір жолдарының маңызы ұлken.

1. Ташкенттің экономикалық ауданы халқының саны, орналасуы мен ұлттық құрамына қандай тарихи және географиялық алғышарттар ықпал жасаған?
2. Ташкенттің экономикалық ауданы республиканың индустриялануында қандай рөл атқарғанын түсіндіріп беріңдер.
3. Ташкенттің географиялық орнына тән қолайлықтар қандай алғышарттардың нәтижесі болып табылады?
4. Экономикалық ауданда өнеркәсіптің қай тармақтары дамыған? Себебін түсіндір.





Облыстың географиялық орнын атластан белгілеңдер. Халқының саны мен майданының үлкендігі қосымшадағы I-кестеден анықтаңдар.

Өнеркәсібі. Экономиканың көптеген салаларында шикізат даярлаудан дайын өнім шығаруға дейінгі барша басқыштар облыстың өзінде іске асады.



Өнеркәсіптің негізгі тармақтары: электроэнергетика, қара және тұсті металлургия, машина жасау, химия, құрылых материалдары, жеңіл (мақта тазалау), азық-түлік (87-сурет).

Металлургия кешені де дамыған. Өндірістік байланыстары мен географиялық орналасуына сәйкес Ташкент–Шыршық, Ташкент–Жаңажол, Ангрен–Алмалық өнеркәсіптік аудандары пайда болған. Ангрен–Алмалық өнеркәсіптік ауданында мемлекет тұсті металлургия өнеркәсібі өнімінің негізгі бөлігі даярланады. Мыс рудасының құрамында молибден, алтын және құміс те кездеседі. Бұл жерде Алмалық тау-металлургия комбинаты жұмыс істеп тұр.

Тұсті металлургияның екінші орталығы – Шыршық. Қалада қын еритін және отқа шыдамды қорытпалар комбинаты бар. Комбинаттың өндірістік үдерісі Ингичка, Қойтас және Алмалық руда кендерімен байланысты. Комбинат 100 түрден астам өнім шығаруда.

Бекабад қаласындағы Өзбекстан металлургия зауыты – **қара металлургияның** ірі кәсіпорны. Шикізат орнына темір қалдықтары пайдаланылады.

Машина жасау кешені алғаш агроөндірістік кешені талабымен пайда болған. Бүгінгі таңда машина жасау агроөндірістік кешеніне қызмет етуден тыс, көптеген түрдегі курделі машиналар да шығарылуда. Ауданда жасап шығарылып жатқан әр түрлі жабдықтар мен құрал-саймандар осыларға жатады.

Құрылых материалдары өнеркәсібі облыста құрылых көлемінің үлкендігі мен түрлі шикізат негізінде дамыды. Бекабад, Ангрен және Ахангаранда цемент, Фазалкентте айна мен мәрмәр, сондай-ақ Ахангаранда шифер шығарылып жатыр. Өнеркәсіптің жедел дамуы экологиялық жағдайың нашарлауына себеп болып отыр.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫГЫ

- Кала айналасындағы шаруашылық
- Мақташылық, астық, жібек, бақ шаруашылығы, көкөніс, жеміс-жидек, жүзімшілік, омарта шаруашылығы, ет-сүт шаруашылығы, құс шаруашылығы
- Көкөніс, жібек, бақ шаруашылығы, ет-сүт шаруашылығы, құс шаруашылығы
- Дәнді дақылдар, кей жерлерде техникалық егіндер мен ет-сүт шаруашылығы
- Шөл-жайлау шаруашылығы
- Тау-жайлау шаруашылығы, өзен алқаптарында бактар мен жүзімзарлар
- Корғауға алынған жерлер



ӨНЕРКӘСП САЛАЛАРЫ

- Электрэнергия
- Жанаармай
- Қара металлургия
- Тұсті металлургия
- Машина жасау мен металды кайта өндіу
- Химия мен мұнай-химия
- Орман, ағашты қайта өндіу
- Және целлюлоза-қағаз
- Құрылым материалдары
- Женіл
- Азық-түлік
- Басқа салалар

ҚАЗЫП ШЫҒАРАТЫН ӨНЕРКӘСП

- Қоңыр көмір
- Мыс рудалары
- Алтын
- Экtaş
- Мәрмәр
- Айна, шыны құмдары
- Құм-шагыл материалдары
- Цемент шикізаты

87-сурет. Ташкент облысы.



Ауыл шаруашылығының негізгі тармақтары: мақташылық, астық өсіру, көкөніс, бақ шаруашылығы, ет-сүт шаруашылығы.

Ауыл шаруашылығы көп тармақты болып, көкөніс пен жеміс өсіруде басқа облыстардан алдында тұрады. Жаңажол, Қыбырай, Бостандық, Паркент, Ахангаран, Ташкент және Зенгіата аудандары астанаға тұтас жеке

аймақты құрап, негізінен көкөніс пен жеміс өсіруге маманданған. Оларда мындаған гектар жылыжайлар салынған. Суарылатын жерлерде мақтадан тыс, кенеп пен күріш те өсіріледі. Жалпы, облыстың ауыл шаруашылығы интенсивті жолмен дамып отыр. Өнеркәсіп тораптарының айналасында ет-сүт өндіретін шаруашылық кешендері, құс шаруашылығы өркендеп, жасанды су бассейндерінде балық көбейтілуде. Мақта өсіруге үйлесімді тәрізде жібек құрты бағылады.

Облыста **әлеуметтік сала** да жақсы жолға қойылған. Ташкенттің айналасында «Қыбырай» және «Ташкент минерал сұы» шипажайлары орналасқан. Бостандық ауданының Шарбақ, Шымған және Паркент ауданының Кумушкон аумақтарында да демалыс орындары бар.

Ташкент облысындағы өнеркәсіп орталықтарының көпшілігі астанамен тікелей тығыз байланыста қызмет етеді. **Өндіріс орталықтары** мамандандырылуы бойынша бір-бірінен өзгешеленіп тұратын жеке аймақтарда шоғырланған. Бұлар: Ташкент-Шыршық, Ташкент-Жаңажол және Ангрен-Алмалық өнеркәсіп аудандары болып табылады. Ташкент-Шыршық пен Ташкент-Жаңажол өнеркәсіп аудандарының негізі Ташкент қаласы болып, оның құрамына Шыршық, Жаңажол өнеркәсіп тораптары мен Фазалкент, Піскент, Нурафшон, Шыназ, Келес секілді шағын және орта қалалар кіреді. Ал Ангрен-Алмалық өнеркәсіп ауданының негізін Алмалық пен Ангрен өнеркәсіп тораптары құрайды. Оған Ахангаран, Янгибод секілді қалалар да кіреді. Бекабад өнеркәсіптік торабы бұл екі өнеркәсіп ауданынан біраз шеттеу, облыстың онтүстігінде орналасқан.

Қалалары. Ташкенттен 30 км оңтүстік-шығыста химиктер және машина жасаушылардың қаласы **Шыршық** орналасқан. Қаладағы отқа шыдамды және қатты қорытпалар зауыты металлургия кешенінің маңызды кәсіпорны саналады. Шыршықтан жоғарыда жас **Фазалкент** қаласы бар. Ол – курорт қаласына айналуда.

Ташкенттен 30 км оңтүстік-батыста өндіріс торабы – **Жаңажол** орналасқан. Қаласы көне қыстак (Қауыншы) орнында қалыптасып, жеңіл және азық-түлік өнеркәсібіне маманданды. Өнеркәсіп кәсіпорындарының ішінде мақта тазалау, май, сабын, сүт, вино және консерві зауыттары, ет комбинаты ажыралып тұрады.



88-сурет. Өзбекстан Республикасында Ташкент облысының салмағы (пайыз, 2017 жыл).



89-сурет. Өзбекстандағы алғашқы «Ақылды қала» – Нұрафшан

Ангрен – облыстың маңызды өнеркәсіп торабы. Ангрен темір жол және автомобиль жолы арқылы Ташкентпен байланысқан. Қала 1940 жылдары көмір қазып алатын өнеркәсіп пункті ретінде пайда болған. Бүгінгі таңда Ангрен қаласы кен қазып алуға тиісті кәсіпорындарды біріктірген өнеркәсіп торабына айналды. Қала өнеркәсібінде ЖЭС ерекше орынға ие.

Облыстың екінші өндіріс торабы – **Алмалық**. Бұл қала 1951 жылы түсті металл руда кені негізінде өнеркәсіп пункті ретінде қалыптасты.

Қала өнеркәсібінде толық циклды түсті металлургия комбинаты үлкен маңызға ие. Комбинат қалдығынан (алтынкүрт газы) аммофос зауытында минералдық тыңайтқыш өндіріледі.

Ахангаран өндіріс орталығы Алмалыққа жақын жерде орналасқан. Ахангаранда үлкен цемент зауыты бар. Ангрен сияқты Ахангаран қаласы да көмір қатпарларының үстінде екені белгілі болған соң, қаланың алдыңғы орнынан 15 км алыста алқапты бойлай «Үлкен Ахангаран» қаласы құрылған.

Облыстың оңтүстігінде **Бекабад** қаласы орналасқан. Қала металлургия зауыты және Фархад ГЭС-інің құрылышы кезінде пайда болған. Қазіргі кезде цемент, мақта тазалау және кірпіш зауыттары, ет комбинаты, тас-шағал карьері де бар. Бұл кәсіпорындардың өндіріс үдерісі өзара байланысты. Қала жел күшті есетін жерде орналасқан. Сондықтан қаланы желден сақтайтын ихота ағаштары егілген.

Нұрағион (бұрынғы Тойтөбе) – 2017 жылдан бастап Ташкент облысының әкімшілік орталығы. Оған дейін облыстың әкімшілік орталығы Ташкент қаласы болып саналатын. Нурағшон Өзбекстандағы бірінші «Ақылды қала» болады, онда әкімшілік ғимараттары, заманауи және қолайлы мекен жайлар, бизнес орталықтары, қонақ үйлер, спорт кешендері, көп тармақты емхана құрылады (89-сурет). Ташкент пен Нурағшондың жүрдек автомобиль жолы байланыстырады.


1. Ташкенттен Бекабадқа баратын ең қысқа автомобиль жолын картадан тап.
2. 87-суреттөн Ташкент облысындағы бақ және жүзімдіктердің қалай орналасқанын анықтап, бұлайша орналасуының себептерін түсіндіріп бер.
3. Облыс ауыл шаруашылығының көп тармақтылығы қандай алғышарттардың нәтижесі екендігін ойлап көрші.
4. Жаңажол өнеркәсіп торабын Ангрен, Алмалық өнеркәсібі тораптарымен салыстырып, ең маңызды айырмашылықтарын көрсет.



ТАШКЕНТ ҚАЛАСЫ

Ташкент – Өзбекстанның астанасы, Орталық Азиядағы ең ірі саяси-экономикалық және мәдени орталық болып, онда 2,5 млн-ға жуық адам жасайды. Бүгінгі күнде Ташкент тек стратегиялық халықаралық беделі бар саяси орталық қана емес, сонымен бірге Орталық Азияның ірі көлік торабындағы маңызды экономикалық мегаполис болып табылады (90-сурет).

Өзбекстан Президентінің сарайы, Өзбекстан Республикасының Олий Мәжілісі, Министрлер Кабинеті, сондай-ақ шетел елшіліктері, БҮҰ және



90-сурет. Ташкент қаласының жоспары.

оның құрамындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктері Ташкентте орналасқан. Қала шығыстық сәулеткерлік үлгі бойынша қайта құрылып жатыр.



Ташкент қаласы мемлекет экономикасының түрлі салаларында жетекші орынға ие. Атап айтқанда, республикада өндіріліп жатқан жалпы ішкі өнімнің ең үлкен бөлігі астананың үлесіне тұра келеді.

Астана экономикасының жетекші тармағы саналған өнеркәсіптің орны әдеттегідей салмақты болып отыр. Өнеркәсіп көсіпорындары үлкен қуатқа ие болумен қатар өндіріс технологиясы да жоғары.

Қала энергетикасы Шыршық-Бозсу гидроэлектростанциялар жүйесі мен Ташкент ЖЭС-іне сүйенеді. Олар мемлекеттегі бірыңғай энергетика жүйесіне жалғанған.

Ташкент маңызды көлік торабы болып табылады. Орталық Азия мемлекеттерін басқа мемлекеттермен байланыстыратын темір жол, автомобиль жолдары Ташкент арқылы өтеді. Қала айналасындағы аудандармен электропойыз арқылы да байланысқан. Ташкент әуе жолы арқылы шет мемлекеттердің 40-тан астам қалаларымен байланысқан. Қалада 2 темір жол вокзалы, 3 әуежай және метрополитен бар (91-сурет). Жалпы ұзындығы 36 км-ден артық болған метрополитен арқылы жылына 60 млн-нан астам жолаушы тасымалданады.



91-сурет. Ташкент метрополитені.

Ташкент – бүкіл Орталық Азияда ең ірі ғылыми-мәдени орталық болып саналады. Ташкентте Өзбекстан Фылымдар академиясы, ондаған ғылыми-зерттеу институттары, көптеген жоғары оқу орындары бар. Қалада заманауи мектеп, академиялық лицей мен кәсіптік-мамандық колледждері, көптеген театр мен концерт залдары, цирк, заманауи стадион және басқалар бар. Ташкенттің ықпалымен, астанаға тұтасқан аудандарда **урбанизация** үдерісі жеделдеп отыр.




Урбанизация – қалалар мен қала халқының өсуі, мемлекет өмірінде қалалар рөлінің күшеюі.

Қазірде қала ауданы 330 шаршы км-ден артып, Ташкент автомобиль айналма жолынан сырттағы аумақтарды да қамтып отыр.

Астананың экономикалық және әлеуметтік ықпалының негізінде одан





92-сурет. Таишкент агломерациясы.

60–70 км радиустағы аумақ бойымен 10 қала және ондаған қалашықтардан күралған **Ташкент агломерациясы** пайда болған (92-сурет).



Агломерация – қалалардың ірі қала айналасында шоғырлануы.

Бұл тұрғын мекенжайлары негізінен Шарбақтан Сырдарияға дейінгі болған аралықтағы жолдар тәңірегінде орналасқан. Олар Ташкенттің өркендеуін реттеу үшін маңызды қолайлықтар туғызады.

Қазіргі уақытта мемлекеттің астанасында жаңа және заманауи «Tashkent City» кешені құрылуда. Құрылыш үдерісіне жергілікті және шетелдік экспертер жұмылдырылған.

«Tashkent Sity» құрылышы үдерісінде бизнес өкілдері үшін қолайлық жаралу мақсатында барша жағдайлар жаратылуда (93-сурет). Жасыл аумақтардан бастап заманауи дизайн және көрініске де көңіл бөлінуде. Жерлерде арнайы майданшалар мен келушілер үшін демалу орындары құрылуда. Осы жердің өзінде де бизнес қызметімен шұғылданып, демалуга болады. Кәсіпкерлікті дамыту үшін барша жағдайлар бар.

Қабырға мен ғимараттардың жер сілкінісіне шыдамдылығы үшін, Сан-Франциско, Істанбул және Токио сияқты қалалар тәжірибесі үйренілді. Өзбекстан сейсмологиялық аумақта орналасқандығы белгілі. Соның



93-сурет. «Tashkent City».

үшін де мамандар қауіпсіздік және ғимараттардың бекемдігіне жеке мән беруде. Соның ішінде, әрбір бұрыш пен деталдар тәжірибелі архитектор және дизайннерлер тараапынан үйренілуде.

Конгресс-хол, қонақ үй мен жерасты автомобиль тұрғының құрылышы да жоспарланған. Конгресс-холдың жалпы майданы 33 мың м². Бұл ғимарат шетел мемлекеттері басшылары мен жоғары мәртебелі қонақтардың кездесулері үшін қызмет етеді.

«Tashkent Sity» қонақ үй туралы да ұмытқан жоқ. Бұл кешенде дүниеге атақты болған қонақ үйлердің бірі ашылады.

Қазіргі уақытта бұл кешенде «Hilton Hotels & Resorts» қонақ үйінің құрылышы бойынша келіссөздер жүргізілуде. Мәлімет үшін, бірінші «Hilton Hotels & Resorts» қонақ үйі 1919 жылы АҚШ-тың Техас штатында құрылған еді. Қазіргі кезде бұл бренд бойынша дүниенің 103 мемлекетінде 5 мыңнан астам қонақ үйлер қызмет көрсетуде.

Соны атап өту қажет, яғни «Tashkent Sityde» конгресс-хол және басқа ғимараттардың құрылышы мемлекеттік шетел инвестициясын алып кіруге көмектеседі, себебі жерлерде бизнесті дамыту үшін барша жағдайлар жаратылуда.

1. Ташкент қаласының жоспарымен танысып, микро, мезо және макро географиялық орнының шекараларын белгілеңдер.
2. Шыршық өзені мен Ташикент қаласы ішінен өткен анхар каналының астана экономикалық және әлеуметтік дамуындағы маңызын сипаттап бер.
3. 90-суреттен Ташикент қаласында қандай мәдени ескерткіштер, мұражайлар, музей, театр және саябактар бар екенін белгіле.



Оқулық қосымшасындағы 1-кестеден аудан халқының санын және ауданын анықта.

Экономикалық орны және табиги байлықтары.

Мырзашөл экономикалық ауданы Сырдария мен Жызақ облыстарынан құралған.

Аудан аумағы өркендеген Ташкент және Зарафшан экономикалық аудандарымен шектесіп тұрады. Ауданың экономикалық орнын қолайлы деуге болады. Экономикалық географиялық орнының қолайлылығы ауданың көлік-географиялық жағдайында да айқын көзге түседі.

70-суреттөн темір жол, автокөлік жолы және құбыр көлігі қайсы аумақтардан өткенін қарап шық.

Ауданды, негізінен Сырдария мен Сангзар өзендері сүмен қамтамасыз етеді. Жазықтық заманауи көлік және иригация құрылымдарымен тығыз қамтылған. Ауданда анықталған вольфрам, қорғасын, мырыш, мыс, боксит және алтын кендері өнеркәсіпте өте маңызды. Құрылышқа қажетті шағыл, құм, гипс және әктас көп.


Көбінесе Арктиканың сүйк ауасы солтүстіктен аудан аумағына кіріп келіп, кейде өте сүйк болады. Сол кезде жеміс ағаштары қатты зақымданады. Ал Фергана алқабынан есетін күшті желден топырақтың ылғалы қашып, егіндер қурайды және өнімділік төмендейді.

Халқы. Бұл жердің халқы, негізінен басқа жерлерден жоспар бойынша көшіріп әкелінген. Аудан халқының жалпы саны бойынша мемлекеттің экономикалық географиялық аудандарының арасында ең соңғы орында тұрады. Аумақтың жаңа игеріліп жатқаны қала мен қыстақтардың географиялық орналасуы, көлемі және халықтың ұлттық құрамынан айқын байқалады.

Халық мекенжайлары, негізінен ұлken жолдың бойларында орналасқан. Халықтың 45 пайыздан астамы қалаларда жасайды.

Ауданға Ташкент және Самарқант қалаларының жоғары оқу орындары да мамандар дайындал беруде. Бірақ ауданың даму болашақтарын көздең, бұл жерге Зарафшан, Фергана, Ташкент секілді экономикалық аудандардан білікті мамандарды жұмылдыру жөн болар еді.

Шаруашылығы мен оның аумақтық құрылымы. Мырзашөлдің игерілуі негізінен, XX ғасырдың 50-60-жылдарына тұра келеді. Жаңа жерлерді игеру суару құрылымдарын, жолдарды, электр берілу тармақтарын,



мәдени-тұрмыстық мекемелерді біржолата құру әдісінде жүргізілді. Жаңа жерлерді игерудің бұл әдісі шетелде де кеңінен қолданылуда.



Мырзашөл экономикалық ауданы мемлекетте өндірілетін **мақтаниң** жалпы өнімінің $\frac{1}{4}$ бөлігін береді. Ауданда агроенеркесіп кешені жоғары дәрежеде дамыған. Жалпы егін ауданының 45 пайзына мақта, дерлік сонша майданға дәнді дақылдары егіліп жатыр.

Бақша шаруашылығы дұрыс жолға қойылған. Мырзашөл қауындары Өзбекстаннан сыртта да әйгілі (94-сурет).

Шаруашылықта қаракөл қойларының салмағы үлкен. Қаракөл қойлары ауданының солтүстік батысындағы шөл жайлауларында бағылады. Шаруашылықтың одан әрі дамуы жем-шөп егіндері, әсіресе, жонышқа мен жүгерінің майданының кеңеюіне байланысты. Дәнді дақылдар өсірілетін жерлерде құс шаруашылығы дамыған.



94-сурет. Мырзашөл қауындары.

Мың қм-ден асады, содан 10 мың қм-ге жуығы қатты қапталған жолдар болып табылады. Үлкен Өзбек трактының экономикалық аудан аумағынан өтуі оның дамуына сезілерлі дәрежеде ықпал етеді.

Темір жол аумақты бойлай үшбұрыш пішінінде құрылған. Үшбұрыштың Жызақ, Сырдария және Хавас нүктelerінен жолдар басқа облыстарға таралып кеткен. Аумақты бойлай магистральдық газ құбырлары кесіп өткен. Жоғары кернеулі электр тармақтары аумақты қаптаған (*картадан негізгі жолдарды анықта*).

1. Экономикалық ауданының географиялық орны мен табиғи жағдайына тән ерекшеліктердің экономикалық маңызын түсіндіріп бер.
2. Экономикалық ауданының аумағы таяуда игерілгендейгін неден білуге болады? Мысалдар келтір.
3. Аудан шенберінде және оның басқа аудандармен байланысында қандай көліктен пайдаланылады? Себебін түсіндір.





1-Косымшадағы 1-кестеден облыс халқының саны мен ауданын анықта.

Сырдария облысы Мырзашөлдің игерілген бөлігін өз ішіне алады. Облыста диқаншылықта жарамды жерлер көп. Бірақ табиғатының колайсыздығынаң диқаншылықта көп еңбек, қаржы жұмсауға тұра келеді. Табиғат қолайсыздықтарын жоюға ихота ағаштарын егу, жер асты суларын жыраларды қазып ағызы және топырақты жуып тұру талап етіледі.

Сырдария облысында мемлекет **халқының** 2,5 пайызы жасайды. Халық бүтіндегі суарылатын аумақтарда орналасқан. Жаңа жерлерді игеру мақсатында басқа облыстардан жұмысшы күштері жұмылдырылған. Қазіргі күнде облыс өзінің жұмысшы күштерімен белгілі дәрежеде қамтамасыз етілген.



Ауыл шаруашылығының негізгі тармақтары: мақташылық, астық, бақша егіндерін өсіру, ет-сүт шаруашылығы. **Өнеркәсіптің негізгі тармақтары:** электроэнергетика, жеңіл (мақта тазалау), азық-түлік, ұн-жарма (95-сурет).

Облыстың шаруашылық негізін ауыл шаруашылығы құрайды.



95-сурет. Сырдария облысы.



96-сурет. Өзбекстан Республикасында Сырдария облысының салмағы (пайыз, 2017-жыл).

Қалалары. Облыста 5 қала бар. **Гүлістан** – облыстың әкімшілік орталығы. Қала темір жол мен магистральдық автокөлік жолының үстінде орналасқан. Ол қала мәртебесін алғанына жарты ғасырдан асты. Қалада мақта тазалау, май-экстракция, наан зауыттары және элеватор жұмыс істейді. Қалада университет, бірнеше академиялық лицей мен кәсіптік-мамандық колледждері мен басқа мәдени-тұрмыстық мекемелер бар.

Янгиер 1957 жылы құрылған. Қалада қышты құбырлар мен жоғары қысымға шыдамды құбырлар шығаратын зауыт, темір-бетон бүйымдары комбинаты бар. Комбинат электр мачталары, бетон тарнаулары (лоток) мен оның астына қойылатын тұғырлар шығарады. Қаланың географиялық орнына сай қолайсыздықтар оның дамуына көрі ықпал жасап отыр.

1. Картадан Сырдария облысының шекараларын көрсет, оның табиғи жағдайына тән ерекшеліктерді айтып бер.
2. Облыс шаруашылығына тән ерекшеліктерді айтып бер.
3. Облыс қалаларының құрылудың қандай алғышарттар маңызды рөл атқарғанын түсіндір.
4. Ауданыңдан Сырдария облысының орталығына баратын ең қысқа жолды анықта.

Егістік аудандарының көлемі бойынша облыс республикада алдыңғы орында тұрады. Егін далаларының дерлік жартысына мақта егіледі. Одан кейінгі орындарда астық, жем-шөп және бақша егіндері тұрады.

Гүлістан мен Хавас аудандарында көкөніс пен бақша егіндері егіледі. Бау-бақша және жузім шаруашылығы да дамыған.

Облыста **өнеркәсіп** салмағы бойынша ауыл шаруашылығынан кейін тұрады (96-сурет). Бүгінгі күнде 80-нен астам өнеркәсіп кәсіпорны бар. Облыс өнеркәсібінің негізін электр энергия өндірісі құрайды.


Шірін қаласындағы Сырдария ЖЭС-і, Гүлістандағы май-экстракциясы зауыты, Янгиер қаласындағы құрылудың материалдары мен конструкциялары комбинаты және облыс мақта тазалау зауыттары ірі өнеркәсіп кәсіпорындары болып саналады. Облыста ондаған біріккен кәсіпорындар қызмет атқарады.



Қосымшадағы 1-кестеден облыстың ауданы, халқының саны мен халқының орташа тығыздығын анықта.

Жызак облысы Мырзашөл экономикалық ауданының оңтүстік батысында орналасқан. Облыстың аумағы Зангзор өзені және Оңтүстік Мырзашөл каналының суымен суарылады. Оның аумағы солтүстік жақта еңкіш болғандығынан жасанды суару үшін қолайлы (97-сурет).

Облыс аумағынан көп тармақты шаруашылыққа негіз болатын алуан түрлі табиғи байлықтар табылған. Түркістан тау тізбегінің солтүстік баурайында Замин тау-орман қорығы құрылған. Бұл жерде тау өсімдігі мен жануарлар әлемінің дамуы бойынша зерттеулер



97-сурет. Жызак облысы.



98-сурет. «Замин» санаториясы

жүргізіледі. Бұл шырайлы аймақта демалыс орны – Замин шипажайы құрылған (98-сурет).

Жызақ облысында Замин ұлттық халық саябағы құрылған. Ұлттық бақ демалыс орны қызметін атқарады, әрі бақта өнеркәсіптің табиғи ортаға ықпалы зерттеледі. Фаллаарал аумағында шипалы су, ал Балықшы көлінде шипалы балшық көп. Үшқұлаш кенінен полиметалл рудасы, Маржанбұлақ кенінен алтын, Ақтас, Қаратас және Ұзын кендерінен мәрмәр қазып алынады.

Халқы. Жызақ облысында халықтың 4 пайызы шоғырланған. Халықтың дерлік жартысы қалаларда жасайды. Облыс халқының 81 пайызынан астамын өзбектер құрайды.



Өнеркәсіптің негізгі тармақтары: түсті металлургия, машина жасау, химия, құрылыш материалдары, женіл, азық-түлік.

Ауыл шаруашылығының негізгі тармақтары: мақташылық, астық, көкөніс, бақ шаруашылығы, ет-сүт шаруашылығы.

Облыс өзінің жанармай энергетикасы кешеніне ие емес. Оған табиғи газ Бұхара облысынан, ал электр қуаты Сырдария облысынан келеді. Тау-кен қазып алу өнеркәсібі Қойтаста дамыған. Солтүстік Нұратта тауларында вольфрам-молибден кендері істейді. Қазып алынатын рудалар Шыршықтағы еруі киын болған және ыстыққа төзімді қорытпалар комбинатының негізгі шикізаты саналады. Жызақта аккумулятор зауыты, трикотаж фабрикасы, полиэтилен жасап

шығаратын және құрылым материалдары зауыттары бар. Шетелдік фирмалар мен 20-ға жуық бірлескен кәсіпорындар құрылған. Өнеркәсіп өнімінің негізгі үлесі жеңіл өнеркәсіпте өндіріледі.

Ауыл шаруашылығы. Облыс аумағында ауыл шаруашылығы егіндері егілетін 1,2 млн. гектар жер бар. Оның 1/3 бөлігінен диқаншылықта пайдаланылады. Облыста мақтамен қатар астық та үлкен салмаққа ие (99-сурет). Астық ауданының көлемі жағынан Жызақ облысы мемлекетімізде алдыңғы орында тұрады. Тәуелсіздіктен алдын 210 мың тонна мақта, 80 мың тонна астық жетілдірген болса, қөазір бұл көрсеткіш бірнеше есеге асты.

Облыста жайлау шаруашылығы, астық аудандарында құс шаруашылығы кең дамыған. Жызақта карабайыр тұқымды жылқы бағылатын арнаулы жылқы зауыты бар. Жызақ темір жол, автокөлік жолдарымен жақсы қамтамасыз етілген. Өндірістік ерекшеліктеріне сәйкес автокөлік жолдарының құрылышына ерекше мән беріліп жатыр.

Қалалары. Жызақ қаласы облыстың әкімшілік орталығы болып табылады. Ол теңіз деңгейінен 450 м биіктікте, Зангзор өзенінің жағалауында құрылған. Ташкент – Самарқант темір жолы және Үлкен Өзбек тракты қала маңынан өтеді.

Жызақта XX ғасырдың басында диірмен, жуазханалар, теміршілік және қыш-құмыра жасау кәсіпорындары болған. Бұғынгі таңда қалада азық-түлік, жеңіл және химия мен машина жасау өнеркәсіп кәсіпорындары бар. Жызақ – көркейтілген, көгалдандырылған қала. Жызақ мемлекеттік педагогика институты, Жызақ политехника институты, бірнеше академиялық лицей және кәсіптік-мамандық колледждері, көптеген мектептер жұмыс істейді.

1. Жызақ облысының географиялық орны мен табиги жағдайында қандай байланыс бар?
2. Облыс шаруашылығына тән ерекшеліктерді атап өтіп, себебін сипаттап бер.
3. Жызаққа бару үшін қайсы халық пункттерінен өтуінді айтып бер.
4. Сендерге қайсы өзен яки каналдан су келеді?



99-súwret. Özbekstan Respublikasında Jizzax wálayatını salmaǵı (procent, 2017-jıl).



ФЕРГАНА ЭКОНОМИКАЛЫҚ АУДАНЫ



Экономикалық орны мен табиғи байлықтары.

Фергана экономикалық ауданы әкімшілік жағынан Әндіжан, Наманган және Фергана облыстарынан құралған. Бұл экономикалық аудан республика аумағының 4 пайызынан астамын алғып жатса да, онда Өзбекстан халқының 1/3 бөлігі жасайды. Аудан аумағы барлық жақтан таулармен оралған.

Пайдалы қазбалардың негізгі бөлігі тауларда шоғырланған. Тау араларында Шахимардан, Нанай, Кувасай және Касансай секілді көркем алқаптар бар. Бұл жерлерде демалу үйлері, шипажайлар және басқа саябақтар құрылған. Экономикалық ауданның ең төмен жерінен Сырдария ағып өтеді. Халықтың мың жылдардан бері қолдан суарылатын диқаншылықпен шұғылдануынан топырақ пен өсімдік дүниесі мәдениеттенген.

Оның аумағында мұнай, газ, құкірт, қалайы, алтын, мырыш, марганец, отқа шыдамды саз, әр түрлі құрылым материалдары, шипалы сулар табылған. Кендерді іске қосу қолайлы. Ұлы Жібек жолы өткен дәуірлерде ауыл шаруашылығы, сауда, қолөнершілік жақсы дамыған. XIX ғасырда темір жол құрылды. Тәуелсіздік жылдарында экономикалық ауданды мемлекеттің басқа аумақтарымен байланыстыратын «Ангрен-Пап» темір жолы құрылды. Бұлар оның географиялық орнын жақсартады.

Халқы. Аудан халқының саны, тығыздығы және жұмысшы күштерінің салмағы жағынан мемлекеттің географиялық аудандары арасында бірінші орында тұрады. Халық, негізінен табиғи көбеюдің есебіне көбеюде. Халықтың тез көбеюі мен жаңа игерілетін аудандардың шектелгенінен жұмысшы күшінің артықшылығы қүшейіп баруда. Мұны жою үшін әлеуметтік сала кәсіпорындарын көбейту, көп еңбекті талап ететін өндірісті одан әрі дамыту керек. Бұл жерде ірі қала мен қалашықтар, қыстактар көп. Жұмысшы күшінің құрамында кадрлар салмағы басқа аудандарға қарағанда көп. Халық Орталық Ферганада да сирек орналасқан. Ауданда урбанизация дәрежесі жоғары, халықтың 58 пайызы қалаларда жасайды.

Шаруашылығы және оның аумақтық құрылуды. Фергананың аумақтық өндірістік кешені жоғары дәрежеде жетілдірілген. Ол өткен ғасырдың бас кезінде де басқа аудандардан осы жағымен өзгешеленетін.

Ауыл шаруашылығы басқа аудандардан жоғары интенсивтігімен

ерекшеленеді. Аудан мемлекетте өсірілетін мақтаның дерлік 25 пайызын беріп отыр. Тау аралықтары мен баурайлары техникадан пайдалануды шектейді. Сол үшін бұл жерлерде жеміс ағаштары өсіріледі (100-сурет). Қалалардың айналасында жеміс ағаштары мен жұзімдіктер, көкөніс, картоп, бақша егіндері кең таралған.

Мал шаруашылығы негізінен – ет-сүтті өндіруге маманданған. Аудан мемлекеттің жібек құрты базаларының бірі. Аудан Өзбекстанда өндірілетін жібек құртының 45 пайызына жуығын береді.

Өнеркәсібі. Тәуелсіздік дәүірінде пайдалы қазбалар мен ауыл шаруашылығы шикізатының негізінде көптеген жаңа өнеркәсіп салалары пайда болды. Аудан жанармай-энергетика кешенінің өз байлықтары салмағы кіші. Газ басқа экономикалық аудандардан жеткізіледі. Қувасай ЖЭС-і, Фердана, Әндіжан және Наманган ЖЭС-тері, Шахрихан және Намангансай гидроэлектрстанциялары бүкіл аудан үшін істесе де, бірақ ауданының электр қуатына болған талабын қанагаттандыра алмайды. Аталмыш мәселенің шешімі ретінде қуаты 900 мегавольт болған Төреқорған ЖЭС құру жоспарланып отыр. Бұл үлкен нысанның іске қосылуы Фердана экономикалық ауданының электр энергияға болған қажеттілігін толық қамтамасыз ету мүмкіншілігін беріп қана қоймай, ауданың келешектегі дамуында үлкен орын алады.

Асака, Коқан, Наманган, Фердана машина жасау өнеркәсібінің ірі орталықтары болып саналады. Фердана АӨК-де **құрылыс материалдары** **өнеркәсібі** де дамыған. Қувасай цемент зауыты, Әндіжан, Фердана, Коқан және Қувасай қалаларында үй құрылымы комбинаттары, темір-бетон конструкцияларының зауыты жұмыс істейді. Женіл және азық-түлік өнеркәсіппері негізгі мамандық салалары болып саналады. Аудан былғары аяқ киімдері, өсімдік майын шығару бойынша мемлекеттегі басқа экономикалық аудандардан алдында тұрады.

Көлігі. Аудан темір жол, автокөлік және әуежай көлігімен жеткілікті дәрежеде қамтылған. Темір жол алқап бойымен айналма түрде өткізілген. Ауданының темір жолмен қамтамасыз етілу дәрежесі мемлекеттің орташа көрсеткішінен 2 есе жоғары тұрады. Аудан басқа экономикалық аудандармен Тәжікстан аумағындағы «Хожент қақпасынан» өткін темір және автомобиль жолдары және Қамшық асуы арқылы байланысқан. Аудан шенберінде автокөлік маңызды рөл атқарады.



100-сурет. Әндіжан облысындағы бақтар.

Сыртқы экономикалық қызметі. Аудан сыртқа мақта талшығы мен мақта майы, кептірілген жеміс, консервілер, жіп-маталар, машиналар, минералды тыңайтқыштар, цемент, шифер, шыны, саз балшықты заттар және басқа өнімдерді шығарады. Ауданға көмір, астық, ағаш-тақта, тыңайтқыш, тоқымашылық өнімдері, машиналар, құрал-жабдықтар және мәдени тауарлар жеткізіледі.

Экономикалық географиялық ауданның әкімшілік облыстары аумақтық-өндірістік кешендері, шаруашылық тармақтары мен табиғи және экономикалық мүмкіндіктері түрғысынан бір-бірінен өзгешеленеді.

- 
1. Экономикалық географиялық ауданның географиялық орны мен табиғи жағдайындағы ерекшеліктер оның шаруашылығында қандай маңызы бар?
 2. Қала мен қыстақтардың пайда болуы және аумақтық орналасуы қандай алғышарттардың нәтижесі екенін ойлап көрші.
 3. Ишкі және сыртқы байланыстар қандай көлік арқылы жүзеге асырылады? Неге солай? Себебін түсіндір.

46-сабак



Әндіжан облысы

Қосымша дағы 1-кестеден облыс халқының саны мен ауданын анықтаңдар. Әндіжан облысы мемлекеттің ең шығыста орналасқан облысы болып табылады. Облыстың батысы жазықтық, шығысы қыр-адырлардан құралған болып, тау тізбектеріне тұтасқан.



Ауыл шаруашылығының негізгі тармақтары: мақташылық, астық, көкөніс, бақ шаруашылығы, жүзім шаруашылығы, ет-сүт шаруашылығы, жібек өндіру. **Өнеркәсіптің негізгі тармақтары:** машина жасау, автокөлік жасау, женіл өнеркәсіп, азық-түлік өнеркәсібі.

Облыстың **ауыл шаруашылығы** дамыған (101-сурет). Игерілетін жерлер дерлік қалмаған. Мақтаның жалпы өнімі тек өнімділікті көтеру есебінен арттырылып жатыр. Көкөніс, картоп және бақша егіндері, негізінен қалалардың айналасында өсіріледі. Ауыл шаруашылығында бақ шаруашылығы кең орын алады. Бақ пен жүзімдіктер адырлардың есебінен кеңеюде. Маманданған бақ шаруашылықтары бар.

Мал шаруашылығында қой мен ешкілердің салмағы үлкен. Қара, негізінен сүт пен жүзімдіктер адырлардың есебінен кеңеюде. Маманданған бақ шаруашылықтары бар.

Облыста **өнеркәсіп** те жоғары дәрежеде дамыған болып, онда 160-тан астам өнеркәсіп кәсіпорындары бар. Кәсіпорындардың арасында Асака автокөлік зауыты, Әндіжан автокөлік орындықтары зауыты, ирригациялық машина



жасау зауыты, «Семург» трикотаж акционерлік бірлестігі ірі кәсіпорын болып саналады. Кәсіпорындар, негізінен Әндіжан өнеркәсіп торабында орналасқан. Облыс электр энергияны экономикалық географиялық ауданың біріккен энергетика жүйесінен алады. Кампирравот су қоймасында қуаты 100 мың киловатты ГЭС құрылған.

Әндіжан мемлекетте алғаш рет мұнай алынған орталықтардың бірі. Мұнай құбыр арқылы Фергана облысындағы мұнайды қайта өңдеу зауыттарына жіберіледі. Хожаабадта мемлекеттік майдандар енімдердің өндірісінде маңызды орналасқан. Оңдағы газдан Әндіжан мен Асака қалаларына да жеткізіп беріледі (102-сурет).

Қалалары. **Әндіжан** қолдан суарылатын диқаншылық орталығында орналасқан. Мұнай, газ және құрылымдары көндөрі қалаға жақын. Қалада ауыр, женіл және азық-түлік



101-сурет. Өзбекстан Республикасында Әндіжан облысының салмағы (пайыз, 2017-жыл).



102-сурет. Әндіжан облысы.



103-сурет. Асакадағы автомобиль зауытының өнімдері.

өнеркәсібіне тиісті 40-қа жуық кәсіпорын жұмыс істейді. Олардан мақта зауыты, тоқымашылық және трикотаж фабрикалары мемлекет қолеміндегі ірі кәсіпорындар болып саналады. Жібек тоқу кәсіпорындары облыс жібек құрты шаруашылықтары тарарапынан пілләмен қамтамасыз етіп тұрылады. Қалада Әндіжан мемлекеттік университетті, медицина, ауыл шаруашылық, машина жасау институттары бар. Көптеген театрлар, кітапханалар, спорт алаңдары, саябақ және ботаника бақтары бар. Бабырлар дәуірінде де Әндіжанның шаруашылығы, ғылым-ағартуы мен мәдениеті өз дәуіріне қарағанда өркендерген қала болған. Бабыр бұл жөнінде «Бабырнаме» шығармасында жазып қалдырған.

Асака – мемлекеттің автокөлік жасау орталығы. Зауытта «Lacetti», «Chevrolet Tracker», «Chevrolet Captiva», «Malibu», «Kobolt» маркалы жаңа автокөліктерді жасап шығару да жолға қойылған. (103-сурет). Асака қаласы Шахрихансай өзені агатын тау етегінде орналасқан. Қаланы мақта далалары, бақтар, жүзімдіктер орап алған. Қалада автомобиль зауытынан тыс мақта-май зауыттары, жеңіл және азық-түлік өнеркәсібінің басқа кәсіпорындары, шыны және оттегі зауыттары, құрылыш материалдарын шығаратын кәсіпорындар бар. Көптеген мәдени-ағарту мекемелері жұмыс істейді. Қала Әндіжан, Ферғана және Марғылан бағытындағы жолдардың бойында орналасқан.

1. Облыстың географиялық орны мен табиғи жағдайлары шаруашылық үшін қандай мүмкіндіктер жасаудың айтып беріңдер.
2. Облыстың ауыл шаруашылығында қандай өзгерістер болды?
3. Облыс шаруашылығын одан әрі дамыту үшін не істеу қажет?

47-сабак



ФЕРГАНА ОБЛЫСЫ

Қосымшаадагы 1-кестеден облыс халқының саны мен ауданын анықтап, халқының орташа тығыздығын тап.

Облысқа алқаптың жазықтық бөлігі, Алай мен Түркістан тау тізбектерінің баурайлары кіреді. Исфайрам, Шахимардан, Сох, Исфара өзендерінің диқаншылықта маңызы үлкен. Нарын мен Қарадариядан бірнеше суару





104-сурет. Ферганы облысы.

каналдары шығарылған (оларды оқу атласынан қараңдар). Облыс жалпы өнеркәсіп өніміне қарай тек Ташкент облысынан кейін тұрады.



Ауыл шаруашылығының негізгі тармақтары: астық, мақташылық, бақ шаруашылығы, жүзім шаруашылығы, ет-сүт шаруашылығы, құс шаруашылығы, жібек өндіру. **Өнеркәсіптің негізгі тармақтары:** электрэнергетика, химия, мұнайды қайта өндеу, құрылым материалдары, жеңіл өнеркәсіп және азық-түлік өнеркәсібі (104-сурет).

Фергана облысының **ауыл шаруашылығы** мақта мен астық өсіру және жібек шаруашылығына маманданған. Егін майданының негізгі бөлігіне мақта мен бидай егіледі (105-сурет). Бидай мен арпа қолдан суарылмайтын жерлерде, ал күріш шалшықтанған жерлерде өсіріледі. Жүгері, ақ жүгері және жоңышқа барлық аудандарда мақтамен алмасып егіледі. Бақ шаруашылығы, жүзім шаруашылығы үшін облыста жағдай қолайлы. Облыс анары және өнжірімен әйгілі. Фергана облысында жайлайлар Әндіжан облысына қарағанда едәуір көп. Мал шаруашылығы, негізінен қой мен ешкілерден тұрады. Облыс мемлекетте өсірілетін пілләнің 20 пайызға жуығын береді.



105-сурет. Өзбекстан Республикасында Ферганада облысының салмағы (пайыз, 2017-жыл).

тракторлар, мақта шаруашылығы үшін қажетті машиналар, астық, ұн, қант, кең көлданылатын тұтыну тауарлары жеткізіледі.

Қалалары. Облыста 9 қала бар. **Фергана** – маңызды өнеркәсіп, көлік және мәдениет орталығы. Қала сумен жақсы қамтамасыз етілген, жазы салқындау. Қалада екі ЖЭО жұмыс істейді. Экономикалық ауданың біріккен энергетика жүйесі осы ЖЭО-лар негізінде қалыптасқан. Қалада Фергана мемлекеттік университет, политехника институты, Ташкент ақпарат технологиялары университеті, Ташкент медицина академиясы мен Өзбекстан мемлекеттік өнер және мәдениет институттарының филиалдары істейді. Жібек шаруашылығының ғылыми-зерттеу институты бар. Мәдениет және саябақтар, субұрқақтар, сая жолдар, салқын алаңдар қалаға өзгеше көрік береді. Ұлы астроном, математик және географ Ахмет әл-Фергани осы жерде дүниеге келген.

Марғылан жібек (атлас) өндірудің орталығы ретінде ертеден даңқы шыққан қала. Қалада мақта, көн зауыты, жібек өндіретін кәсіпорындар бар. Марғыландықтардың тоқымашылық тәжірибелері жоғары дәрежеде жетілді және кеңейді. Марғылан жібек комбинаты – мемлекеттегі ең ірі тоқымашылық

Өнеркәсібі көп тармақты болып, онда ауыр өнеркәсіптің салмағы анағұрлым үлкен. Мұнайды қайта өндедеу, химия мен энергетика өнеркәсібі экономикалық аудандаған емес, республикада да ерекшеленіп тұрады. Мұнайды қайта өндейтін 2 зауыт бар, бірі Ферганада, екіншісі Алтыарықта орналасқан. Машина жасау, металл өндіру және құрылым материалдарын шыгаратын тармақтары қажетті маңызға ие. Женіл және азық-түлік өнеркәсібі ауыл шаруашылық тармақтары негізінде пайда болған. Өнеркәсіп кәсіпорындары Ферғана-Марғылан өнеркәсіп ауданы мен Коқан, Қувасай өнеркәсіп тораптарында шоғырланған.

Көлігі. Облыс темір жол және автокөлік жолдарымен жақсы қамтамасыз етілген. Облыстан мақта талшығы мен мақта майы, жібек, жіп-мата, трикотаж тауарлары, кептірілген жеміс, жеміс консервілері, минералдық тыңайтқыш пен цемент жөнелтіледі. Тақта-ағаш, әр түрлі жабдықтар,

кәсіпорындардың бірі. Комбинат қазіргі күнде ірі оқу орталығы. Онда Жібек өнеркәсібінің ғылыми-зерттеу институты да қызмет етеді. Атақты құқықтануғалымы Бурханиддин Маргиони де осы жерде туылған.

Қоқан Фергана облысының батысында, көлік жолдары үстінде орналасқан. Одан Ташкент, Наманган және Фергана жақтарға темір жол мен автокөлік жолдары өтеді. Тәуелсіздік жылдарында Қоқаның өнеркәсібі дамып, қала маңызды өнеркәсіп торабына айналды. Қаладағы суперфосфат зауыты мен электр машина жасауы, току машиналарын жасау зауыттары республикадағы ірі кәсіпорындардың бірі болып табылады. Қала ұзак уақыт Қоқан хандығының астанасы болған. Ол облыстағы негізгі мәдениет орталықтарының бірі.

Кувасай 1954 жылы жұмысшы қалашығының орнында құрылған. Қала маңындағы әктас, мергель, гипс және саз байлықтарының негізінде ол құрылғыс материалдарын өндіретін өнеркәсіп орталығына айналды. Бүгінгі таңда цемент, шифер, әк және кірпіш зауыттарынан құралған комбинат жұмыс істейді. Аталмыш комбинат республикада өндірілетін цементтің басым бөлігін береді. Кувасай шыны зауытында кесе, пиала, шайнек, леген және басқа ыдыстарды жасап шығару жылдан-жылға артуда.

Ришистан – қыш-құмыра бұйымдарын жасап шығаратын орталық. Мұндағы қолөнершілік артельдері біріктіріліп, комбинатқа айналдырылған. Қазір комбинатта 20 түрден астам бұйым жасап шығарылады.

- 
1. Картадан Фергана облысының шекараларын көрсет, оның географиялық орны мен табиғи жағдайына тән ерекшеліктерді айтып бер.
 2. Облыс шаруашылығында қайсы тармак жедел дамуда?
 3. Кувасай өнеркәсіп орталығы мен Қоқан өнеркәсіп торабын салыстырып, ең қажетті айырмашылықтарды түсіндіріңдер.



НАМАНГАН ОБЛЫСЫ

Косымша дағы 1-кестеден облыс халқының саны мен ауданын анықтап, халқының орташа тығыздығын тап.

Наманган облысы экономикалық ауданының солтүстігінде орналасқан. Облыстың биік тау тізбектерімен қоршалған шығыс бөлігінде ауа райы шамалы жұмсақ. Облыстың батыс бөлігінде жауын аз жауады және өзендер де аз.

Халқы. Облыс халқының табиғи өсу қарқындары түрғысынан алдыңғы орында тұрады. Соған сәйкесеңбекке жарамдылар саны тез көбейіп отыр.



Ауыл шаруашылығының негізгі тармақтары: астық, мақташылық, көкөніс, бақ және жүзім шаруашылығы, ет-сүт шаруашылығы, жібек өндіру. **Өнеркәсіптің негізгі тармақтары:** электр энергетикасы, машина жасау, құрылымдар, женіл және азық-түлік.

Шаруашылығы. Наманган облысында да қолдан суарылатын **диканшылық** басым. Облыс аумағында көптеген суару құрылымдары - Солтүстік Ферғана, Ахунбаев атындағы, Чуст, Чартақ каналдары және басқалар құрылған. Ирригацияның дамуы қолдан суарылатын жерлерді көнектізу және мелиорация жағдайын жақсарту мүмкіндігін береді. Егістік аудандарының негізгі бөлігіне мақта мен бидай егіледі (106-сурет). Пап және Чуст аудандарындағы жайлауларда қой мен ешкі көптең бағылады. Кара мал барлық диканшылық аудандарында бағылады. Жайлаулардың жетіспеушілігінен көптеген шаруашылықтар малды жазда тау жайлауларына айдан әкетеді. Жібек шаруашылығы мақта шаруашылығымен қатар дамытылып жатыр.

Өнеркәсібі, негізінен, женіл және азық-түлік кәсіпорындары мен машина жасаудан құралған. Өнеркәсіп кәсіпорындарының негізгі бөлігі Наманган өнеркәсіп торабында орналасқан (107-сурет). Темір жол, автокөлік жақсы дамыған. 2018 жылы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету



106-сурет. Өзбекстан Республикасы Наманган облысының салмағы (пайыз, 2017-жыл).

максатында Чуст ауданы аумағында «Наманган» еркін экономикалық зонасы құрылды.

Қалалары. Наманган облыстың әкімшілік, экономикалық және мәдени орталығы. Қала Наманган сайдың жағасында орналасқан. Ол облыс өнеркәсібі өнімінің үлкен бөлігін береді. Қалада жібек фабрикасы және костюм маталарының комбинаты, электротехника зауыты, жасанды талшық зауыты, екі мақта тазалау зауыты, май-экстракция мен консерві зауыттары, электр станциялары, қап-қанар үшін қолданылатын бедерлі мата фабрикасы және басқа кәсіпорындар жұмыс істейді. Құрылымдар, материалдар өнеркәсібіне тиісті кәсіпорындардан үй құру комбинаты, темір-бетон конструкциялар зауыты, кірпіш зауыты және басқалар қызмет атқаруда.

Қалада бірнеше жоғары оқу орындары бар. Наманганды халқымыз «гүлдер қаласы» деп атайды. Қала орталығындағы Машраб атындағы



107-сурет. Наманган облысы.

мәдениет және демалыс саябағы мемлекеттің орталығынан сыртқа нұр сияқты таралған кең және тегіс көшелер қала орталығын мөлтек аудандармен байланыстырады.

Чуст – аудан орталығы. Наманганнан Ташкент және Қоқанға баратын автокөлік жолының үстінде орналасқан. Қалада тігіншілік фабрикасы, колөнершілік кәсіпорындары, мәдени-тұрмыстық мекемелер бар. Чуст пышақ жасаумен әйгілі. **Папта** техникалық резина мен аяқ киім зауыттары жұмыс істейді. Болашақта зауытта резина дөңгелектердің қайта өндере жолға қойылады. **Үшқорған** аудан орталығы. Одан Әндижан, Наманган және Ташкентке қарай автокөлік жолдары кеткен. Қала маңындағы Нарын өзенінде ГЭС құрылған. Қалада ірі мақта тазалау және май зауыттары бар.

- Облыстың экономикалық географиялық орнына тән ерекшеліктер нелерден тұрады?
- Наманган облысының экономикалық карта-сызбасынан пайдаланып, Чуст пен Папты салыстыр және ең маңызды өзгешеліктерін көрсөт.
- Контурлы картадан Наманган облысына тиісті тапсырмаларды орындаңдар.



ЗАРАФШАН ЭКОНОМИКАЛЫҚ АУДАНЫ



Экономикалық географиялық орны мен табиғи байлықтары. Бұл экономикалық аудан Самарқант, Бұхара мен Науай облыстары аумағынан құралады. Майданының үлкендігі тұрғысынан Төменгі Амудария экономикалық ауданынан кейін тұрады.

Экономикалық ауданының географиялық орнын қалай бағалауға болады?

Майданының негізгі бөлігі жазықтықтан (Қызылқұм шөлінен) тұрады. Ол қарқөлшілік үшін маңызды. Жазықтық орталығында Тамдытау (ең биік шоққысы 922 м), Богантау, Овминзатау, Құлжұқтау көрініп тұрады. Жазықтықтың шығысында Нұрат, Ақтау, Қаратаяулардың батыс

бөлігі орналасқан. Бұлар да экономикада белгілі маңызға ие. Зарафшан алқабының төменгі бөліктері суармалы диңгешшілдегі үшін қолайлар.

Экономикалық аудан ауа райы кескін континенталды, жазы ыстық және құрғақ. Өсімдік өсетін дәуір температурасының жынындысы солтүстікте 3000°C -ді, ал онтүстікте 5000°C -ді құрайды. Жауын өте аз, жылдық жауынның мөлшері 100–300 мм. Қардың қаптамасы жұқалығы жайлай шаруашылығына қолайлар келеді. Шөлде жер асты суларынан шаруашылықта, ал шағын жерлерде көкөніс өсіруде пайдаланылады. Тез-тез гармсель самалы болып, өсімдіктерді қаужыратып кетеді.

Су мәселесін шешу үшін Зарафшан өзенінде Аму-Қарнак және Аму-Бұхара машина каналдары, ал каналда Төменгімазар су қоймасы іске қосылған. Суды 64 метр биіктікте бұл каналдарға құдіретті насостар шығарып береді. Су қоймаға және одан каналдар арқылы Бұхара алқабын суаруға жүмсалады.

Зарафшан экономикалық ауданында әр түрлі минерал байлықтар көп. Атап айтқанда, Газли, Үшқыр, Қарауылбазар, Сортас табиғи газ кендері, Когон маңында мұнай кені, Мұрынтау алтын кені, Ингичка және Зарминтауда сирек кездесетін металдар кені, алтынқұрт кендері, құрылыш материалдары мен минерал бояу кендері бар. Бұл байлықтар экономикалық ауданда энергетика, түсті металлургия, химия және құрылыш материалдары өнеркәсіпперін дамыту үшін база болып саналады.

Халқы. Экономикалық аудан халқының көбею қарқыны мемлекет халқының орташа өсуіне жақындайды. Халық аумақты бойлап өте ынғайсыз орналасқан. Әсіресе, шөлді аумақта халық өте сирек.

Кожалық және оның аумақтық құрылуды. Бұл экономикалық ауданда агроөнеркәсіп кешені пайда болуда. Өнеркәсіп көп тармақты.



108-сурет. Қарауылбазардағы мұнайды қайта өндіеу зауыты.



Зарафшан экономикалық ауданының электр энергетикасы, түсті metallurgия, мұнайды қайта өндіеу, химия және газ-химия, машина жасау, құрылымдары, жеңіл және азық-тұлік сияқты тармақтары жедел дамып келуде.

Қарауылбазар қаласында жылына 5 млн тонна мұнайды қайта өндейтін кәсіпорынның іске қосылуы ауданда экономиканың жаңа экономикалық саласын жүзеге асыруда (108-сурет). Кәсіпорын мемлекеттің мұнай өнімдеріне болған талаптың жартысын қанағаттандыра алады.

Экономикалық аудан өндіріліп жатқан электр энергия мөлшеріне сәйкес Ташкент және Мырзашөл экономикалық аудандарынан кейін үшінші орында тұрады. Электр қуаты, негізінен, Науай ЖЭС-інен алынуда, ЖЭС табиғи газбен істейді. Газ өнеркәсібі бойынша аудан жақын жылдарға дейін Өзбекстанда алдыңғы қатарлы орында еді. Қашқадариядағы Шортан газ кені іске қосылғаннан кейін, екінші орынға түсіп қалды. Химия өнеркәсібі табиғи газ және басқа минерал шикізатқа таянады. Зарафшан аумақтық өндіру кешенінің негізгі тармақтарының бірі жеңіл өнеркәсіп болып табылады.

Ауыл шаруашылығы мақташылық және қаракөлшіліктен тұрады. Өлкеміздегі жайлаулардың жартысынан көбі осы ауданда. Жайлаулардың өнімділігін асыру үшін фитомелиоративтік ұсыныстар даярлайтын 6 орман шаруашылығы және 1 орман-мелиорация станциясы істейді. Өзбекстандағы қаракөл қойларының және түйелерінің жартысынан көбі осы экономикалық ауданда бағылады.


1. Экономикалық ауданының экономикалық географиялық орнына сай қандай ерекшеліктер қожалықтың жетілуінде жақсы рөл атқарады?
2. 8-сынып оқу атласынан пайдаланып экономикалық ауданда суармалы диқаншылық ететін жерлерді анықтаңдар.
3. Төмендегі белгілер нені білдіруін оқу атласынан анықтаңдар:





Қосымшадағы 1-кестеден Самарқант облысы халқының саны мен ауданын анықта.

Экономикалық географиялық орны мен табиги байлықтары. Бұл аудан Өзбекстанның орталық бөлігінде орналасқан. Халық саны және жалпы өнеркәсіп өнімі бойынша Самарқант облысы мемлекеттікізде жетекші орындардың бірінде тұрады (оку атласынан аталмыш ауданың шекараларын анықтаңдар). Табиғи-географиялық орнына қарай Зарафшан алқабының орта бөлігіне тұра келеді, үш жақтан Нұрата, Түркістан және Зарафшан тау тізбектерімен қоршалған. Тау тізбектері солтүстікten есетін суық ауаны біршама тосады. Жауын көбірек (250-800 мм) жауады. Сортан жерлер дерлік жоқ. Шөлді және шөпті-аллювиалды топырақты жерлер үлкен ауданды құрайды.



109-сурет. Самарқант облысы.

Аудан аумағынан ағып өтетін **Зарафшан өзені** суды мұз және қарлардан алады. Соған қарай Зарафшан өзені суаруға қажеттілік күшті болған жаз айларында толып ағады. Судан одан да тиімді пайдалануды көздел өзеннің орта ағысында Каттақорған су қоймасы құрылған. Сонымен бірге Ескі Ахор каналы арқылы Зарафшан сусы (Дарғом каналынан) Қашқадария облысына ағызылып жатыр. Дегенмен, судан қожалықта толығымен пайдалану бойынша Орталық Азияның бірде-бір өзені Зарафшанмен теңесе алмайды. Оның 90 пайыз сусы суаруға жұмсалады.

Адырлар жартылай жыртылған, оған астық егіледі. Тауларда жауынның көптігінен шалғындықтар да көп. Мал жазда сол жерлерде бағылады. Өсімдіктердің өсу кезеңі шөл мен адырда бір уақытқа тұра келмейтіндіктен қаракөл қойларын жыл бойы жайлауда бағуға болады. Ауданың табиғи жағдайы жеміс ағаштарын өсіру үшін де қолайлыштырылады. Бұл жерде тәтті шие, өрік, шабдалы ерте піседі.

Облыста минерал байлықтар да көп. Бұл жерде **сирек кездесетін металдар, құрылым материалдары** (мәрмәр, әк, гранит, мергель, графит), **минералды бояулар, асBEST кендері табылған** (109-сурет). Демек, облыстың өркендеуінде оның табиғи және экономикалық географиялық орнындағы қолайлықтар қатары табиғи жағдайы мен байлықтары да бірталай мүмкіндіктер тудырады.

Халқы. Облыс халқының 3/5 бөлігі қыстакта жасайды. Бұкіл халық санында енбекке жарамды адамдардың салмағы мемлекеттегі орташа көрсеткіштен аз болса да, бірақ жұмысшы күштері экономиканы өркендетуге жеткілікті. Табиғи жағдайы мен шаруашылығындағы өзгешеліктерге сәйкес халықтың орналасуында да айырмашылық жеке көзге түседі. Адамның қызмет етуіне ең қолайлы Зарафшан алқабында халық өте тығыз жасайды. Бұл жерлерде әрбір шаршы км-ге 250 және одан астам адам тұра келеді. Адырларда және тауларда әрбір шаршы км-ге 15-20 адам тұра келеді.



Ауыл шаруашылығының негізгі тармақтары: астық, мақташылық, бақ шаруашылығы, жүзім шаруашылығы, ет-сүт шаруашылығы, қаракөлшілік, жібек өндірі. **Өнеркәсіптің негізгі тармақтары:** тұсті металлургия, машина жасау, женіл және азық-түлік.

Шаруашылығы. Самарқант облысының аумағында халық ежелден қолдан суармалы диқаншылықпен шұғылданып келген. Диқаншылықпен қатар сауда мен қолөнершілік те өркендеген.



110-сурет. Өзбекстан Республикасында Самарқант облысының салмағы (пайыз, 2017 жыл).

Диқаншылықтың жетекші тармағы бұл ауданда да мақташылық және бидай өсіру болып табылады. Басқа техникалық егіндерден темекі, күнжіт, зығыр және сапсар (максар) өсіріледі. Үргіт ауданы темекі егуге маманданған. Қолдан суарылмайтын жерлерде бидай мен арпа егіледі. Бақ және жүзім шаруашылығы жоғары өркендейген. Қала айналасындағы шаруашылықтарда, халықтың өз жерлерінде көтеп әр түрлі қөкөніс пен бақша егіндері өсіріледі.

Бұл облыста жеміс бақтары мен жүзімдіктер көп. Мал шаруашылығы агробизнесі кешенінің маңызды құрамдық бөлігі саналады. Ірі қараның саны жағынан облыс мемлекетте бірінші орынды алады, ал қаракөл жағынан үшінші орында тұрады. Бұл жерде қаракөл шаруашылығын дамыту шараларын зерттейтін ғылыми-зерттеу институты бар.

Көлігі. Самарқант облысының аумағынан екі темір жол өтеді. Ташкент-Түрікменбасы, Ташкент-Душанбе темір жолында негізінен транзит жүктөр тасымалданады. Облыста автокөлік жолдары көп, олар арқылы темір жолға және басқа облыстарға жүк тасымалданады. Әуе көлігі мемлекеттің барша ірі қалаларын мен шет мемлекеттерді байланыстырады. Құбыр көлігі мен электр берілу жолдары көп тармақты. Ресейге мақта талшығы, мақта майы, жеміс, жүзім, мейіз және қаракөл терілері жіберіледі.

Облыста өнеркәсіп жетекші орында. Ауыр өнеркәсіп тармақтарынан машина жасау және металл өндіру, химия тез дамып отыр. Самарқант қаласында 1999 жылы жүк тасымалдайтын және саяхатшыларға қызмет көрсететін 4 түрдегі машиналарды жасайтын «SamKochavto» зауыты жұмыс бастаған еді. Қазірде бұл зауыт «SamAvto» деп аталады. Самарқанттағы **«СамАвто» зауытында** «Isuzu» маркалы микроавтобустар және жүк автокөліктегі жасап шығарылуда.

Женіл өнеркәсіптің 50-ге жуық кәсіпорны жұмыс істейді. Азық-түлік өнеркәсібі жергілікті шикізаттардан консерві және шарап, есімдік майы, темекі, сүт және ет, кондитер өнімдерін шығарады.

Самарқант аумақтық-өндірістік кешенінде **«ауыл шаруашылығы»** айрықша орынға ие (110-сурет). Диқаншылық ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің 75 пайызын береді.

Минералды тыңайтқыш, темекі, шай, аяқ киім, жібек және басқа тұтыну тауарлары барлық көрші облыстарға және Орталық Азия мемлекеттеріне де шығарылады. Облыс негізінен ағаш-тақта, астық, шекер-қант, машиналар, көмір, мұнай, мұнай өнімдері мен кең қолданылатын тұтыну тауарларын алады.

Облыста Самарқант, Каттақорған өнеркәсіп тораптары құрылған.

Қалалары. Самарқанды Зарафшан өзенінің орта бөлігінде орналасқан.



Самарқанды дүниедегі ең көне қалалардың бірі болып саналады.

Археологиялық зерттеулер нәтижесінде қаланың жасы 2750-де екендігі анықталған.


XIV-XV ғасырларда Мауароуннахрдың ғылыми дүниетаным орталығы болған. Географиялық орнының қолайлығынан Самарқант орта ғасырларда Орталық Азияның маңызды сауда орталықтарының біріне айналған. Үндістан, Иран және Шығыс Еуропа мемлекеттерімен жүргізілген сауда байланыстары қаланың экономикалық және мәдени тұрғыдан өркендеуіне ықпалын тигізді. Сол дәүірлерде-ақ зергерлік бүйімдары, қыш-құмыра бояулары, жібек және жіп-маталарды өндіру мен кесте тігу жақсы дамыды. Қағаз бен доғабалар шығаруды самарқанттықтар бұдан мың жыл кең жолға қойған еді.

Әмір Темір мен темірилер дәуірінде (XV-XVII ғасырларда) Самарқантта сәүлетті мешіт, медресе, кесене және сарайлар құрылды. Олар Үндістан, Мысыр, көне Греция мен Рим сәүлеткерлігінің құнды ескерткіштерінің қатарында дүниежүзілік маңызға ие. Орта ғасырдың ақын және ғалымдары Самарқантты «әлемнің нұр шашқан нұктесі» деп мадактаған.

1924-1930 жылдары Самарқант қаласы Өзбекстанның астанасы болған. Қазірде де Самарқант мемлекеттің ірі өнеркәсіп торабы, мәдениет орталықтарының бірі ретінде аса маңызды.

Самарқант пен Жамбай, Жұма және басқа қалашықтар өндіріс бойынша өзара байланысты. Қала ауыл шаруашылығы дамыған аумақ орталығында орналасқандықтан онда ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өндейтін үлкен кәсіпорындар көп.

1999 жылы Самарқанттан солтүстікке Шелек қаласы маңында ұлы құқықтанушы ғалым имам әл-Бұхариге арналған сәүлеткерлік кешен орнатылды (111-сурет).



111-сурет. Имам әл-Бухари кесенесі.

Самарқант – мемлекеттегі ғылымның ірі орталығы. Қалада Самарқөант мемлекеттік университеті, Халықаралық туризм университеті, медицина, құрылым-архитектура, шет тілдері, экономика және сервис, ветеринария медицинасы институттары, Ташкент ақпарат технологиялары университеті Самарқант филиалы қызмет етуде. Қаланың тарихы Рудаки, Науай, Қожа Ахрап, Бабыр, Жәми, Ұлықбек, Ахмет Даниш, Әбу Лайс Самарқанди секілді ғалымдар, жазушылар, ойшылдардың есімдерімен байланысты. Қала шаруашылығының өркендеуімен халқы да тез көбейіп отыр.

Каттақорған облыста Самарқанттан кейінгі екінші орындағы өнеркәсіп торабы мен мәдениет орталығы болып табылады. Қала маңынан Самарқант-Бұхара темір жолы өтеді. Қалада Каттақорған макта тазалайтын машина жасау зауыты, мотор жөндеу, макта және кірпіш зауыттары, жергілікті өнеркәсіптік кәсіпорындары бар. Май еріту және ет комбинаттары және жылдан 2 миллион шәже ашатын бройлер фабрикасы азық-түлік өнеркәсібінің республикадағы ірі кәсіпорындары болып саналады. Май еріту комбинаты – мемлекеттегі ең ірі кәсіпорындардың бірі. Өнеркәсіп кәсіпорындарын үлкен ЖЭО электр энергиямен қамтамасыз етеді.

Ургіт Самарқанттан шамамен 50 км оңтүстік шығыста, Қашқадария облысы шекарасында орналасқан қала. Ургітте бірнеше кілем фабрикалары, темекі-фермент және шифер зауыттары істейді. Самарқант облысының ең ірі шығыс базары осы қалада орналасқан.

1. Самарқант облысы ауыл шаруашылығында қайсы тармақтардың салмағы үлкен, мұның себебін түсіндіріндер.
2. Облыс өнеркәсібімен ауыл шаруашылығының өндіру байланыстарын түсіндіріндер.
3. Самарқант қаласының ірі ғылым, мәдени орталық екендігін сипаттап беріндер.
4. Контурулы картада Самарқант облысына тиісті тавпсырмаларды орындаңдар.



НАУАИ ОБЛЫСЫ

Бұл облыс мемлекеттік міндеттің ең көнжек облысы. Ол Бұхара және Самарқант облыстары аумағынан құралған. Науай облысы мемлекеттік міндеттің облыстарының ішінде ауданының үлкендігі жағынан бірінші орында тұрса да, халық саны бойынша соңғы орында тұрады (112-сурет). Облыстың өсімдік (жайлау) байлығы қарқақел шаруашылығында үлкен маңызды ие.

Халқы аумақ бойлап орналасуы біркелкі емес. Тамды, Үшқұдық, Кенимек



аудандарында халық өте сирек. Өнеркәсіптің жедел қарқынмен дамуы қала халқын тез көбейтіп отыр. Облыста жаңа қала мен қалашықтар бой көтеруде..



Ауыл шаруашылығының негізгі тармақтары: астық, мақташылық, қаракөлшілік, қой шаруашылығы. **Өнеркәсіптің негізгі тармақтары:** электр энергетика, тұсті металлургия, химия, құрылым материалдары өнеркәсібі.

Шөл шаруашылығы саласында бұл облыс мемлекетте жетекші орында. Қызылқұм шөлінде қаракөлге мамандандырылған ірі шаруашылықтар құрылған. Бұл салада Тамды ауданы жеке ерекшеленіп тұрады, ауданда көптеген қаракөл шаруашылықтары бар. Жайлауларды сумен қамтамасыз ету, өнімділігін арттыру үшін фитомелиоративтік жұмыстар жүргізілуде.

Өнеркәсіптің дамуы су байлықтарына байланысты. Өркендер жатқан химия өнеркәсіп тармақтары, соның ішінде химия өнеркәсібі және басқа суды көп талап етеді. Облыстың химия өнеркәсібі табиғи газ бен басқа минералдық шикізатқа сүйеніп, тез дамуда. Химия өнеркәсібінің орталығы Науай қаласындағы химия комбинаты (113-сурет).


Мемлекетімізде даярланып жатқан цемент өнімінің негізгі бөлігі Науай цемент зауытында шығарылады. Зауыт жақын уақыттарға дейін шлак, металл жаңқасы, клинкер секілді цемент шикізаттарын бұрынғы Одақ республикаларынан үлкен қаржыларды жұмсап әкелетін. Шикізаттың қымбаттылығы цемент өндіруді көбейту және сапасын арттыруға тосқауылдық жасайтын. Геологтардың зерттеулері нәтижесінде Мәлікшөл жазықтықтарында зауыттың қасынан туф кені табылды. Туф ең жақсы шлактан да, сирек кездесетін қоспа-клинкерден де қалыспайтын цемент шикізаты болып табылады. Кен қоры үлкен болып, жылына 2-3 млн тонна туф қазып алынғанда да, 45-50 жылға жетуі анықталды.

Облыс электр энергиясын өндіру бойынша мемлекетте жетекші орындардың бірін иелейді (114-сурет). Электр энергияның негізгі бөлігін Науай ЖЭС береді. Мемлекетіміздегі өндіріс



112-сурет. Өзбекстан Республилкасында Науай облысының салмағы (пайыз, 2017 жыл).





113-сурет. Науайы облысы.

кесіпорындарын модернизациялау және жаңарту, заманауи инновацияларға негізделген және жоғары тиімді технологияларды енгізу жедел жүзеге асырылуда. Онда жүзеге асыруда керекті жеңілдіктерге ие арнаулы индустримальдық зоналар құрылуда. Атап айтсақ, «Науай» еркін индустримальды-экономикалық зонасы құрылғаннан бері оның аумағында 19 инвестиция жобасы бойынша өндіріс кесіпорындары іске қосылды. Олардың қатарында, жоғары технологиялар негізінде телевизорлар үшін тіреуіш- құрылғылар, электр энергияны электр есептеуіштер, жоғары кернеуге төзімді кабельдер, ЖЭС-тер үшін жылу қазандары, мобильдік және стационарлық телефон аппараттары, дайын дәрі-дәрмектер және басқа түрдегі өнімдерді өндіру қолға алынды.

Әлеуметтік салалар. Облыста екі жоғары оқу орны – Науай мемлекеттік педагогика институты және Науай мемлекеттік тау-кен институты қызмет етеді. 380-ге жуық жалпы білім беретін мектептерінің 120-сы Қызылқұмның

	ӨСІМДІК МАЙЫ мың тонна – 9,3		СУЛЬФАТ ҚЫШҚЫЛЫ мың тонна – 514,1		ҚҰРЫЛЫС КІРПІШТЕРІ мың дана – 158,5
	ҮН мың тонна – 72,1		СИНТЕТИКАЛЫҚ АММИАК мың тонна – 382,8		ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯ млрд кВ сағат – 8,5
	ЖІП ОРАМЫ мың тонна – 19,5		ЦЕМЕНТ мың тонна – 3570,0		

114-сурет. Өнеркәсіп өндірудің тармақ құрамы (2017 жыл).

шөлді аумақтарында орналасқан. Облыстың аумағында көптеген тарихи ескерткіштер бар. Олардың қатарына көне Кермене, Рабат Мәлік, Нұратадағы Тасмешіт тарихи ескерткіштерін, Чилустун, Көккүмбез, Қасымшайх кесенелерін кіргізуге болады.

Қалалары. Науаи - тез өркендең келе жатқан жас өнеркәсіптік қала (халықтың мекен-жайлары тақырыбынан қала халқының санын анықтандар). Ол – облыстың әкімшілік орталығы. Зарафшан өзенінің жақындығы, ірі ауыл шаруашылығы аумағының орталығында орналасқандығы, көлікпен жақсы қамтамасыз етілгендігі қаланың жылдам өсу алғышарты болды. Қала 1960 жылдарда бірегей бас жоспар негізінде жылы ауа райы және ұлттық дәстүрлерді ескеріп құрылды. Қала көгалдандырылған.

Науауда мемлекеттегі ірі ЖЭС, электр-химия комбинаты, цемент зауыты, кен-металлургия комбинаты бар. Қала өнеркәсіп және көлік торабы, маңызды мәдениет орталығы болып табылады.

Зарафшан қаласы Мұрынтау кен қазып алу өнеркәсібі базасында 1972 жылы құрылды. Қалада түсті металлургия, сондай-ақ жеңіл, азық-түлік өнеркәсіп тармақтары дамыған.

1. Облыстың географиялық орны мен табиғи жағдайы шаруашылық үшін қандай мүмкіндіктер жасайды?
2. Облыс халқы мен жұмысшы құштерінің көлемі мен орналасуы бойынша Самарқант облысымен салыстырындар.
3. Облыстан қандай өнімдер жөнелтіліп, қандай өнімдер жеткізілуін география дәптеріңе жазып, оқытушыңа көрсетіндер.



Қосымшаадагы 1-кестеден облыс халқының саны мен ауданын анықтап, халқының орташа тығыздығын тап.

Облыс ауданы мемлекет ауданының 9,0 халқының 5,7 пайызын құрайды (115-сурет). Облыстың кей аумақтарында жерасты суларының жер бетіне жақындығы, жауынның аздығы, шөлде құмның көшүі сияқты аянышты жағдайлар жер қорынан пайдалануда артықша еңбек пен қаражатты талап етеді. Анықталған табиғи газ қорлары өте көп. Бұдан тыс, мұнай, құрылымдары, тұз және басқа пайдалы қазба байлықтары табылған.

Тарихи ескерткіштер. Тәуелсіздік жылдарында Бұхараның сәулеткерлік ескерткіштері тағы да көз тартатын қалпына келтірілді. БҰҰ-ның ғылым және мәдениет жұмыстары бойынша ұйымы ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени мұрасы тізіміне енгізілген және мемлекет қорғауына алынған тарихи ескерткіштердің дерлік жартысы Бұхара облысында болып табылады.


Ауыл шаруашылығы. Егін аудандарының құрамында мақта мен бидай негізгі орынды алады. Облыста жем-шөп алынатын егіндер де көп егіледі. Бұл жерде көктемнің ерте келуі және жылы болуынан өрік, шабдалы, тау шиесі кең таралған. Соңғы 20 жыл ішінде экономикада, соның ішінде, өнеркәсіп салаларының дамуында түпкілікті өзгерістер жүзеге асырылды. Егер облыста 90-жылдардың басында небары бірнеше республика дәрежесінде маңызы бар кәсіпорындар жұмыс істеген болса, қазір олардың саны 100-ден асты. Өткен жылдар барысында, жалпы өнеркәсіп тармағында 27 жаңа түрдегі өнеркәсіп өнімдері өндірілуі қолға алынды.

Тәуелсіздік жылдарында жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде Қандым, Аққұм және Порсонкөл аумақтарындағы мұнай мен табиғи газдың үлкен қорлары ашылды (116-сурет). Сол кендердегі энергетика шикізатын қайта өндіреү үшін 1997 жылы Қарауылбазар қаласында ірі мұнайды қайта өндіреу зауыты іске қосылды. Мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар бұл



115-сурет. Өзбекстан Республикасында Бұхара облысының салмағы (пайыз, 2017 жыл).





116-сурет. Бұхара облысы

кәсіпорын Бұхара-Хиуа мұнай-газды аумақтың шикізатын қайта өндеумен қатар облыс халқын жұмыспен қамтамасыз ету барысында негізгі дереккөздерінің бірі міндеттін де өтеп жатыр.

Облыстың көлік жағдайы едәуір жақсарды. «Afrosiyob» жүрдек пойызының жұмыс бастауымен астанадан Бұхара қаласына дейін темір жол арқылы дерлік 4 сағатта жетіп алу мүмкіндігі жаратылды.



Ауыл шаруашылығының негізгі тармақтары: астық, мақташылық, көкөніс, қой шаруашылығы. **Өнеркәсіптің негізгі тармақтары:** жанаармай (мұнай және газ), химия және мұнай-химия, құрылым материалдары, жеңіл, азық-түлік.

Жүзеге асырылған осы сияқты үлкен жұмыстардың нәтижесінде Бұхара Өзбекстанның маңызды әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяхатшылар орталықтарының біріне айналып баруда. Ал бұл аумақты кешенді дамыту арқылы әр түрлі тармақтардың, әсіресе, қызмет атқару салаларын күштейтіп, халықты жұмыспен қамтамасыз ету үшін мүмкіндік жаратуда.



117-сурет. Бұхараның ескі қала бөлігі.

айтқанда, «Bux-Tel» (Израиль) майонез, «Omega-Sitora» (Греция) тери бұйымдары, «Gufik-Avisenna» (Үндістан) дәрі-дәрмек, «Marmar» (АҚШ) құрылыш материалдарын шығарады. Қалада 1996 жылдан бастап Корея Республикасында шығарылған телефон станциясы іске қосылды.

Қалада Бұхара мемлекеттік университеті, инженерлік-технологиялық институты, медицина институты, Ташкент ирригация және мелиорация институтының Бұхара филиалы бар.

Көне сәулеткерлік дәстүрлерін заманауи үлгілермен үйлестіріп одан әрі дамыту мақсатында 2010 жылы 107 гектар ауданды алып жатқан «Бұхараның мәдени орталығы» кешені құрылды. Бұл кешен – 700 орынды облыстық сазды драма театры, 2000 көрерменге арналған амфитеатр мен «Көне және мәңгібаки Бұхара» монументін өз ішіне қамтиды. Кешеннің орталығындағы 18 метрлі монумент сол жердің ғылыми-мәдени және тарихи-фәлсафалық мұрасын өзінде көрсетеді.

Каган – темір жол станциясы ретінде құрылған қалашық. Темір жол Душанбеге жетіп баруы және Каган-Бұхара темір жолы құрылған соң, Каган көлік торабына айналды. Қазір қалада 15-ке жуық өнеркәсіп кәсіпорны жұмыс істейді.

Газ кенінің негізінде **Газли** қаласы құрылды. Газлиге Науайдан электр қуаты және Әмудариядан құбыр арқылы су жеткізілген. Газли орналасқан аумақтың ауа райы шұғыл континенталды, жиі-жій күшті жел соғып, шаң көтеріледі, кей кездерде құм көшеді.

1. Облыстың географиялық орны мен табиғи жағдайы шаруашылығы үшін қандай мүмкіндіктер жасайды?
2. Қолөнершіліктің қандай түрі қайсы аудандарда дамыған?
3. Облыстың ауыл шаруашылығында қандай өзгерістер болды? Себебін түсіндір.
4. Ауданыңды облыс орталығымен байланыстыратын ең қысқа жолды анықта.



Оқулық қосымшасындағы 1-кестеден ауданның халық саны мен ауданын анықта.

Экономикалық географиялық орны мен табиғи байлықтары. Оңтүстік экономикалық аудан мемлекетіміздің оңтүстік бөлігінде орналасқан болып, Қашқадария мен Сұрхандария облыстарынан құралған.


Аудан үш мемлекет – Ауганстан, Түркіменстан және Тәжікстанмен, солтүстікте Зарабашан экономикалық ауданымен шекарапанады. Ауданы дерлік Өзбекстан жер ауданының 1/10 бөлігіне тең болып, бұл аумақта мемлекет халқының әр жетеуінің бірі жасайды. Экономикалық аудан мемлекетіміздің оңтүстік қақпасы болып саналады. Әмударияда құрылған автомобиль және темір жол көпірі ауданының экономикалық географиялық орнын халықаралық деңгейге көтерген (118-сурет). Өзбекстанға қарағанда солтүстікте орналасқан кейбір мемлекеттер Ауганстанмен сауда-экономикалық байланыстарын сол көпір арқылы жүзеге асырады.

Экономикалық ауданда шөл және тау жайлауларын менгеруімен табиғи жайлаулар барған сайын қысқарып баруда. Мұнан қаралап шиян көрмеуі үшін шөлдерде фитомелиоративтік шаралар қарастырылуда.

Экономикалық ауданда жанармай-энергетика байлықтары өте көп. Шортан газы Сырдария ЖЭС-ін, Ангрен ЖЭС-ті де жанармаймен камтамасыз етеді. Муборак газ кендері бүкіл мемлекетке және шет мемлекеттерге жанармай жеткізіп беруде. Бірнеше мұнай, жанатын сланец кендері анықталған. Ас тұзы, мәрмәр, әктас, гипс қорлары химия және құрылыс материалдары өнеркәсібі үшін үлкен болашақтарды ашады.

Халық. Экономикалық аудан бойлап халық өте ыңғайсыз орналасқан. Суарып диқаншылық ететін аудандарда халық тығыз (әрбір кв.км-ге 100-250 адам), тау, шөл, шала шөлдерде халық сирек. Қалалар кеңеюде, жаңа қалашықтар пайда болуда.

Шаруашылығы және оның аумақтық



118-сурет. Өзбекстанды Ауганстанмен байланыстырып тұратын көпір.

құрылуды. Экономикалық аудан ауыл шаруашылығында мал шаруашылығы жеке орынға ие. Қаракөл өсіру бойынша аудан мемлекетте жетекші орындардың бірінде тұрады. Кең жайлаулар, жүгері және жонышқа өсіру, өнеркәсіп қалдықтарынан пайдалану мал шаруашылығы жетілуіне мүмкіндік береді. Ет пен май үшін бағылатын дұмді қойлар мен ешкілер тау және тау алды жайлауларда бағылады. Тау етектерінде және құрғақ жазықтарда жұмсақ, ұзын жұнді қой мен ешкілер бағылады.



Экономикалық ауданды құрған екі облыста өнеркәсіптің жағдайы бір-бірінен қатаң ерекшеленеді. Қашқадария облысында негізінен қазып алатын өнеркәсіптің есебінен өнеркәсіп жоғары дамыған болса, Сұрхандария облысының өнеркәсібін мемлекет өнеркәсібіндегі үлесі дерлік жоқ.

Қашқадариядағы Талимаржан ЖЭС «Muborakgaz» сияқты ірі кәсіпорындар тек қана экономикалық ауданның емес, бәлкім мемлекетіміз экономикасының мақтанышы саналады. АҚШ және Жапония компанияларының қатысуында құрылған, 600 атмосфера қысымымен істейтін, бір тәулікте 4,2 млн куб м газ өндіретін Көкдомалақ компрессор станциясы, стратегиялық маңызға ие «Sho‘rtangaz» кешені де солардың қатарынан.

Көлігі. Экономикалық ауданда көліктің барша түрлері бар. Соңғы кездерде аудандағы әр екі облыстың әлеуметтік-экономикалық өркендеуін жеделдету, жүк тасудың көлікпен қамтамасыз етілуін жақсарту мақсатында «Тошгузфк–Байсын–Құмқорған» жана теміржолы іске қосылды. Бұл теміржол Байсын ауданы арқылы экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан аз дамыған аудан қыстақтарына өнеркәсіптің кіріп келуіне, жерүсті және жерасты байлықтарынан кең пайдалануға, таза таудың ауасында емдеу мекемелері, туристік базалар, демалу үйлерін құруға үлкен мүмкіндік жаратады. Ең маңыздысы жаңа заманауи әлеуметтік-экономикалық нысандар құрылышы, жаңа жұмыс орындарының ашылуы, кәсіпкерліктиң дамуы үшін кең жол ашылды. Нәтижеде экономикалық ауданда жүк тасымалдау көлемі кескін көбейді, жергілікті шикізаттарды қайта өңдеу негізінде 100-ден астам жаңа кәсіпорындар іске қосылды, он мындаған халық жұмыспен қамтамасыз етілді.

1. Экономикалық ауданның географиялық орнындағы өзіне тән ерекшеліктері нелерде көрініс табады?
2. Аудан халқының саны мен жұмысшы күшінің көлемін Зарафшан экономикалық ауданына салыстырындар.
3. Термізден Ташкентке бару үшін қайсы облыстардан өтіледі?





Қашқадария облысы мемлекет аумағының 6,4 пайызын алып жа-тыр (119-сурет). Ол жерде Өзбекстан халқының дерлік 9,6 пайызы жасайды. Республикамыздың негізгі мұнай және газ көндөрі осы аумақта орналасқан. Қашқадария жанаармай өнеркәсібінің жалпы өнім көлемі бойынша мемлекетте 1-орында тұрады. Сондай-ақ республикада өндірілетін электр энергияның 1/10 бөлігін, женіл өнеркәсіп өнімдерінің 7 пайыздан астамын береді. Табиғи жағдайының қолайлығынан егін аудандары үлкен. Облыстың жалпы егін ауданы, оның ішінде, бидай мен мақта өсірілетін аудандары бойынша республикада бірінші орында тұрады.

Экономикалық географиялық орны мен табиги байлықтары. Бұл облыста жылдық орташа температура Өзбекстанның басқа жерлерінен біршама жоғары. Облыста 1 млн. гектарға жуық суаруға жарамды жер бар, бірақ су тапшы. Судан өте тиімді пайдаланғанда да көп жерлерге су жетіп бармайды. Сондықтан көп жерлерге ерте көктемгі дәнді егіндер егіледі. Қашқадария алқабы Қашқадария мен оның сол жағындағы тармақтары - Ақсу, Танхаздария, Якқабақ және Гузар өзені суымен суарылады. Алқапта Шымқорған су қоймасы құрылған, Қашқадарияның орта және төменгі ағымында судың жұмсалуының тәртіпке салынуы және Ескі Анхар каналы арқылы Зарафшаннан судың жеткізілуі нәтижесінде суармалы жерлердің ауданы едәуір кеңейді (оку атласынан қара).

Топырақ пен ауа райының жағдайы жіңішке талшықты мақта, көкөніс, картоп пен жемістер өсіруге қолайлыш. Бірақ Гузардарияның суы аз, тек көктемде (сәуірде) толып ағады. Оның ағысын реттеу мақсатымен Пачкамар су қоймасы құрылған. Сондай-ақ алқапта Хисарак су қоймасы бар, дерлік 1 млн. гектар аланды суаратын Әму-Қаршы машина каналы құрылған. Бұл каналдың жолында 1,5 миллиард текше метр су сиятын Талимаржан су қоймасы, күшті насос станциялары құрылды. Насостар суды 132 метр жоғарыға шығарып береді.



119-сурет. Өзбекстан Республикасында Қашқадария облысының салмағы (пайыз, 2017 жыл).



120-сурет. Тәтті мәуелер сүудасы.

Халқы. Табиғи, тарихи және экономикалық жағдайлар қала мен қыстақтардың көлеміне, халқының тығыздығы мен шаруашылығының атқарушылық сипатына қатты әсер еткен. Халық мекенжайлары өзен жағалап орналасқан. Төрт-бес отбасынан құралған қыстактар аумақта шашылып жатыр. Жақынға дейін үйлер терек, шырша және қарағай, тас, топырақ және сабан секілді жергілікті шикізаттардан құрылатын. Жаңа жерлерді игеру барысында абат ауылдар мен қалашықтар бой көтерген.

Қаршы шөлді аумағында мамандандырылған мақташылық, бақ шаруашылығы (120-сурет), мал шаруашылығы қожалықтары құрылған. Мақта өсіру кешені жетілген ауданға айналды. Облыс ауыл шаруашылығында суарылмайтын дән шаруашылығы, жайлау шаруашылығы, әсіресе, қаракөлшілік үлкен салмаққа ие. Облыс бидай өсіру бойынша алдыңғы абыройын тіктеуде. Жібек шаруашылығы, бақ шаруашылығы және көкөніс мамандығы қожалықтарының қосымша тармақтары болып табылады.

Мақта негізінен Кітап-Шахрисабз жері мен Қаршы алқабында егіледі. Құзғі дән егіндері жаздағы ыстық құндер басталмастан пісіп жетіледі. Табиғи жағдай анар және дәнді мәуе ағаштары үшін де қолайлыш. Қаршы жүзімі, әсіресе, оның «маска» сұрыбы шырындығымен әйгілі. Алма, алмұрт, әнжір, анар сияқты жылулықты сүйеттін мәуелі ағаштар да өсіріледі. Бақтар, көкөніс пен дала егін аландары да негізінен Кітап-Шахрисабз жерінде болып, олардан сол жердің өзінде шарап, жеміс-көкөніс консервілері шығарылады.



Ауыл шаруашылығының негізгі тармақтары: астық, мақташылық, бақ шаруашылығы, жүзім шаруашылығы, ет-сүт шаруашылығы, қой шаруашылығы, жібек өндіру.

Өнеркәсібі. Қашқадария – мемлекеттің мұнай және газ өнеркәсібінің тірепі есептеледі. Қаршы шөлінің онтүстік-батыс бөлігінде сутегі сульфатынан газ бөліп алатын үлкен газ өнеркәсібінің орталығы орналасқан.

Қашқадария облысында 150-ге жуық өнеркәсіп кәсіпорны жұмыс істейді. Олардың негізгі бөлігі мұнай мен газ, мақта тазалау, құрылыш, жеңіл және азық-түлік өнеркәсібіне маманданған.



Өнеркәсітің негізгі тармақтары: жанармай (мұнай мен газ), химия және газ-химия, электр энергетика, жеңіл және азық-түлік.

Ірі өнеркәсіп кәсіпорындары Қаршы, Шахрисабз қалаларында және кейбір ірі қыстак пен қалашықтарда орналасқан (121-сурет). Жергілікті өнеркәсіп палас, тақия, тәттілік өнімдері секілді ұлттық қолөнершілік өнімдерін шығарады. Алқапта мұнай, газ, тұз сияқты пайдалы қазбалар негізінде жанармай-энергетика кешені қалыптасып келеді. Өнеркәсіп өнімдерін өндірудің тармақтары құрамында жанармай өнімдері үлкен бөлікті құрайды (122-сурет).

Облыста жаңа мұнай және газ кендерінің іске қосылуы, «Ташгузар-Байсын-Құмқорған» темір жолының іске қосылуы нәтижесінде шөлдерде, адырларда да өнеркәсіп орындары бой түзеуде. Атап айтқанда, Диқанабадта жылына 200 мың тонна калий тыңайтқыш беретін зауыт құрылды. Таяу болашақта зауыт өнімінің дерлік жартысы экспортқа шығарыла бастайды.



121-сурет. Қашқадария облысы.



122-сурет. Өнеркәсіп өнімдерін өндірудің тармақ құрамы (2017 жыл).

Әлеуметтік салалар. Қашқадария облысында 250-ден астам тарихи-сәулеткерлік ескерткіш, 900-ден астам археологиялық ескерткіштер бар, олардың көбі мемлекет қорғауына алынған.

Қалалары. Облыста 12 қала бар. **Қарши** – облыстың әкімшілік, мәдени орталығы. Көне керуен жолының үстіне салынған атаптың қаланың 2700 жылдық мерейтойы атап өтілді. Қарши қаласының ауданы 75,5 шаршы км-ді құрайды. Бүгінгі Қарши көп қырлы қала болып есептеледі. Қаладағы өнеркәсіп салалары құрамында женіл өнеркәсіп пен азық-түлік өнеркәсібі жетекші орын алады. Мақта тазалау зауыты, ет-сүт зауыты, тігіншілік фабрикасы, құрылыш материалдары, металл өндійтін комбинаттар облыс экономикасының дамуына лайықты улес қосып келуде. Қазіргі кезде Қарши қаласында көптеген бірлескен кәсіпорын қызмет атқарып жатыр. «Жемістер кемпірқосағы» Өзбекстан-Британия, «Қаршымай» Өзбекстан-Сингапур бірлескен кәсіпорындары жергілікті шикізатты қайта өндеу жолымен өнім шығарып жатыр.

Қарши және оның төнірегінде мақта, жібек, май зауыттары, металл өндеу кәсіпорындары, тігіншілік фабрикалары, құрылыш материалдары комбинаты сияқты кәсіпорындар құрылып, Қарши **өнеркәсіп торабына** айналды. Шөлді игеруде Қарши сүйеніш мекені болды. Темір жол және автомобиль жолдары Қаршида тоғысады. Бұл жайт Нишан, Талимаржан, Касан секілді қала мен қалашықтардың өндірістік байланыстарын дамытады. Қалада Қарши мемлекеттік университеті, Қарши инженерлік-экономикалық институты, Ташкент ақпарат технологиялар университетінің Қарши филиалы және басқа ағарту мекемелері бар.

Шахрисабз. Қала ежелден қолөнершіліктің ірі орталығы болған. Шахрисабздің кілем тақиясы Париж көрмесінде жоғары бағаланған. Мақта тазалау зауыты қаладағы ірі кәсіпорындардың бірі саналады.

Шахрисабз – ұлы сайыпқыран Әмір Темір туылған қала. Қалада көне сәулеткерлік мұралар, Ақсарай ескерткіші көзге айқын түседі.



1. Коленершіліктің қандай көне тармақтарын білесін? Олардың облыс өнеркәсібі өндірісіндегі маңызын түсіндір.
2. Облыста өнеркәсіптің қайсы тармағы жетекші, оның себебі неде?
3. Оку атласынан облыстағы ірі өнеркәсіп орталықтарын тап және олардың мамандануын анықта.
4. Контурлы картадағы Қашқадария облысына тиісті тапсырмаларды орында.



СҮРХАНДАРИЯ ОБЛЫСЫ

Экономикалық географиялық орны мен табиғи байлықтары.

Сүрхандария Өзбекстанның ең оңтүстігінде орналасқан. Облыстың Сүрхан-Шерабад алқабынан басқа бөлігі, негізінен таулардан құралған. Таулар солтүстікten есептің суық ауа ағымын тосып тұрады. Сондықтан облыс Өзбекстанның субтропиктік өлкесі болып есептеледі. Аумақтың тағы бір өзіне тән ерекшелігі, оңтүстікten ыстық және құргақ «ауған желі» есіп, егіндерге зиян келтіруі болып табылады. Егіншілікті жүргізгенде, әлбетте, бұл алғышарт ескеріледі.

Жазықтың пен таулар жайлау ретінде пайдаланылады. Таулардағы жеміс ағаштары азық-түлік өнеркәсібіне қымбат шикізатты жеткізіп береді.

Сүрхандария облысында пайдалы қазбалар Қашқадария облысындағыдай көп. Жер қойнауындағы мұнай, газ, көмір, тұсті металл және құрылымы материалдарының бар екендігі өнеркәсіптің бірталай салаларын дамытуға мүмкіндік береді. Аумақта өнеркәсіпті дамыту, табиғи байлықтарды тиімді және нәтижелі қолдану бойынша бірнеше жобалар іске асырылып жатыр. Атап айтқанда, Сарыазия ауданындағы Ханжиза кенінде полиметалдық рудаларды, яғни мырыш, қорғасын мыс пен құмістің үлкен қорын қайта өндіре бойынша ірі жоба жүзеге асырылды.

Бұрынғы Кенес Одағы дәүірінде Сүрхан-



123-сурет. Өзбекстан Респубилкасында Сүрхандария облысының салмағы (пайыз, 2017 жыл).

дария облысы аумағынан қазып алынатын мұнайдың құрамында битум қорытпасының көптігінен ол негізінен жол құрылышында пайдаланылатын еді. Бұл шикізаттан қосымша өнім алу үшін Жарқорған мұнайды қайта өндедеу зауыты құрылды. Зауытта жылына 80 мың тонна мұнай қайта өнделіп, бензин мен дизель жанармайы алынады.

Халқы. Облыс халқының табиғи көбеюі жоғары. Халықтың тығыздығы әр шаршы км-ге 112 адамға тұра келеді, яғни Өзбекстанның орташа халықтығызыдан екі ессе артық (123-сурет).

Ауыл шаруашылығы. Облыс шаруашылығында агроөндіріс кешені үстемдік етеді



Ауыл шаруашылығының негізгі тармақтары: астық, мақташылық (жіңішке талшықты), бақ шаруашылығы (субтропиктік жемістер), жүзім шаруашылығы, ет-сүт шаруашылығы, қой шаруашылығы, жібек шаруашылығы.

Алқаптың ең ыстық оңтүстік бөлігінде жіңішке талшықты мақта өсіріледі. Жібек пен ет-сүт шаруашылығы да қолға алынған. Диқаншылықты дамытуда Сұрхан мен Шерабад өзендерінің ерекше маңызы бар. Оңтүстік Сұрхан мен Үшқызыл су қоймаларының құрылуды бірталай жерлерді игеру мүмкіндігін берген. Халықтың ауыл шаруашылығында жеміс, бақша, көкөніс егудің маңызы зор. Әсіресе, Денау ауданында бақтар мен жүзімдіктер көп.

Мал шаруашылығы – екінші маңызды тармақ. Суармалы диқаншылықпен шұғылданатын жерлерде ет-сүт үшін жайдары тұқымды қара мал бағылады. Тау жайлауларында еті мен майы үшін гиссар тұқымды қойлар бағылады. Бұл қойлардың кейбіреулері 150-160 (тірі күйдегі салмағы) кг келеді. Таулы аудандарда ет, тұбіт және қылышқұрттар үшін ангор ешкілері бағылады. Облыстың шөлді аймағында қаракөл қойларын бағу қолға алынған. Әлемге әйгілі «Сұрхан сүрі» қаракөл терісі осы аумақта өндіріледі (124-сурет).



124-сурет. «Сұрхан сүрі» қаракөл терілері.

ӨНДІРІС ӨНЕРКЕСІБІ

- Тасқөмір
- Мұнай
- Мұнай мен табиғи газ
- Ас тұзы
- Керамзит шикізаты
- Әк тас



0

15 км

ТЕРМІЗ

ӨНЕРКЕСІП САЛАЛАРЫ

- Электрэнергетика
- Жанар май

- Машина жасау мен металды қайта өндіру
- Химия мен мұнай-химия
- Құрылым материалдары
- Женіл
- Азық-түлік
- Басқа салалар

- Гидроэлектростанции
- Электр беріліс тармактары
- Газ күбірлары
- Мұнай күбірлары
- Минералдық су бұлактары

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

- Макташылық, астық, бак шаруашылығы, жібекшілік, омарташылық, сүт-ст шаруашылығы.
- Көкөніс, бак шаруашылығы, омарташылық пен сүт-ет шаруашылығы.
- Дәнді дакылдар, кей жерлерде техникалық еріндері мен ет шаруашылығы.
- Шөл-жайлай шаруашылығы.
- Тау-жайлай шаруашылығы, өзен алаптарында бактар мен жүзімдер жетілдіру.
- Игерілетін жерлер.

125-сурет. Сүрхандария облысы.

Өнеркесібі. Мемлекет ауқымында облыс өнеркесібінің салмағы үлкен емес. Оған Өзбекстанда өндірілетін өнеркесіп өнімінің небары 1-2 пайзы тура келеді. Бұл бұрын облысқа ауыл шаруашылығы ауданы ретінде қарағандығының салдары болып табылады. Нәтижеде облыста көптеген әлеуметтік мәселелер жиналыш қалған.



Өнеркесітің негізгі тармақтары: женіл өнеркесіп (мақта тазалау), азық-түлік өнеркесібі, ұн-жарма.

Облыста пайда болған әлеуметтік ділгірліктерді жою, халықты жұмыспен қамтамасыз ету мақсатымен жаңа-жаңа өнеркесіп кесіпорындары, көлік магистральдары құрылып жатыр.

Облыстың өнеркесіп тармақтары арасында жетекші болған женіл өнеркесіпті дамытуға үлкен мән беріліп отыр (125-сурет). Тауы

жылдарда Құмқорған, Сарыазия, Денау, Шорчи аудандарында бірнеше тоқымашылық кешендері құрылып, облыста өндіріліп жатқан мақта талшығының қайта өңдеу көлемін 20-25 пайызға жеткізу көзделіп отыр.

Тау-кен өнеркәсібін дамыту да жеделдеп отыр. Қазіргі күнде Ховдоғ, Үшқызыл, Лалмикор және Кекайды маңында мұнай және газ кендері жұмыс істейді. Өзбекстандағы үш ірі көмір кенінің екеуі Сұрхандарияда (Шарғұн және Байсын көмір кендері) орналасқан. Бұл кендерден сапалы көмір алынады. Облыста жылдық қуаты 900 мың тонна көмір өндіретін заманауи жанармай кешенін құру жоспарланып жатыр.

Қалалары. Терміз — облыстың әкімшілік және мәдени орталығы (халық тақырыбынан қала халқының санын анықта).

Ол – Орталық Азияның көне қалаларының бірі. Өткен ғасырдың басына дейін Терміз әскери және шағын шекара қаласы еді. Онда жартылай қолөнершілік жағдайындағы жалғыз мақта тазалайтын зауыт болған. Қазіргі Терміз – көркейген қала. Әмудария порты мен темір жол және автомобиль жолы құрылған соң, қала маңызды көлік торабына айналды. 1995 жылы Термізде жаңа заманауи әуежай құрылды.

Ауганстанға және ол арқылы басқа мемлекеттерге шығарылатын және шетелден келетін біраз жүктөрдің көптеген бөлігі Терміз порты арқылы өтеді. Демек, Терміз ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өндейтін орталық және ірі өзен порты ретінде дамып отыр. Қалада мақта тазалау зауыты, сүт-май, наң және ет комбинаттары, лимонад зауыты, құрылғыс материалдарын шығаратын өнеркәсіптер және басқа жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындары бар. Қалада заманауи сипатқа ие болған Терміз мемлекеттік университеті облыстағы ғылыми, ағартушылық және мәдени орталық болып саналады (126-сурет). Қалада, сондай-ақ кинотеатрлар, кітапханалар, клубтар, өлкетану мұражайы қызмет етеді. Термізде хайуанаттар бағы да бар.

Денау көне ірі сауда және қолөнершілік қыстағының орнында құрылған қала. 1929 жылы Денаудан темір жол өткеннен кейін, өндіріс тез дами бастады. Денау өнеркәсібі ауыл шаруашылығының шикізатын қайта өңдеуге мамандандырылған. Онда мақта тазалау, шарап, май-сүт, мотор жөндеу, кірпіш зауыттары бар. Р.Шредер атындағы



126-сурет. Терміз мемлекеттік университеті.

Республика бақ, жүзім шаруашылығы, шарап өндіру ғылыми-зерттеу институтының тәжірибе станциясы осы қалада.



1. Қосымшадағы 2-кестеден облыстағы жер байлықтарына тән мәліметтерді анықтаңдар.
2. Сұрхандария облысындағы қала мен қыстақ халқының салмағын 1-кестеден анықтаңдар.
3. Мектебің орналасқан қожалықта өндірілген өнім қай қалаларға жіберіледі? Егер қалада жасасаң, қай ауданнан ауыл шаруашылық өнімі жеткізілуін анықта.
4. Контурлы картадағы Сұрхандария облысына тиісті тапсырмаларды орындаңдар.



ТӨМЕНГІ ӘМУДАРИЯ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АУДАНЫ

Экономикалық географиялық орны. Төменгі Әмудария экономикалық ауданы Өзбекстанның солтүстік-батысында орналасқан. Бұл аудан Қарақалпақстан Республикасы мен Хорезм облысынан кұралған.

Халқы. Төменгі Әмудария экономикалық ауданының суармалы жерлері ерте заманнан халық тығыз орналасқан алқаптар болып саналады. Хорезм алқабында бұрыннан диқаншылықпен шұғылданған. Халық аудан аумағында біркелкі орналаспаған. Табиғи өзгешеліктер халықтың орналасуына әсер еткен. Халық Арас тенізіне қарай сиреп барады.



Нөкіс, Шымбай, Ургеніш, Мойнақ, Тақиятас, Хожейлі қалаларының өсуі және қыстактарда шағын бизнес пен кәсіпкерлердің дамуының есебінен қалашықтардың пайда болуының нәтижесінде қала халқы барған сайын көбейіп баруда.

Шаруашылығы. Экономикалық аудан шаруашылығының негізін ауыл шаруашылығы құрайды. Өзбекстандағы ауыл шаруашылығына жарамды жерлердің 6 пайзызы осы ауданының үлесіне тұра келеді. Жарамды жерлердің дерлік 90 пайзызы жайлаулардан құралған. Сортан жерлер, құмдар, көлдер, батпақтар да үлкен аудандарды құрайды.

Халық мақтадан тыс жібек, қаракөл, жеміс, жүзім, бақша, күріш шаруашылықтарымен шұғылданады. Экономикалық аудан мемлекетте өсірілетін күріштің жартысынан астамын береді (127-сурет).

Әмудария жағалауларында диқаншылық негізінде мал шаруашылығы да дамыған. Ежелгі және мол табысты салалардың бірі жібек шаруашылығы



127-сурет. Салы ору науқаны

Энергияның жетіспеушілігін жою, дамыған өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету үшін Тақиятас ЖЭС-і және құрамында ГЭС-і бар Түйемойын гидроторабы құрылды. Төменгі Әмудария экономикалық ауданы мемлекеттің энергетика жүйесінен энергия алады.

Тәуелсіздік жылдарында бұл дәүірде жүзеге асырылған үлкен экономикалық-әлеуметтік өзгерістер, құрылыш пен абағандыру жұмыстарын санап шегіне жетіп болмайды. Орталық Азияда жалғыз болған, шөл қойнауындағы тажайып деп ат алған Қоңырат сода зауыты, Хожейлі шыны зауыты, «Орталық Азия әшекей тастары» бірлескен кәсіпорны, Қоңыраттағы карбид, Нөкістегі мәрмәр мен кабель зауыттары, Өрге газ кені, «Elteks» пен «Kateks» кешендері сияқты заманауи өндіру нысандары, 345 километрлі Науай-Нөкіс темір жолы, Нөкіс пен Хожейлінің байланыстыратын үлкен көпір, Қоңырат автомобиль жолы, ондаған жалпы білім беретін мектептері, лицей мен колледждер, балалар спорты, балалар музыка және өнер мектептері сияқты көптеген ғимараттар – бұлардың баршасы тәуелсіздігіміздің жемісі.

Ұлттық автомагистраль құрылышында болған үлкен оқиғалардың бірі – бұл осы жолдың Нөкіс қаласына кіреберістегі жаңа көпір мен көше қылышы жолдың құрылышы.

Үстірт газ-химия кешеніне газды бөлетін, этилен, полиэтилен, полипропилен өндіретін және энергия көздерімен қамтамасыз ететін жалпы бес зауыт, сондай-ақ заманауи инфрақұрылым нысандары құрылған.

Экономикалық аудан ішкі және сыртқы байланыста көліктің барлық түрлерінен пайдаланады. Темір жол мен автомобиль көлігінің өркендеуімен су көлігі маңызын жоғалтып баруда. Экономикалық ауданың мемлекеттіміздің басқа аумақтары және шетелдермен байланыстары жақсы жолға қойылған.

1. Ауданың экономикалық географиялық орны мен табиғи жағдайының шаруашылыққа ықпалы қандай?
2. Контурулы картадағы Төменгі Әмудария экономикалық ауданына тиісті тапсырмаларды орындандар.
3. Халықтың аумақтық орналасуына әсер еткен алғышарттарды айтындар.





Хорезм облысы мемлекетіміз ауданының өте шағын бөлігін алғып жатыр (128-сурет). Хорезм облысының жер беті жазық болып, өзен шөгінділерінен құралған. Облыстың шаруашылық тіршілігінде Әмударияның маңызы үлкен. Палван, Ерміш, Шават және Қылышниязбай каналдары Әмудария суын бүкіл облысқа таратады. Облыста топырак, су және ава районының мүмкіндіктерінен тыс, шипалы тұзды көлдер, құрылышта пайдаланылатын шикізат (күм, тас, камыс) та бар.

Халқы. Облыс халқының саны жағынан мемлекеттегі облыстардың ішінде соңғы орында тұрады. Хорезмдіктер жазда ауаның құрғап, ысып кетуін есепке алғып, үйлерді қалың балшық (пахса) қабыргамен кең және биік (4-5 м) етіп құрады. Қалың балшық үй ішіндегі температура мен ылғалды бірқалыпта сақталуын қамтамасыз етеді. Жерасты суының жер бетіне жақындығынан жертөлелер, түрлі мақсатқа көзделген ұралар болмайды.

Шаруашылығы. Облыс экономикасы, негізінен агрономикалық кешенінен құралған. Хиуа, Шават, Жанаарық аудандарында мақтаның салмағы орасан зор. Ал Гурлен ауданында күріш үлкен ауданды қамтиды. Суармалы жерлерде мақтамен бірге астық, жоңышқа, жүгері, картоп және бақша егіндері өсіріледі. Экономиканың басқа тармақтарымен мақташылықтың қосынды жүргізілуі судан және жұмысшы күштерінен тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Облыстың барлық аудандарында бақша есімдіктері егіледі.



128-сурет. Өзбекстан Республикасында Хорезм облысының салмағы (пайыз, 2017-жыл).



Ауыл шаруашылығының негізгі тармақтары: мақташылық, бақша шаруашылығы, күріш егу, ет-сүт өнімдері, жібек шаруашылығы.
Өнеркәсіппің негізгі тармақтары: электр энергетика, машина жасау, құрылыш материалдары, женіл, азық-түлік, ұн-жарма.

Фасырлар бойы жалғасып келе жатқан халық селекциясының арқасында Хорезмде ерте пісетең және кеш пісетең қауындардың



129-сурет. Хорезм облысы.

сұрыптары пайда болған. Ежелде оларды арнаулы ыдыстарға салынып, түйелермен Бағдад пен Үндістанға (сол кездे үш айлық жол) жөнелтілген. Хиуа, Жаңаарық, Гурлан, Хазорасп аудандарында бақтар көп. Келешекте бақ пен жүзімдіктер ауданы кеңейтіледі.

Ауыл шаруашылығының екінші маңызды тармағы мал шаруашылығы болып табылады. Жазғы жайлайлар мен су жетіспеушілігінен мал шаруашылығында шөлге бейімделген қаракөл қойларының салмағы үлкен. Бұл қойлар, негізінен терісі мен жұні, сондай-ақ еті үшін бағылады. Облыста жайлайлардың аздығынан кейбір шаруашылықтар өз қойларын Қарақалпақстан жайлайларында бағады.


Өнеркесібі. Облыста жеңіл және азық-түлік өнеркесібінің жүзден астам кәсіпорындары бар (129-сурет). Өнеркесіп мақта, жібек, жеміс, көкөніс және мал шаруашылығының өнімдерін қайта өндейді. Сондай-ақ тігіншілік, аяқ киім, кілем тоқу, құрылыш материалдары, азық-түлік өнеркесіп кәсіпорындары бар. Бұл кәсіпорындар қала мен аудан орталықтарында орналасқан.

Туризм. Хорезм облысының туризм саласын дамыту, туристердің ағымын одан әрі көбейтуге үлкен назар аударылуда.

Атап айтқанда, Ургеніш қаласындағы Шовот каналының бойында «Шовот» шағын туризм зонасын және Хива қаласында «Говак көл» шағын туризм зонасын құру және оларда заманауи қонақүй кешендері, мәдени сауықтыру, сауда және турзим маңызына ие болған нысандарды құру жоспарлануда.

Қалалары. Ургеніш – облыстың әкімшілік, экономикалық және мәдени орталығы. Қалада азық-түлік өнеркәсібі маңыздылығына қарай жеңіл өнеркәсіптен кейінгі орында тұрады. Қала электр энергияны Тақиятас ЖЭС-і мен Түйемойын ГЭС-інен алады. Қаланың солтүстік бөлігінде, негізінен тұрғын үй ғимараттары, ғылыми және мәдени-ағарту мекемелері, ал онтүстік бөлігінде өндіру кәсіпорындары орналасқан. Қалада Ургеніш мемлекеттік университеті, Ташкент ақпарат технологиялары университеті және Ташкент мемлекеттік медицина академиясының филиалдары бар.

Хиуа облыстағы қоғане, ұлттық сәулеткерлік ескерткіштерге бай қала (130-сурет). Хиуа — көркем қолөнершіліктің маңызды орталығы. Бұл жерде ағаш пен тастанға өрнек салу, зергерлік, оймакерлік, кесте тігу, мыс пен қыштан бұйымдар жасаудағы таң қаларлық шеберлік ұрпақтан-ұрпаққа өтіп келеді. Хиуа – атақты өзбек математигі, астрономы және географы Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезмидің отаны болып табылады.



130-сурет. Хиуа қаласы.

1. Жібек, күріш және мал шаруашылықтары қайсы аудандарда жақсы дамыған? Мұны контурлы картада белгіле.
2. Ургеніш пен Хиуаны салыстырмалы сипаттама жаса.
3. Табиғи жағдайдың экономикаға ықпалына мысалдар келтір.



58-сабак



ҚАРАҚАЛПАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Қарақалпақстан Республикасы Өзбекстанның солтүстік-батысында орналасқан. Теміржол, автомобиль және әуе көлігінің жақсаруы, республиканың өндіріс күштерінің үздіксіз дамуына жағдай жаратты.

Қарақалпақстан өкілетті облыс ретінде 1925 жылы құрылған, 1932 жылы өкілетті республикаға айналдырылған, 1936 жылы Өзбекстан




131-сурет. Нөкістегі жүннен отау тоқу комбинаты.

Олар ғылым және ұлттық экономиканың түрлі салаларында қызмет етеді. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы саласында суарудың жаңа әдістерін зерттең жатыр.

Шаруашылығы. Қарақалпақстан Республикасы шаруашылығының негізі агроенеркесіп кешенінен құралған. Бұл жердегі суармалы диқаншылық еңбек пен қаржыны көбірек талап етеді. Соның ішінде, Әмудария сағасындағы суару каналының қазылуы су басып кетуден сақтайтын бөгеттер мен батпақтарды құргататын арықтар қазуға мәжбүр еткен. Өткен жылдары ирригация салалары қайта құрылды және кеңейтірілді. Қызметкен, Мақтаарна сияқты жаңа каналдар құрылды. Әмударияның әр екі жағасына су тасқынына қарсы бөгеттер салынды. Үлкен гидротехника құрылымы — Тақиятас гидроузелі 1973 жылы іске қосылды.

Қарақалпақстанның егін ауданының үлкен бөлігінде мақта мен бидай өсіріледі. Әмудария сағасында жонышқа мен күріш өсіру қолайлыш. Қарақалпақстан Өзбекстандағандағанда ғана емес, бәлкім Орталық



132-сурет. Қарақалпақстан Республикасы халқының ұлттық құрамы (пайыз есебінде).

Азияда тұқымдық жонышқа өсіретін ең ірі аймақ саналады. Жонышқа тұқымының Қарақалпақстан сұрыбы ең сапалы болып саналады. Дәнді дақылдарынан күріш, ақ жүгері мен жүгері көп егіледі (133-сурет).. Күріш шаруашылығының орны үлкен. Өзбекстандағы күріш аудандарының үлкен бөлігі Қарақалпақстанда орналасқан.



Ауыл шаруашылығының негізгі тармақтары: күріш шаруашылығы, мақташылық, бақша шаруашылығы, қой шаруашылығы.

Мал шаруашылығы – Қарақалпақстан Республикасы шаруашылығының маңызды саласы. Кең жайлаулар мен Әмудария сағасындағы шабындықтар мал шаруашылығының ертеден жем-шөп базасы болып келген. Малдарды бағу үшін жонышқа, жүгері және ақ жүгеріден басқа, мақта тазалау, май, сүт-май өнеркәсібі кәсіпорындарының қалдықтарынан да пайдаланылады. Шөл жайлауларында жыл бойы қаракөл қойлары бағылады. Шөлдегі шаруашылықтарда аздал түйе де бағылады. Ирі қара мал суармалы диқаншылық аймақтарында — Әмудария сағасында сүт, ет үшін бағылады.

Қарақалпақстанда құс, әсіресе су құстарын көбейту үшін кең мүмкіндік бар. Төрткөл ауданында шаруашылықтараралық құс фермасы құрылды. Жібек шаруашылығы Төрткөл мен Әмудария аудандарында дамыған. Бұл екі аудан Қарақалпақстан Республикасында жалпы жибектің негізгі бөлігін береді.


Өнеркәсібі. Қарақалпақстан өнеркәсібінің дамуында Чарджау-Қоңырат темір жолының іске косылуы маңызды рөл атқарады. Өнеркәсіптің энергетика, металл жасау, химия, құрылыш секілді тармақтары пайда бола бастады (134-сурет). Қоңыратта жылына 160 мың тонна кальцийлі сода, 150 мың тонна күйдіргіш сода, 20 мың тонна азық-түлік содасы мен 400 мың тонна ас тұзын өндіретін үлкен зауыт іске қосылды.

Азық-түлік өнеркәсібі жедел дамып отыр. Қарақалпақстанда жалпы пайдаланылатын және кейбір кәсіпорындарға тиісті электр станциялары бар. Тақиятас ЖЭС-і осылардың ең ірісі. Кәсіпорын мен халық мекенжайлары газбен қамтамасыз етілген. Тақтакөпір ауданында суды түщіландыру кондырғысы іске қосылды.

Құрылыш материалдары өнеркәсібі кірпіш,



133-сурет. Өзбекстан Республикасында Қарақалпақстанның салмағы (пайыз, 2017 жыл).



134-сурет. Қарақалпақстан Республикасы.

æk, қамыс, плита шығарады. Олар, негізінен Хожейлі, Нөкіс, Тақиятас қалалары болып табылады. Қарақалпақстандағы цемент шикізаты құрылым материалдарын шығаруды тұрақты дамытуға мүмкіндік туғызады.

Металл жасау ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және көлік қажеттіліктеріне қызмет етеді. Тақиятастағы механика зауытында жүзіп жүретін насостар жөнделеді. Бұхара газы және одан шыққан мұнай, калийлі, магнийлі тұз кендері, æk және фосфорит кендері негізінде химия өнеркәсібі дамып отыр úlkeni. Kárخana hám xalıq qonısları tiykarınan gazlestirildi. Taxtakópir rayonında suwdı dushshilandırıw qurılması iske túsirildi.



Өнеркәсітің негізгі тармақтары: электр энергетика, химия және газ-химия, құрылым материалдары, женіл, азық-түлік, ұн-жарма.

Қалалары. Республикада 12 қала бар. **Нөкіс** - Қарақалпақстан Республикасының астанасы, өнеркәсіп пен мәдениет орталығы болып саналады. («Халық мекенжайлары» тақырыбынан қалада қанша халық жасауын анықтандар).

Қала 1932 жылы шағын қыстак орнында құрылды. Географиялық орнының қолайлығынан 1939 жылы республиканың астанасы Төрткөлден Нөкіске

көшірілді. Әмударияда құрылған гидротехникалық бөген арқылы Нөкіске темір жол және автомобиль жолы салынды. Қалада полиграфия комбинаты, мотор жөндеу, кірпіш зауыттары, жеңіл өнеркәсібі және азық-түлік өнеркәсіп кәсіпорындары бар. Нөкісте бұйырда оқу орны, Қарақалпақ мемлекеттік университеті, Нөкіс мемлекеттік педагогика институты, сондай-ақ Ташкент ақпарат технологиялары университеті, Ташкент мемлекеттік аграрлық университеті, Ташкент педиатрия медицина институты және Өзбекстан мемлекеттік өнер және мәдениет институтының Нөкіс филиалдары қызмет етіп жатыр.

Тақиятас осы аттағы ЖЭС құрылышына байланысты 1952 жылы бой көтерді. Ол - энергетиктер, гидротехниктер, инженерлер және сушылар қаласы. Тақиятас маңында Әмударияға құрылған ірі гидротехникалық бөген қала шаруашылығын одан ары дамытты. Болашақта Тақиятас, негізінен құрылыш материалдарын шығаратын орталық ретінде тағы да дамиды, онда жаңа кәсіпорындар құрылады.

Мойнақ – Арал теңізі жағалауындағы бұрынғы портты қала. Арал су деңгейінің төмендеп кетуі салдарынан қала теңізден қашықтап кетті. Нәтижеде қала шаруашылығы мұлдем өзгерді.

Беруни – Әмударияның оң жағалауында орналасқан маңызды өнеркәсіп орталығы. Қала автомобиль жолы арқылы Нөкіспен байланысқан. Мақта тазалау және май зауыттары қаланың негізгі кәсіпорындары болып саналады.

1. Әмударияның екі жағалауында орналасқан Төрткөл мен Ургеніш қалалары өзара қандай байланысқанын оқу атасынан анықтандар.
2. Халықтың орналасуы мен ұлттық құрамына қандай алғышарттар әсер еткен?
3. Қарақалпақстан қалалары қандай ерекшеліктерімен бір-бірінен өзгешеленді?
4. Мемлекеттіміздің кайсы қалаларында болуды армандастың? Не үшін?
5. Нөкістен Ташкентке бару үшін кайсы облыстардан өтіледі?



59-сабак



ПРАКТИКАЛЫҚ ЖАТТЫГУ

1. Оқулықтың қосымшасындағы 1-кестенің мәліметтері негізінде Әндіжан және Науай облыстары халқының тығыздығын анықтаңдар және салыстырмалы сипаттама жасандар.

2. 8-сынып контурлы картасындағы Бұхара облысы ауыл шаруашылығы зоналарын бояндар және бидай, арпа, жүгері, сондай-ақ құс шаруашылығы мен омарташылық кең таралған аудандарды түсіндіріндер.

3. Самарқант облысында республика халқының 11,1 пайызы жасайды. Бұл облыс республикада өндіріліп жатқан дәнді-дақылдардың 17 пайызын береді. Бұл өнім облыс үшін экономикалық сала бола алады ма?

4. Экономикалық ауданды географиялық сипаттама жасаудың жоспарын дәптеріңе жаз.
5. Аумақтың мамандануын белгілейтін алғышарттарды айтып бер.
6. Мемлекеттің аумақтық еңбек бөлінісінде Ташкент пен Мырзашөл экономикалық аудандары, Фергана мен Төменгі Әмудария экономикалық аудандарының бір-біріне ұқсас және өзгешеленетін жақтарын салыстырмалы сипаттама жасандар.
7. Өнеркәсіп бойынша қайсы ауданның еңбек өнімділігі ең жоғары?
8. Қайсы ауданның ауыл шаруашылығы интенсивтік жолмен дамып жатыр?
9. Қайсы экономикалық аудан көлікпен жақсы қамтамасыз етілген?
10. Шаруашылық жүргізудің қарапайым орналасуынан күрделірек, прогрессіті орналасуға өсіп отырылуын кез келген экономикалық аудан мысалында көрсет.
11. Тұратын қалаңың (ауданының, облысының) экономикалық географиялық сипаттамасын жаса және онда шаруашылық құрамының шикізат, энергия, дайын өнімдер бойынша аумақтық өндіріс байланыстарының сызбасын, сондай-ақ табигатты қорғау және итеру шараларын баяндаңдар.



60-сабак



ПЫСЫҚТАУ ҮШІН ҚАЙТАЛАУ

1. Машина жасаудың экономиканың басқа тармақтарымен байлыныстырылығына мысалдар келтіріндер.
2. Машина жасау кешенінде тармақтар қатынасы болашақта қандай болады? Одан да жедел дамитын тармақтарды айтып беріндер.
3. Металлургия кешені экономиканың қайсы тармақтармен байлыныстырылығын география дәптеріңе сызып көрсет.
4. Өз облысында орналасқан қандай тоқымашылық кесіпорындарын білесін?
5. Ең маңызды газ бен мұнай құбырлары қай жерлерден өткенін контурлы картада белгіле.
6. Өндірістің қандай ұйымдастыруышылық түрлері бар?
7. Өндірісті орналастыру түрлеріне мысалдар келтір.
8. 8-сынып география атласының Самарқант облысы картасынан қалалардың орналасқан орнын анықта. Қалаларда қандай өнеркәсіп тармақтары бар екендігіне мән бер.
9. Өзбекстанда 1 жылда орташа өндірілетін электр энергияның 51 млрд кВ сағат бөлігі жылулық электр станциялары есебінен, 8 млрд кВ сағат бөлігі гидроэлектр станциялары тарапынан өндіріліп жатқан болса, олардың үлесі пайыздарда есептеп табыңдар.



1-қосыма

**Аймактар бойынша негізгі әлеуметтік көрсеткіштер
(2017-жыл 1-январь)**

Respublika hám wálayatlar	Ауданы (мың шаршы км)	Халық саны (мың адам есебімен)			Әкімшілік-аумақтық құрылымы		
		Бар- лығы	Қала халқы	Қыстак халқы	Аудан- дар	Қала- лар	Қала шық
Өзбекстан Республикасы	448,9	32656,7	16532,7	16 124,0	170	119	1071
Қарақалпақстан Республикасы	166,6	1 842,3	905	936,8	15	12	26
Әндіжан облысы	4,2	3 011,7	1 576	1 435,7	14	11	79
Бұхара облысы	40,3	1 870,2	698,6	1 171,6	11	11	69
Жызақ облысы	21,2	1 325,0	622,2	702,8	12	6	42
Қашқадария облысы	28,6	3 148,4	1 357,5	1 790,9	13	12	117
Науай облысы	111,0	958,0	467,6	490,4	8	6	47
Наманган облысы	7,4	2 699,6	1 743,7	955,9	11	8	115
Самарқанд облысы	16,8	3 720,1	1 390,8	2 329,3	14	11	88
Сұрхандария облысы	20,1	2 514,2	893,3	1 620,9	13	8	114
Сырдария облысы	4,3	815,9	350	465,9	8	5	25
Ташкент облысы	15,3	2 861,2	1 411,5	1 449,7	15	16	95
Ферғана облысы	6,7	3 620,2	2 049,9	1 570,3	15	9	197
Хорезм облысы	6,1	1 805,0	601,2	1 203,8	10	3	56
Ташкент қаласы	0,3	2 464,9	2 464,9	—	11	1	1


2-қосыма

**Аймактар бойынша егін майдандары құрамы
(2017 жыл жағдайында, гектар есебінде)**

Аймактар	Картошка	Мақта	Көкөністер – жалпы	Азықтық дала егіндері – жалпы	Дән
Өзбекстан Республикасы	78772	1201182	189696	52271	1655629
Қарақалпақстан Республикасы	4764	94028	11342	12297	110653
Әндіжан облысы					
Бұхара облысы	6875	89259	17762	1978	90882
Жызақ облысы	4324	106124	10355	2276	91182
Қашқадария облысы	1610	90308	8444	6879	212545
Науай облысы	6588	153394	15730	6315	256673
Наманган облысы	1966	34538	4165	1340	49819
Самарқанд облысы	5634	76348	14496	1901	92012
Сұрхандария облысы	12873	87649	29068	2524	185778
Сырдария облысы	9899	94539	14611	2788	118219
Ташкент облысы	2001	96752	4352	3280	95563
Ферғана облысы	7418	84079	25698	2899	142266
Хорезм облысы	9912	98313	20304	2181	129316
Ташкент қаласы	4881	95851	13075	5613	81021

3-қосымша

2017 жылда ЖІӨ-нің тармактары бойынша құрамы (өлшеміне қарап % -да)



МАЗМУНЫ

I ТАРАУ. ӨЗБЕКСТАННЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРНЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

1-сабақ. Кіріспе.....	3
2-сабақ. Өзбекстанның географиялық орны.....	5
3-сабақ. Өзбекстанның әкімшілік-территориялық құрылымы.....	8
4-сабақ. Элеуметтік-экономикалық карталар.....	11

II ТАРАУ. ӨЗБЕКСТАННЫҢ ТАБИҒИ БАЙЛЫҚТАРЫ, ХАЛҚЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫ

5-сабак. Өзбекстанның табиғи жағдайлары және табиғи байлықтары.....	13
6- сабақ. Табиғи жағдай мен табиғи байлықтардың ұлттық экономикадағы маңызы.....	15
7-сабақ. Өзбекстан халқы.....	18
8-сабақ. Өзбекстан халқының құрамы.....	20
9-сабақ. Халық мекенжайлары.....	22

III ТАРАУ. ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТҮЗІЛІСІ

110-сабак. Өзбекстан ұлттық экономикасының құрылымы.....	27
11-сабақ. Өнеркәсіп – ұлттық экономиканың тірек тармағы.....	30
12-сабақ. Жанармай-энергетика кешені.....	33
13-сабақ. Мұнай және газ өнеркәсібі.....	35
14-сабақ. Көмір өнеркәсібі	38
15-сабақ. Электр энергетика.....	40
16-сабақ. Химия өнеркәсібі.....	45
17-сабақ. Кара металлургия.....	48
18-сабақ. Тұсті металлургия.....	51
19-сабақ. Машина жасау және оның тармактары.....	54
20-сабақ. Автомобиль жасау өнеркәсібі.....	58
21-сабақ. Ағашты қайта өндеу өнеркәсібі.....	62
22-сабақ. Құрылыс материалдары өнеркәсібі.....	64
23-сабақ. Өнеркәсіп және экологиялық проблемалар.....	67
24-сабақ. Агроөндірістік кешен	69
25-сабақ. Ауыл шаруашылығы.....	71

26-сабак. Диқаншылық.....	73
27-сабак. Мал шаруашылығы.....	76
28-сабак. Өзбекстанда ауыл шаруашылығының географиялық тарихы.....	78
29-сабак. Женіл өнеркәсіп	80
30-сабак. Азық-түлік өнеркәсібі.....	83
31-сабак. Өнеркәсіпті аумақтық құру және орналастыру түрлері.....	86
32-сабак. Көлік географиясы.....	88
33-сабак. Өзбекстан көлігінің заманауи дамуы.....	91
34-сабак. Халыққа қызмет көрсету салалары	95
35-сабак. Өзбекстанда рекреация және туризм.....	99
36-сабак. Сыртқы экономикалық байланыстар.....	102
37-сабак. Практикалық жаттығу	105

IV БӨЛІМ. ӨЗБЕКСТАННЫҢ РЕГИОНАЛДЫҚ СИПАТТАМАСЫ

338-сабак. Өзбекстан экономикасын аумақтық ұйымдастыру.....	106
39-сабак. Ташкент экономикалық ауданы	110
40-сабак. Ташкент облысы.....	113
41-сабак. Ташкент қаласы.....	117
42-сабак. Мырзашөл экономикалық ауданы.....	121
43-сабак. Сырдария облысы.....	123
44-сабак. Жызақ облысы.....	125
45-сабак. Фергана экономикалық ауданы.....	128
46-сабак. Әндижан облысы.....	130
47-сабак. Ферғана облысы.....	132
48-сабак. Наманган облысы.....	135
49-сабак. Зарафшан экономикалық ауданы.....	138
50-сабак. Самарқанд облысы.....	140
51-сабак. Науай облысы.....	144
52-сабак. Бұхара облысы.....	148
53-сабак. Оңтүстік экономикалық аудан.....	151
54-сабак. Қашқадария облысы.....	153
55-сабак. Сұрхандария облысы.....	157
56-сабак. Төменгі Әмудария экономикалық ауданы	161
57-сабак. Хорезм облысы.....	163
58-сабак. Қарақалпакстан Республикасы.....	165
59-сабак. Практикалық жаттығу.....	169
60-сабак. Пысықтау үшін қайталау.....	170
Косямшалар.....	171

O'quv nashri

MUSAYEV PAYOZ G'IVYOSOVICH

pedagogika fanlari nomzodi, katta ilmiy xodim

MUSAYEV JAHONGIR PAYOZOVICH,
geografiya fanlari nomzodi, dotsent

GEOGRAFIYA

O'ZBEKISTONNING IQTISODIY VA IJTIMOIY GEOGRAFIYASI

Umumiy o'rta ta'lif maktablarining 9-synyp үshin sabablik
(Qozoq tilida)

Qayta ishlangan va to 'ldirilgan ekinui nashr

«Sharq» nashriyot-matbaa
aksiyadorlik kompaniyasi
Bosh tahririyati
Ташкент – 2019

Аударған *Д. Бектаева*
Редактор *З. Абдиназарова*
Көркемдеуші редактор *Б. Бобоғонов*
Техникалық редактор *Р. Нағасов*
Беттеушілер: *О. Фозилова, М. Атхамова*
Корректор *Ф. Есиркепова*

Баспа лицензиясы AI № 204, 28.08.2011

Басуға рұқсат берілді 20.07.2019. Пішімі 70x901/16. «TimesNewRoman» гарнитурасы.
Кеглі 12. Офсеттік тәсілмен басылды. Шартты баспа табагы 11,7. Есепті баспа табагы
9,0. Таралымы дана 5691. Тапсырыс № 454.

**«SHARQ» баспа-полиграфия акционерлік компаниясы баспаханасы, 100000,
Ташкент қаласы, Буюк Турон көшеси, 41.**

Жалға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының атыжөні	Оку жылы	Оқулықтың алғандағы күйі	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырылғандағы күйі	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						

Оқулық жалға берілгенде және оқу жылшының соңында қайтарып алынғанда жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемі негізінде толтырады.

Жаңа	Оқулықтың бірінші рет пайдалануға берілгендері күйі.
Жақсы	Мұқабасы бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажырал-маған. Барлық парактары бар, жыртылмаган, көшпе-ген, беттерінде жазулар мен сыйықтар жоқ.
Орташа	Мұқабасы мыжылған, едәуір сыйылып, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралуы мүмкін, пайдаланушы тарапынан қанағаттанарлы қапталған, түсіп қалған беттері қайта тігілмеген, кейбір беттеріне сыйылған.
Нашар	Мұқабасына сыйылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыралған яки түгелдей жоқ, қанағаттанарсыз қапталған. Беттері жыртылған, парактарын, оқулықты тіктең болмайды.

O'quv nashri

MUSAYEV PAYOZ G'IVYOSOVICH

pedagogika fanlari nomzodi, katta ilmiy xodim

MUSAYEV JAHONGIR PAYOZOVICH,
geografiya fanlari nomzodi, dotsent

GEOGRAFIYA

O'ZBEKISTONNING IQTISODIY VA IJTIMOIY GEOGRAFIYASI

Umumiy o'rta ta'lif maktablarining 9-synyp үshin sabaqlik
(Qozoq tilida)

Qayta ishlangan va to'ldirilgan ekinshi nashr

«Sharq» nashriyot-matbaa
aksiyadorlik kompaniyasi
Bosh tahririyati
Ташкент – 2019

Аударған *Д. Бектаева*
Редактор *З. Абдиназарова*
Көркемдеуші редактор *Б. Бобоғонов*
Техникалық редактор *Р. Нағасов*
Беттеушілер: *О. Фозилова, М. Атхамова*
Корректор *Ф. Есиркепова*

Баспа лицензиясы AI № 204, 28.08.2011

Басуға рұқсат берілді 20.07.2019. Пішімі 70x901/16. «Times New Roman» гарнитурасы.
Кеглі 12. Офсеттік тәсілмен басылды. Шартты баспа табагы 11,7. Есепті баспа табагы
9,0. Таралымы дана 599. Тапсырыс № 454-А.

**«SHARQ» баспа-полиграфия акционерлік компаниясы баспаханасы, 100000,
Ташкент қаласы, Буюк Турон көшеси, 41.**